

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

1/2011

ҚАҢТАР

## МАЗМҰНЫ

<b>Көкейтесті көзқарас</b>	
Фарида ҚАЗИЕВА.	Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері.....3
Әлия НИЕТАЛИНА.	Шығарма жоспарлары.....6
<b>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
Райхан ЕСЕТОВА.	Хабарлы сөйлем.....10
Әлмира ҚАШАУЛИЕВА.	Зат есім. Жалқы және жалпы есімдер.....14
Жанар ТҰРЫСОВА.	Еліктеу сөздер.....17
<b>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
Ерназар ҚИСАХМЕТОВ,	
Аягүл АБУҒАЛИЕВА.	Қыз Жібектің ару бейнесі.....21
Айгүл ОМАРҒАЗЫ.	Жыраулар әлемі.....25
Лена ЕЛУБАЕВА.	Шәкәрімнің «Адамдық борышың» өлеңі.....29
Ғалия САБЫР.	«Ақсақ Темір мен ақын» балладасындағы кейіпкерлер.....33
Венера БЕКСЕЙТОВА.	Қабдеш Жұмаділов. «Қозыкүрен».....35
<b>Әдебиет тарихы мен теориясы</b>	
Сәуле ЕРЖАНОВА.	Қарасөзбен жазылған өлең мәселесі.....40

	<b>Оқулыққа қосымша</b>	
<b>Гүлнар МАМАЕВА.</b>	Сөзжасамдық жұрнақтардың термин - жасамға қатысы.....	48
<b>Ғазиза ИМАНАЛИЕВА.</b>	Газет мәтіндеріндегі эмоционалды-экспрессивті құралдардың рөлі.....	57
	<b>Уақыт және әдебиет</b>	
<b>Өтеген ОРАЛБАЕВ.</b>	Нұрлан Оразалин жырларындағы отансүйгіштік рух.....	65
	<b>Сыныптан тыс тәлім</b>	
<b>Анар КЕУЛІМЖАЙ.</b>	«Әдебиет көшбасшысы».....	71
<b>Алтынай ТЕМРЕШЕВА.</b>	«Сөз тапқанға қолқа жоқ».....	76
	<b>Қызықты грамматика</b>	
<b>Гүлзада ҮСЕЙІНОВА.</b>	Санжұмбақ.....	80
<b>Әлия БҮРКІТБАЕВА.</b>	Сөз таптарын қайталау.....	82
	<b>Жас ғалым зердесі</b>	
<b>Лаура ЮСУПОВА.</b>	Шәкәрімнің «Ләйлі – Мәжнүн» дастаны.....	85
<b>Фарида ЖАПАРҚҰЛОВА.</b>	Майкөт Сандыбайұлы мен Бөлтірік Атыханұлының айтысы.....	92
	<b>Жас маманға жәрдем</b>	
<b>Айнұр НЫСАНОВА.</b>	Көркем шығарманы оқыту әдістері.....	101
<b>Жанат МАХАМБЕТОВА.</b>	Сын есімнің жасалуы.....	104
<b>Бекжан ОМАРБЕКОВ.</b>	Салтанатты «Ант қабылдау» рәсімі.....	106
<b>Назым СЫПАТАЕВА.</b>	Сын есім.....	108
	<b>Ұстаз ұсынысы</b>	
<b>Әбдіжали ЖАНИЯЗ.</b>	«Қазыбек пен Қоңтажы» аңызының тілдік-стильдік өрнектері.....	110
	<b>Ғалым ойында</b>	
<b>Рақымжан ТҰРЫСБЕК.</b>	Уақыт және әдебиет.....	117
	<b>Талаптылар талпынысы</b>	
<b>Алтын ҰСТАҒАЛИЕВА,</b>	Қазақ тіліндегі үйірлі мүшелерді	
<b>Ұлбосын МЕЛДЕБЕКОВА.</b>	талдаудың ерекшеліктері.....	130
	<b>Оңаша жыр отауы</b>	
<b>Рүстем ӨНЕРБАЕВ.</b>	Құрдастарыма, Нақыл терме.....	142

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақпырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

**Фарида ҚАЗИЕВА,**  
**Солтүстік Қазақстан облысының**  
**Ақжар ауданындағы**  
**Қарашілік негізгі мектебінің**  
**мұғалімі.**

## **ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ**

Алдымызда отырған әр оқушы – жеке тұлға. Сол әр оқушының өзіндік жеке ерекшелігін, қабілетін айыра біліп, оны әрі қарай дамыту ұзақ та үздіксіз жұмысты қажет етеді. Әр ұстаз өз жұмысының нәтижесін де көргісі келетіні сөзсіз. Бірақ сол нәтижеге қол жеткізу үшін мұғалімге де, оқушыға да шыдамдылық пен төзімділік керек.

Сапа саннан шығатыны да даусыз, дегенмен, әр сыныпта 7-8 оқушыдан ғана отырған шағын мектеп оқушыларының арасынан да қабілеттілерді табуға болады.

Қазіргідей көркем әдебиетті аз оқитын, уақытының көбін түрлі ойындармен өткізетін оқушылардың арасынан шығармашылық қабілеті бар дарынды оқушыны қалай танып білуге болады? Ол үшін не істеу керек? Қандай жұмыстар жүргізу қажет және жұмыс түрлерін қашан бастау керек? Мұндай сұрақтар әр мұғалімді де толғандырады айқын.

Менің өз тәжірибемнен байқағаным, бастауыш сыныптарды аяқтап бесіншіге енді келген оқушылардың бойында пәнге деген қызығушылық пен шығармашылық қабілет басқа сынып оқушыларына қарағанда жоғары келеді. Осы жағын ескеріп, дарынды оқушыларды іріктеп, олармен мынадай жұмыс түрлерін жүргіземін: 1) *шығармашылық бағыттағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру* (шығарма құрылысына талдау жасау, авторларына

хат жазу т.б.); 2) түрлі тақырыптарға шағын шығарма, эсселер жазу; 3) мектепте өткен түрлі іс-шаралар жайлы мақала жазу; 4) өлең шығаруға қабілетті оқушылармен жұмыс; 5) шағын шығармаларға жоспар құрғызу; 6) көркем әдебиет, газет-журнал оқуға насихаттау; 7) газет-журналдарға оқушылардың үздік жұмыстарын жіберу; 8) түрлі шығармалар мен оқулар байқауына қатыстыру; 9) пән олимпиадаларына қатыстыру.

Сынып жоғарылаған сайын жұмыс түрлері де күрделене түседі.

Негізінен жұмыстардың ең бастысы оқушылардың сөздік қорын байытып, өз ойын жүйелі түрде ауызша және жазбаша түрде жеткізе алуға үйрету деп санаймын. Бұл ретте балалармен жасөспірімдерге арналған газет-журналдарды пайдаланамын («Ұлан», «Айгөлек», «Бұқпа!» газетінің «Ақсандық» деп аталатын бөліміне арналған беті, т.б.). Әсіресе, 5-6-сынып оқушыларын осындай басылымдар арқылы көркем әдебиет оқуға баулуға болады. Кейде сабақ соңына 5-10 минут уақыт қалғанда «Ұланда» басылған әңгімелерді бастап оқып, әрі қарай не болғанын білу үшін үйде оқып келуге тапсырамын. Келесі сабақта әңгіме қалай аяқталғанын міндетті түрде сұраймын. Үйде оқымай келген кейбір оқушы бәрі жаппай сөйлеп жатқанда үндемей отырғанына ұялып, келесі жолы міндетті түрде оқуға тырысады.

Оқушылардың ата-анасымен де сөйлесіп, осы басылымға үзбей жазылуға үгіттеймін. Газетте жарияланатын түрлі тапсырмалармен бәйге жұмыстары бойынша жұмыстар жүргіземіз. Мысалы, газеттің «Қызық сауалға қызық жауап» айдарындағы Негебектің сұрақтарына жауап жазу. Еліміздің әр түпкірінен оқушылардың жазған мақала, шығармаларын оқып талқылаймыз. Оқылған шығармаларға оқушылар өз ойларын бірінші ауызша, кейін жазбаша білдіреді. Оқушыларымның төл туындылары осы басылымда және аудандық, облыстық газеттердің балаларға арналған беттерінде жарық та көріп жүр.

Осы орайда әр оқушының қабілеті мен деңгейіне сай жазба жұмыстарының мынадай түрлері жүргізіледі.

1. Газет-журнал беттері мен дидактикалық материалдардан алынған мәтіндерге өз көзқарасын, ойын білдіру.
  2. Айтылған ойға пікір қосу.
  3. Мәтіндегі оқиғаларды түрлі сарында аяқтау (қуанышты немесе аянышты).
  4. Кейіпкерлерге мінездеме беру.
  5. Оқушылардың орындаған жұмыстарын сынып болып талдап, қателерін тапқызу. Қайталанып кеткен сөздерді синонимдерімен ауыстыру.
  6. Оқушы жұмыстарының мазмұны мен көркемдігіне талдау жасау, өңдеп қайтадан жаздыру.
- Өз туындысын газет-журнал беттерінен көрген оқушының қызығушылығы мен шығармашылық қабілеті артатыны сөзсіз.
- Осындай жұмыстар жүргізу нәтижесінде айтарлықтай жетістіктерге де қол жеткіздім: оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты; білім сапасы да жоғарылады; оқушылардың шығармашылық қабілеті артып келеді; аудандық, облыстық түрлі білім бәйгелеріне қатысушылар мен жеңімпаздардың саны артты.



## ШЫҒАРМА ЖОСПАРЛАРЫ

Жақсы шығарма дұрыс құрылған жоспардан туындайды. Осы ретте тәжірибемде өзім құрып үйреткен бірнеше жоспардың үлгісін ұсынып отырмын.

### **Шәкәрім лирикасындағы әлеуметтік өмір шындығы.**

#### **Жоспар**

I. Кіріспе.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – халқының сүйсінер ұлы.

II. Негізгі бөлімі.

1. Қазақ халқының тағдыры, елдігі, болашағы – ақын лирикаларының басты нысанасы.

2. Ағартушылық идеядағы өлеңдері.

3. Еңбек тақырыбы – Шәкәрім лирикаларының басты тақырыбы.

III. Қорытынды.

Шәкәрім поэзиясының көркемдігі.

### **«Сорғалаған нөсердей жырын тыңда Дулаттың»**

*(Дулат Бабатайұлының асыл мұрасы хақында)*

#### **Жоспар**

I. Кіріспе.

Ел үмітін арқалаған күрескер ақын.

II. Негізгі бөлімі.

1. Ел қорғау, елдікті сақтау – ақын поэзиясының басты нысанасы.

2. «Еспембет» дастаны – батырлар жыры үлгісіндегі патриоттық шығарма.

3. Сыншыл бағыттағы жырлары.

4. Оқу, өнер-білім – ақын шығармаларындағы маңызды мәселе.

5. Табиғат, туған жер туралы сезімге бай сыршыл жырлар.

III. Қорытынды.

Дулат поэзиясының көркемдік ерекшелігі.

### **Жұртын сүйген жүрек**

*(Мағжан Жұмабаев лирикалары жайында)*

#### **Жоспар**

I. Кіріспе.

Мағжан – ұлттық мәдениетіміздегі биік тұлға.

II. Негізгі бөлімі.

1. Әлем поэзиясымен сусындаған Мағжан.

2. «Алаш деген елім бар, сол елімді сүйемін».

3. Мағжан – сиқыр да сұлу жырдың көсемі.

III. Қорытынды.

Мәңгілік жырдың марқасқасы.

### **Жамбыл шығармаларындағы патриотизм**

#### **Жоспар**

I. Кіріспе.

Халық поэзиясының алыбы.

II. Негізгі бөлімі.

1. Отаның – сүйікті ордаң;

2. Ақынның тарихи дастандарындағы патриотизмнің көрінісі.

3. Отанды сүю, азаматтық борыш сезімдерін жырлау – Жамбыл өлеңдеріндегі негізгі идея.

4. Қаһарлы жылдар шежіресі.

III. Қорытынды.

Жамбыл – ұлт мақтанышы.

### **Замана шындығы – шығарма шырайы**

*(Бейімбет Майлиннің әңгімелері бойынша)*

#### **Жоспар**

I. Кіріспе.

Бейімбет Майлин – парасатты прозашы.

II. Негізгі бөлімі.

1. Суреткер шығармасының негізі – шынайылық.
2. «Шұғаның белгісі» – қазақ прозасының үздік үлгісі.
3. Бейімбет Майлин әңгімелері – ауыл өмірінің көркем шежіресі.

III. Қорытынды.

Жазушы стиліне тән ерекшелік – шынайылық пен қарапайымдылық.

**Қазақтың ардақты ұлы – Ақан сері**

**Жоспар**

I. Кіріспе.

Ақан сері – ұлттық өнердің біртуар көрнекті өкілі.

II. Негізгі бөлімі.

1. Ақанның серілік өмірі.
2. Ақан – мөлдір махаббаттың, шынайы сұлулықтың жаршысы.
3. Сұлулыққа табынған сері.
4. Заман жайлы ойлары;
5. Ақынның өсиет өлеңдері – ұрпаққа өнеге.
6. Халқымен әні мұңдасқан.

III. Қорытынды.

«Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді».

**«Бақытсыз Жамал» – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман**

**Жоспар**

I. Кіріспе.

Ұлтының тағдырын ойлаған азамат.

II. Негізгі бөлімі.

1. «Бақытсыз Жамал» – қазақ романының алғашқыларының бірі.
2. Жамал мен Ғали – жандары жарасқан ғашықтар.
3. Олар – өз тағдыры үшін күреске даяр жандар.
4. Еркіндік, бақыт жолындағы күресте жеңіліс тапқан Ғали мен Жамал трагедиясы.

III. Қорытынды.

Романның маңызы мен ерекшелігі.



### Жоспар

I. Кіріспе.

Қазақ – батырын дәріптеген халық.

II. Негізгі бөлімі.

1. Исатай – көтеріліс көсемі әрі қайсар батыр.

2. Ол – абзал адамгершілік пен биік парасаттың иесі.

3. «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермеген» ер.

4. Исатай қазасы – халықтың айықпас мұңы.

III. Қорытынды.

Ер есімі ел есінде.

### Халық перзенті

(Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми қызметі жөнінде)

### Жоспар

I. Кіріспе.

Шоқан – заманының жан-жақты білгір ғалымы.

II. Негізгі бөлімі.

1. Зерек шәкірттің алғашқы қадамы.

2. Ол – батыл саяхатшы.

3. Талантты әдебиетші, зерттеуші ғалым.

4. Халық қамқорын ойлаған азамат.

III. Қорытынды.

«Құйрықты жұлдыздай жарқ етіп».



Райхан ЕСЕТОВА,  
Ақтау қаласындағы  
№23 орта мектептің  
мұғалімі.

## ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушылар хабарлы сөйлем туралы мағлұмат алады, ерекшелігіне тоқталып, жаттығулар арқылы меңгереді; **дамытушылық** – сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары, шығармашылық жұмыстары негізінде өз ойларын еркін жеткізуге бағытталады; **тәрбиелік** – ата-бабалардың аманатын алға апаратын елжанды, білімді, адамгершілігі мол ұрпақ болуға тәрбиеленеді. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** СТО, сұрақ-жауап, түсіндіру, сұхбаттасу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта (тірексызбалы плакат, «Топтастыру», «Бес жолды Синквейн», «БҮҮ», «Семантикалық карта», Қазақстан картасы, Асан қайғының Жерұйықты іздеуі және қазақтардың мекені бейнеленген суреттер). **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Оқушыларды түгелдеп, сабаққа дайындықтарын тексеру.

**Үй тапсырмасын сұрау.** Өтіп жатқан тақырыбымыздың аты (Сөйлем). Сөйлем болу үшін қандай шарттары болу керек? (Интерактивті тақтаға оқушылар жазып шығады)

Үйге берілген 15-жаттығуды талдау: а) Асан қайғы туралы; ә) мәтінді қысқаша әңгімелету; б) мәтінді дауыс ырғағымен айтқызу.

Мәтінді әңгімелеп тұрғанда бала (Асан қайғы) көрсетеді.

## Осыдан кейін қойылатын сұрақтар

а) Сұрау мағынасындағы сөйлем бар ма? ә) Көңіл-күйді білдіретін сөйлем бар ма? б) Бұйыру мағынасын білдіретін сөйлем бар ма?...

Мағыналы бір сөйлемді қорытынды ретінде жазғызу.

*Асан қайғы ел қамын ойлады (ж.ө.ш.). Асан қайғы ел қамын ойлайды (а.о.ш.). Келешекте біз ел қамын ойлаймыз (а.к.ш.).*  
(Шақтар, автордың көзқарасы)

*Асан қайғы «Бүкіл алты алаштың (қазақтың) жер-суын, қонысын көремін, бұларға жағдай тугызамын» деп көп заман өмірін далада өткізіпті. Сондай елінің қамын ойлап, оның тәуелсіздігі үшін қасықтай қаны қалғаниша күрескен, жолында құрбан болғандарды елі ешқашан ұмытпайды. Ата-бабамыздың аманат етіп кеткен сара жолын алға апаратын келешек ұрпақ – сендерсіңдер. Ендеше, сабағымыздың эпиграфын «Болашақ тұтқасы – бізге аманат» деп атап жалғастырамыз.*

### Жаңа сабақ.

- Ой сөйлеу арқылы жүзеге асады.
- Сөйлеуде әр ой дауыс ырғымен әр түрлі беріледі.
- Айтылу мақсаты мен сазына қарай сөйлем хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты болып бөлінеді.

### Сөйлем

Біршама тиянақты ойды білдіретін сөздер тобы.

Айтылу мақсатына қарай:

Түрі	Хабарлы сөйлем	Сұраулы сөйлем	Лепті сөйлем	Бұйрықты сөйлем
Ереже	Х а б а р л а у , б а я н д а у , с у р е т т е у мақсатында айтылатын сөйлем			

Тыныс белгісі	Сөйлем соңында нүкте қойылады			
Жасалу жолы				
Мысалы				

Ереже. Хабарлы сөйлем – хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылған сөйлем. Хабарлы сөйлем іс-әрекеттің болғанын, белгілі бір шақта (өткен, осы, келер шақта) жүзеге асқандығын немесе жүзеге асатындығын білдіреді. Хабарлы сөйлем бір нәрсе жайында хабарлап қана қоймайды, айтушының іс-әрекетке деген көзқарасын, ой-пікірлерін білдіреді. Хабарлы сөйлемде дауыс ырғағы бірте-бірте көтеріліп, сөйлемнің соңына қарай бәсеңдейді.

Хабарлы сөйлемнен соң нүкте (.) қойылады.

Жаттығулар орындау. 16-жаттығу. 1. Оқыту; әңгімелету; азат жолдарда неше сөйлем бар екенін табу (4 азат жол; азат жолдың ережесі. 2. Дәптерге 1 – азат жол – 5 сөйлем; 2 – азат жол – 3 сөйлем; 3 – азат жол – 2 сөйлем; 4 – азат жол – 4 сөйлем жазу. 3. Мәтін қандай тәсілмен жазылғанын хабарлау, анықтау. 4. Қызғамінездеме беру, оны «Топтастыру» стратегиясына салу.

Мәтінді қорыту үшін «Бес жолды Синквейн».

1. Зат есім: қыз. 2. Сын есім: мейірімді, еңбекқор. 3. Етістік: жатырқамайды, сыйлайды, көмектеседі. 4. Сезім күйі: Мен қыздан үлгі аламын. 5. Синоним: бойжеткен.

Міне, осындай ұл-қыздарымыз өссе, еліміз бақытты, бай болады. Мына қыз бой жетті. Кім болады екен деп ойлайсыздар? Қазір соны 17-жаттығуды орындау (1) барысында білеміз. Оны «Өзара оқу» стратегиясы арқылы жүзеге асырамыз.

а) Мәтін оқылады. ә) Бір-біріне түсіндіріледі. б) Мәтінді азат жолға бөлу (1-мәтін) 2 азат жол. в) Нүкте қойылмаған жерге ау-

ызыша қойғызу. г) Қандай тәсілмен берілген сөйлем екені ажыратылады (хаб.баян). ғ) Бас әріппен жазылған сөздерді балалар дәптерлеріне жазады, талдайды (талдау тақтада).

*Қаратау* – зат есім: -күрделі, біріккен, жалқы, деректі.

*Арыс* – зат есім: -дара, жалқы, негізгі, деректі.

Екі сөз де жер-су атаулары.

**Үйге тапсырма.** 1. 17-жаттығу (2). 2. «Қазақ жері – ежелгі адамдар мекені» (эссе).

17-жаттығу (2) бойынша «Хабар» арнасы мағлұмат береді. Бұл – біздің журналист, көршінің қызы.

Ол интерактивті тақта бойынша Қазақстан картасын пайдалана, суреттерді көрсете әңгімелейді. (Диктор – Журналист – Оператор)

Қызымыз сөйлемнің қай тәсілін қолданды?

Міне, көршінің қызы қандай жетістіктерге жетіп жатыр! Оның бойындағы асыл қасиеттерден ғибрат, үлгі алындар, яғни, өмірге құр келмей, Абай атамыз айтқандай, «Кірпіш болып қаланыңдар!». Еліміздің үміт күтетін азаматы болып өсіңдер!

Бүгінгі өткен сабағымызды қорытындылай келе БҮҮ стратегиясын ұсынамын. Әркім өз пікірін дәптеріне жазсын да айта қойсын.

<i>Білетінім</i>	<i>Үйренгенім</i>	<i>Үйренгім келеді</i>

**Қорытынды.** – Балалар, бүгін сөйлемнің айтылу мақсатына қарай төртке бөлінетінін, соның ішінде хабарлы сөйлемнің жасалу ерекшелігіне қарай хабарлай, баяндай, сипаттай айтылатынын, белгілі бір шақта тұратынын біліп, оны жаттығулармен бекіттік.

**Бағалау.**



## ЗАТ ЕСІМ. ЖАЛҚЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕСІМДЕР

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – тіл білімі саласындағы сөз таптары деген ұғым туралы, оның ішіндегі зат есімдер жөнінде мағлұмат беру, зат есім жайындағы ойларын дамыта отырып жалқы, жалпы есім туралы ұғымдарын қалыптастыру; **дамытушылық** – сөйлеу тілдері мен танымдық және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыны білімділікке, пәнге деген қызығушылығын арттыруға, ана тіліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, топтастыру, сын тұрғысынан ойлау, талдау әдістері, «Бақытты сәт» ойыны. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, тақырыпқа арналған кестелер, слайдтар, таудың макеті. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, география, музыка.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Оқушылардың сабаққа дайындығын қадағалау. Бүгінгі сабағымыз «Бақытты сәт» ойынымен және екі топқа («Ақыл», «Білім») бөлініп жүргізілетіні айтылады.

**Үй тапсырмасын сұрау.**

Әр көбелекті ашқанда артында үй тапсырмасы бойынша сұрақтар шығады. Оқушылар сол сұрақтарға жауап береді.

1. Анықтауыш, көмекші сөздер дегеніміз не? 2. Одағай сөздерге тоқтал. 3. Дара және күрделі сөздер туралы не білесің? 4. Тіркесті сөздердің емлесін айтыңыз. 5. Біріккен сөздер ережесі, мысал

келтір. 6. Кіріккен сөздер дегеніміз не? 7. Қос сөздің қандай түрлері бар? 8. Қайталама қос сөздердің жасалу жолдары қандай? 9. Қосарлама қос сөздердің құрамы қандай болады? 10. Қысқарған сөздердің емлесін түсіндір.

### Жаңа сабақ.

Өтілген тақырыпты топтастыру әдісі арқылы қайталау, жаңа сабақпен байланыстыру. «Даналық ағашы», оның үш бұтағы бар екен және бір бұтағынан тоғыз ұрпақ тарапты.



Сөз таптары деген ұғымды түсіндіре келіп, сөз таптарымен таныстыру.

- Балалар, есім деген сөздің синонимін айтыңдаршы? (Аты). Біздің бүгінгі тақырыбымыз заттардың атын білу және оны қалай білу туралы екен. Енді айналарыңа қараңдар, не көріп тұрсыңдар?.. Енді осы заттардың атын білу үшін біз оларға қандай сұрақ қоямыз? (Кім? Не? Кімдер? Нелер?).

Қазақ тілінде кім деген сұрақ тек адамға ғана қойылады екен, қазақ халқы барлық тіршілік иелерінен адамды жоғары қояды, адамды қатты құрметтейді екен, бұл – біздің тілімізге тән ерекшелік. Ондай болса заттың атын білдіретін сөздерді зат есімдер дейді екенбіз де, оны білу үшін кім, не деген сұрақтар қоямыз.

Балаларға жалқы, жалпы деген сөздердің мағынасын түсіндіру.

Таспадан Роза Римбаеваның «Әлия» әнін тыңдатып, жалқы есім екенін айту. Тақтада жазылған сөйлемге назар аудару.

### «Бас қатырғылар».

Екі топтың топ басшылары шығып, қоржыннан сұрақтар алады. Сол тапсырманы топ мүшелерімен бірге орындау керек.

**1-топ.** Төмендегі сұрақтарға мақал-мәтелмен жауап бер.

1. Ердің атағын кім сақтар?(ел) 2. Не азбайды? (ақыл) Не тозбайды? (білім) 3. Не сүйектен өтеді? (сөз) 4. Кім үйдің базары? (бала) 5. Өлеңнен жалқы, жалпы есімді тап, асты сызылған сөзге фонологиялық талдау жаса. (Бір шумақ өлең беріледі).

**2-топ.** Төмендегі сұрақтарға мақал-мәтелмен жауап бер.

1. Не тас жарады? (тіл) Не ширатады? (еңбек) 2. Кім майданда шынығады? (батыр) 3. Не көлін аңсайды? (аққу) Кім туған жерін аңсайды? (адам) 4. Туған жердей не болмас? (жер) 5. Өлеңнен жалқы, жалпы есімді тап, асты сызылған сөзге фонологиялық талдау жаса. (Бір шумақ өлең беріледі).

### «Жұмбақтас». Оқулықпен жұмыс

**118-жаттығу.** 1-топ. Облыс, аудан, зауыт, газет, ән, жылқыға қойылатын аттарды жазу. 2-топ. Қала, фабрика, су, күй, журнал, итке қойылатын аттарды жазу.

**123-жаттығу.** 1-топ. Берілген сөздерден дара зат есімдерді жазу. 2-топ. Берілген сөздерден күрделі зат есімдерді жазу.

«**Жасырынған сөз**». Сызықшаның орнына тиісті әріптерді қой.

Жасырынған сөздердің барлығы да зат есім болсын.

**1-топ**

К-к-к

к-к

-кк-

-к-

**2-топ**

-а-а-а-

-а-а-

-а-а

-а-

(Көкек, көк, әккі, үкі) (Балапан, сағат, бала, тау)

«**Сен маған, мен саған**». Топтар бір-біріне екі сұрақтан қояды



(Үй тапсырмасы).

«**Көсемдікке ұмтылу**». Берілген зат есімдерге тиісті қосымшаны қойып жазу.

*Бөлме ...кірді*

*Сабақ ...бара жатыр*

*Мектеп ...оқиды*

*Қонақ ...сөйлес*

*Бала ...добы*

*Қымыз ...ішті*

*Үй ...келе жатыр*

*Кино ...отыр*

*Көрші ...баласы*

*Бай ...айтты*

### Қорытындылау бөлімі.

Не { білемін?  
білдім?  
білгім келеді?

**Үй тапсырмасы:** 120-жаттығу.



**Жанар ТҰРЫСОВА,**  
«Алғабас ауылындағы орта мектеп  
пен мектепке дейінгі шағын орталық»  
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,  
Қарасай ауданы.

## ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға еліктеу сөз жайында алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, еліктеу сөздер деп аталатын атаудың мәнін түсіндіру; *тәрбиелік* – оқушыларды адамгершілікке, әсемдікке, туған халқының салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу және ұмытылып бара жатқан әдет-

ғұрыптарды бойларына сіңіру; **оамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыратын ойын түрлері мен сұрақтарды пайдалану арқылы ойын дұрыс жеткізуге, сауатты жаза білуге үйрету. **Типі:** аралас сабақ. **Түрі:** ойын сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру, мәтінмен ауызша, жазбаша жұмыстар. **Көрнекілігі:** қыран құстардың, ботаның суреттері, сұрақтар мен тапсырмалар жазылған қоян, тұлкілердің суреті, үкі қыстырылған үлестірме қағаздар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, халықтық педагогика.

### **Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру:** Сәлемдесуі, оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

#### **Үй тапсырмасын сұрау.**

**1. “Бүркітші” ойыны** арқылы өтілген тақырыптарды қайталау.

Тақтаға екі бүркіттің суреті ілінеді. Мұғалім сыныпты екі топқа бөліп, оларға “Қарашолақ”, “Жанбауыр” деген бүркіттердің атын береді. “Қай бүркіт алғыр, қай топтың балаларының бүркіті анды көп аулайды екен?” деп балаларды жарыстырады. Бүркіт қай аңға қонса, сол сұраққа жауап беру керек. Егер жауап бере алмаса, келесі топтың жауап беруіне болады.

#### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

**№1.** 1. Деректі және дерексіз зат есімдер туралы не білесің?

2. Абай өлеңіндегі зат есімдерді табыңыз.

*Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,*

*Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.*

**№2.** 1. *Қандай, қай* деген сұрақтар қай сөз табының сұрақтары?

2. Берілген өлең шумағынан сын есімдерді табыңыз.

Ақшоқыға қарап тұрып, Абай:

*- Желсіз түнде – жарық ай,*

*Сәулесі суда дірілдеп.*

*Ауылдың жаны – терең сай,*

*Тасыған өзен гүрілдеп,* - деп әндеткен.

**№3.** 1. Сан есімнің мағыналық түрлерін атап бер.

2. Абай өлеңіндегі сан есімдерді тауып, мағыналық түріне

ажыратыңыз.

*Атадан алтау, анадан төртеу*

*Жалғыздық көрер жерім жоқ.*

№4. 1. Есімдіктер мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

2. Абай өлеңдеріндегі есімдіктерді тауып, мағыналық түріне ажырат.

*Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,*

*Оның тәтті оралған мәні оятар.*

*Бір ғылымнан басқаның*

*Бәрі де кесел асқанға...*

№5. 1. Болымсыз етістіктің жұрнақтарын ата.

2. Өлең жолдарындағы етістіктерді табыңыз.

*Ғылым таппай мақтанба,*

*Орын таппай баптанба,*

*Құмарланып шаттанба,*

*Ойнап босқа күлуге...*

№6. 1. *Бүгін, былтыр, ертең, кешке* деген үстеулерге сұрақ қой, мағыналық түріне ажырат.

2. Абайдың өлең жолдарындағы үстеулерді тауып, мағыналық, құрамдық түріне ажырат.

*Жоғары-төмен үйрек-қаз*

*Ұшып тұрса сымпылдап...*

**Жаңа тақырыпты түсіндіру.** (Оқулықтың 155-бетіндегі теориялық мәлімет пайдаланылды).

**Бекіту.**

**а) “Ботаға үкі тағу ойыны”.** - Балалар, мен бір жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көріңдерші:

*Иіліп тұр мойыны,*

*Қанбайды екен ойыны.*

*Тостағандай көзі,*

*Әдемі екен өзі.*

Түйе төлдеген кезде ботасына көз тимес үшін үкі тағып, ешкімге көрсетпей қоятын болған. Мынау тақтадағы бота – бәріміздің бота-

мыз. Кәне, біздің ботамызға көз тимес үшін үкі тағып қояйық. Ол үшін 297-жаттығуды орындайық. Мынау үлестірмелі қағаздарда осы жаттығудағы сөйлемдер берілген. Сөйлемдерден еліктеу сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын көрсетіңдер. Кім тапсырманы дұрыс орындаса, ботасына үкі тағады, оның ботасына көз тимей, жақсы өседі.

а) **“Сыңарын тап” ойыны.** Мұғалім еліктеу сөз жазылған кәртішкені кімге көрсетсе, сол оқушы еліктеу сөздердің сыңарын тауып айту керек.

б) **“Парашютистерді қондыру”.** Кімде-кім мына парашюттің артындағы жұмбақтардың жауабын дұрыс шешіп, құрамынан еліктеу сөздерді тапса, сол бала мықты парашютшы әрі аман-есен жерге қонған болады.

### **Жұмбақтар**

*Көк көйлекті жеңешем*

*Көлбең-көлбең етеді.*

*Желмен ұшып кетеді,*

*Жер түбіне жетеді. (HILL)*

*Жылт-жылт еткен,*

*Жырадан өткен. (LO)*

*Аяғы біреу, қолы жоқ,*

*Шиыр-шиыр жолы көп. (шамагек)*

*Жылқыда өрен жүйрік қара арғымақ,*

*Мойыны жануардың бунақ-бунақ.*

*Айылын екі жерден мықтап тартып,*

*Кетеді қамшы бассаң зулап-зулап. (BICHOBY)*

в) **“Сөйлем құра” ойыны.** Мұғалім еліктеу сөз жазылған кәртішкені кімге көрсетсе, сол оқушы сөйлем құрайды.

г) **Плакаттағы суретке қарап еліктеу сөздер айту.**

*Сабақ сұрақ-жауап әдісі арқылы қорытыланды.*

**Үйге тапсырма:** “Дене шынықтыру сабағында” деген тақырыпқа еліктеу сөздерді қатыстырып мәтін құрап келу.



Ерназар ҚИСАХМЕТОВ,

Аягүл АБУҒАЛИЕВА,

Құрманғазы Сағырбаев атындағы

жалпы орта білім беретін

мектеп-балабақшасының мұғалімдері.

Батыс Қазақстан облысы,

Бөкей ордасы ауданы.

## ҚЫЗ ЖІБЕКТИҢ АРУ БЕЙНЕСІ

(9-сынып)

**Сабақ мақсаты:** білімдік – тақырыбын терең талдап, идеясын жан-жақты айқындау; портрет, шендестіру, риторикалық сұрақ, т.б. көркемдеуіш құралдарды тауып әдебиет теориясынан білімін тереңдету; **дамытушылық** – оқушылардың әдеби тілде сөйлеу мәдениетін дамыту, өзіндік пікірлерін ортаға салу, талдай білу дағдыларын жетілдіру, сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін қалыптастыру; **тәрбиелік** – әдемілікті, әсемдікті бағалай білуге баулу, танымдық көкжиегін кеңейту, талғампаздық қасиетке, пікірсайыс мәдениетіне тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, «Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы», “Қыз Жібек” фильмінен үзінді, Төлеген, Жібек суреттері, табиғат суреттері. **Түрі:** кіріккен сабақ. **Пәнаралық байланыс:** өзін-өзі тану, музыка, бейнелеу өнері.

**Сабақ барысы.**

**Ұйымдастыру.**

«Шаттық шеңбері»

«Мен қазақ қыздарына қайран қалам» әнін орындау.

**Негізгі бөлім.**

«Жаңа ақпарат.»

Халық жадында мәңгі сақталған арулар – Ақжүніс, Баян сұлу, Құртқа, Жібек, т.б. «Шаттық шеңберіндегі» әнде айтылған ару қыздарға тән қасиеттер осы жыр кейіпкерлерінің бойынан табылады. Жан-дүниесі аппақ мақтадай ару қыздар азаматтарымыздың рухани серігі бола білген. Мұның өзі – ішкі жан-дүниенің табиғи сұлулығы. Ал «Қабуснамада» әсемдік әлемін былай суреттейді: «Ей, перзентім! Адамның табиғи сұлулығы (сыпайы, биязы мінезі) болмаса, ғашық бола алмайды. Өйткені махаббат дегеннің өзі табиғи сұлулыққа байланысты екені даусыз».

Мұхтар Мағауин пікірінше, «Әлемдегі ең сұлу қыз – қазақ қызы...» Бұл сөздер ән жолдарындағы «Бәрін айт, бірін айт та, лайықсың, Қазақтың қызы деген ғажап атқа» деген бейнелі бағамен үндесіп тұрғандай. «Әлемді әсемдік құтқарады» деген Ф.Достоевскийдің қанатты сөзі әдемілік жөніндегі түсініктің адамзатқа ортақ екенін көрсетеді. «Сұлу сұлу емес, сүйген – сұлу» халық даналығы ішкі жан-дүниенің рухани үндесімі ғана сұлулық сипатын шырайландыратындығын танытады. «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің ару бейнесі осындай көрікті ойларға жетелейді.

### **«Ойланайық, пікірлесейік».**

1. «Ару» деп қандай жанды атаймыз? 2. «Қыз Жібек» жыры – қай ғасыр туындысы? 3. Оқиға қай жерде өтеді? 4. Табиғат суреттерінен сұлулық туралы ойбөлісу /«Өзін-өзі тану» пәні/.

### **Сурет бойынша қорытынды ой**

1. Тәкаппар тау бейнесі Жібектің өршіл мінезін танытқандай. 2. Күннің қызыл шапақ сәулесі – «Ақ бетінің қызылы ақ тауықтың қанындай» /үндесім/. 3. Бұлақтың сылдыры Жібектің сыңғырымен үндескендей. 4. «Гүл өссе – жердің көркі, Қыз өссе – елдің көркі»

### **Тапсырмалар**

#### **1. Қыз Жібектің анасының сипаты:**

*... Ақ маңдайы жарқылдап,  
Танадай көзі жалтылдап,  
Алтынды кебіс сартылдап,*

*Көшті тартып барады*

*Жібекті тапқан шешесі.*

Осы жолдармен үндесетін халық даналығы.

*«Аяғын көріп, асын іш;*

*Анасын көріп, қызын ал»*

## **2. Қыз Жібек сипаты:**

*... Қыз Жібектің ақтығы*

*Наурыздың ақша қарындай.*

*Ақ бетінің қызылы*

*Ақ тауықтың қанындай.*

## **Ақжүніс сипаты:**

*Қара жерге қар жауар,*

*Қарды көр де етім көр.*

*Қар үстіне қан тамар,*


*Қанды көр де бетім көр.*

**Әдебиет теориясы. Шендестіру.**

**Венн диаграммасы.**

**Ақжүніс**

**Жібек**



## **3. Жібектің болашақты болжауын Құртқа бейнесімен байланыстыру.**

Қыз Жібектің түс көруі, Төлегеннің жай-күйін сұрап білуі, болашағынан қауіптеніп сақтануы. Құртқаның кішкентай құлынды баптап өсіруі, Тайбурылдың қырық үш күндік кемдігін танып білуі, Қобыландыны қауіптен сақтандыруы.

## **4. Қыз Жібектің инабаты, ибасы, жан сұлулығы.**

Шеге мен Сансызбайдың алдында иіліп сәлем беруі /Жырдан үзінді келтіру/.

## **5. Ұлттық дәстүрді ұлықтаушы Жібек бейнесі бүгінгіге үлгі ме? Жібек бейнесіне топтастыру жасау.**

## 6. Семантикалық карта

№	Кімдер	Ақжүніс	Баян	Жібек
1.	...Қара жерге қар жауар, Қарды көр де етім көр.			
2.	... Ақ бетінің қызылы Ақ тауықтың қанындай.			
3.	Аппақ көрік маңдайлы, қылығы наз. Малың түгіл б а с ы ң д ы берсең де аз.			

## 7. Әсемдік менің жанымды ... бөлейді.

### Үйге тапсырма.

1. Жібек бейнесі /жырдан үзінді жаттау/.
2. «Қыздарға әсемдік жарасады» (ойтолғау).
3. «Қазақстан аруы», «Қазақстан ханымы» тақырыбында деректер жинау.





## ЖЫРАУЛАР ӘЛЕМІ

*(Сыныптан тыс оқыған шығармалар, 10-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** 1) жыраулар әлемін меңгерту, сөз өнерінің ғылыми негізін аңғарту; 2) танымдық, логикалық қабілетті ояту, ұлттық құндылықтарды бағалау; 3) аманат жайлы өзекті ой дамыту, дана, дара тұлғаны қалыптастыру. **Түрі:** поэзия сабағы. **Әдісі:** мақсат қоя оқыту технологиясы. **Пәнаралық байланыс:** тарих, педагогика, психология, философия. **Көрнекілігі:** электронды оқулық, «Ұлы дала ойшылдары», «Бес ғасыр жырлайды» (I-II том).


**Сабақ барысы.** Құтты ой.  
Құтты сөз.  
Құтты іс ...

**Ұйымдастыру кезеңі.**


**Мақсат қоя оқыту технологиясы бойынша сабақты жүргізу.**

XV – XVIII ғасырлар әдебиетінің негізгі салмағын көтерген жыраулар болды. Олардың әдеби жанры толғау еді. Толғауда жырау өзінің өмірі, болмысы жайлы ойларын, замана жайлы түйгендерін айтып, белгілі оқиғаларға көзқарасын білдіреді.

Шалкиіздің ұлылығын, Доспамбеттің ірілігін тану үшін ұлы болу шарт емес, таза түйсік, иман, ар-ұят қажет-ақ. Жыраулар әлемі – ұлттың уызы, биік санасы мен көркем ойдың, елдігіміздің көрінісі. Олар пайғамбардың «Иман жаны – ұят» деген хадисін санаға құйды, ұрпақты тәрбиеледі.



**1. Түсіну:** Бағынышты болғанша басым кетсін...



**2. Қолдану:** Сұғанақ болып ұмтылма, сыбағаң болса тұрып ал...


Жет → жетпек → жетекші жолдардан өтті.

7 жас → 12 жас → 18 жас → 24 жас → 30 жас


**3. Анализ:** Қайсы бірін айтайын, қазақтың ұлы қамалды...

**4. Синтез:** Атасы топқа кірмеген сөзге салмас құлағын...

## Ұлағат



## АҚЫЛ



5. Мұны да білген жөн. Жырауларды зерттеушілер:





*Мұхтар Мағауин Мұхтар Әуезов Сәбит Мұқанов*




*В.Радлов Темірғали Нұртазин Әуелбек Қоңыратбаев*

**Сабақты пысықтау.**

*Таным*

 <p><i>Екі шоғым</i></p>	 <p><i>Төрт шоғым</i></p>
 <p><i>Алты шоғым</i></p>	 <p><i>Сегіз шоғым</i></p>

Шоғым таңба (құндылық) – бір нүктеде қиылысатын сызықтардан құрылған геометриялық пішін. Шеңбер ішінде орналасқан күйінде де кескінделе алады.



Шоғым таңба (құндылық) – бір нүктеде қиылысатын сызықтардан құрылған геометриялық пішін. Ол тоғысу нүктесінен және бірнеше (екеу, төртеу, алтау, сегіз, т.б.) сызықтан тұрады.

**Сабақты қорыту.** Жырау – әрі дара, әрі дана, әрі ақын, әрі абыз, әрі шешен, әрі көсем, әрі ойшыл, әрі батыр болатын!

Жырауларды білу бізге нені ашып береді?

Құндылықты білу дегеніміз – барлық нәрсенің пайда болу құпиясына жақындау дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, адам барлығының қандай жолмен пайда болғандығын біліп қана қоймайды, ол барлығы ғайып болған уақытта да оларды қандай жолмен тудыруға болатындығын біле алмақ.

Құндылық дегеніміз – жыраулар әлемі.

**Үйге тапсырма:** «Иман жаны – ұят» (ойтолғау).



# ШӘКӘРІМНІҢ «АДАМДЫҚ БОРЫШЫҢ» ӨЛЕҢІ

(6-сынып)

**Сабақ мақсаты: білімділік** – Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы туралы білім беру, өлеңдерінің идеясын ашу, өлеңді нақышына келтіре отырып негізгі түйінін табу; **дамытушылық** – оқушылардың қоғамға деген өзіндік көзқарасының қалыптасуына ықпал ету, тіл байлықтарын дамыту, ізденіске баулу; **тәрбиелік** – өлең арқылы оқушылар бойында жауапкершілік сезімін ояту, адамгершілікке, азаматтыққа, ішкі рухани тазалыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа материалды игерту.

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, пікірлесу, талқылау, топтастыру.

**Көрнекілік:** Шәкірім портреті, шығармалар жинағы, кестелер, слайдтар

**Сабақ барысы.**


**Ұйымдастыру.** Оқушылар назарын сабаққа аудару. Оқушылардың оқу-құралдарын тексеру.

**Үй тапсырмасын сұрау.**

**Жаңа сабақ.**

**Кіріспе бөлім.**

## Топтастыру: Шәкәрім жайлы не білеміз?



Толстойдың шәкіртімін *1931 жылы қазаға*  
деп есептеген. *ұшыраған.*

### «Адамдық борышын» өлеңін мәнерлеп оқыту.

Өлең мазмұны жайлы оқушылардың ой-пікірін тыңдау.

### Өлеңді талдау сұрақтары:

1. «Адамдық борышын» дегенді қалай түсінесің?
2. Өздеріңді кімдердің алдында борыштымын деп есептейсіңдер?

3. «Ақ жолдан айнамай ар сақта» деген өлең жолдары арқылы автор не айтпақ болған?

4. Ақын шын бақыт деп нені көрсетеді?

**Өлең мәтініндегі ақын айтқан адамдық борыш түрлерін тауып, дәптерге жазу.**

Халқыңа адал бол, ақ жолдан тайма, ар сақта, білім мен өнер үйрен, мақтанға салынба, нәпсіңе билетпе, жол көрсет, ғибрат алар із қалдыр.

Әр сөздің мазмұнына жеке тоқталып, оқушыларға мазмұнын аштыру.

### Сөздік жұмыс

1. *Мансап* – атақ, даңқ.
2. *Нәпсі* – тойымсыздық, көрсеқызырлық.
3. *Тұл* – жалғыз, ескерусіз қалу.
4. *Сапн қылу* – жанымен беріле орындау.

Абай мен Шәкәрім туыстығына тоқталып, Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы үндестік жайлы айту.

- Тақырыбы жағынан, идеясы жағынан Шәкәрімнің «Адамдық

борышың» өлеңі Абайдың сендер білетін қай өлеңдеріне ұқсайды?

- «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдеріне.

Өлеңді білетін оқушыларға жатқа оқытып, өлең сөздеріне талдау жасату.

- Осы өлеңдері арқылы Абай мен Шәкәрім жұртты қандай қасиеттерге үндейді?

- Адамгершілікке, халыққа қызмет етуге, өнер-білім үйренуге, арлы болуға, т.б.

- Адам бойындағы қандай қасиеттерді бағалайсындар?

### Кестемен жұмыс

<b>Абай Құнанбайұлы</b>	<b>Шәкәрім Құдайбердіұлы</b>
<b>«Әсемпаз болма әрнеге»</b>	<b>«Адамдық борышың»</b>
Пайданы көрсең бас ұрып, Мақтанды іздеп қайғы алма.	Мақтанға салынба Мансаптың тағы үшін.
Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар, қалан!	Жоба тап, Жол көрсет Келешек қамы үшін!
Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға.	Ғибрат алар артыңда із қалдырсаң, Шын бақыт – Осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің.
Өзінде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден.	Ақ жолдан айнымай Ар сақта, оны біл.

Мініңді ұрлап  
жасырып,  
Майданға түспей бәйге  
алма.

Білімсіз, Өнерсіз,  
Болады ақын – тұл.

**Өлең құрылысына талдау жасау:** шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас түрлерін табу.

**Топқа тапсырма. Шығарма жазу**

**I топ:** «Ақ жолдан айнымай Ар сақта, оны біл.»

**II топ:** «Мақтанға салынба Мансаптың тағы үшін.»

**III топ:** «Жоба тап, жол көрсет Келешек қамы үшін!»

**Сабақты қорытындылау сұрақтары:**

1. Шәкәрім қай жылы қай жерде өмірге келді?
2. Оның қандай шығармаларын білесіңдер?
3. Ол кімнің тәрбиесінде болды?
4. Шәкәрім өзін кімнің шәкіртімін деп есептеді?
5. «Адамдық борышың» өлеңінің тақырыбы не жайында?
6. Ол сендерді қандай қасиеттерге тәрбиелейді?

**Оқушылар білімін бағалау.**

**Үйге:** Шәкәрімнің «Адамдық борышың» өлеңін жаттау, «Менің борышым» тақырыбында эссе жазу.





# “АҚСАҚ ТЕМІР МЕН АҚЫН” БАЛЛАДАСЫНДАҒЫ КЕЙІПкерлер

**Сабақтың мақсаты:** 1) әңгіме мазмұны арқылы кейіпкерлер бейнесін талдау, іс-әрекеті арқылы оларға баға беру; 2) оқушының тақырыпқа қызығушылығын ояту, ізденіс жұмыстарын арқылы логикалық қабілеттерін дамыту, өмірге көзқарастарын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін шыңдау; 3) оқушыларды ұлтжандыққа тәрбиелеу. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** СТО стратегиясы. **Пәнаралық байланыс:** тарих, бейнелеу өнері. **Пайдаланылған әдебиеттер:** интернет материалдары, дүние жүзі тарихы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, кестелер, суреттер.

## Сабақтың барысы.

### 1. Ұйымдастыру.

**2. Үй тапсырмасы:** а) Ақын әрі жазушы Қалижан Бекхожиннің өмірі. ә) “Ақсақ Темір мен ақын” балладасын мазмұндау.

Оқушыларды екі топқа бөліп отырғызу.

### I. Қызығушылықты ояту. “Ой ашар” сұрақтары.

1. Қалижан Бекхожин өмірі мен шығармашылығы туралы кім айтады?

### Топтық тапсырма.

**I топ.** 1) Қалижан Бекхожин шығармасының басты кейіпкері Ақсақ Темір жөнінде не білесіңдер?

**II топ.** 2) Хафиз ақын туралы не білесіңдер?

– Сіздер оқулықтан тыс қызықты мәліметтер әкелген

екенсіздер. Ал енді бәріміз назарымызды мына суретке аударайық. Осы суретке қарап, ой елегінен өткізіп, бір сәт ойланып көрейікші. Ойымыз бізді қайда жетелейді?..

– Осы сурет пен баллада мазмұнының арасында қандай байланыс бар?..

– Иә, бұл суретте сонау Орта ғасырдағы Әмір Темірдің елді жаулап алу кезіндегі қырғын соғыс, қатыгездік бейнеленген. Жаугершілік соғыста ешқандай аяушылық болған емес.

## II. Мағынаны тану.

<i>Әңгіменің негізгі оқиғасы</i>	<i>Кейіпкерлер тағдыры (Ол қандай адам?)</i>	<i>Жазушы қолданған тәсіл</i>

## III. INSERT картасы

<i>V “Нені білемін?”</i>	<i>- “Мен үшін түсініксіз”</i>	<i>+ “Мен үшін жаңалық”</i>	<i>? “Мені таң қалдырады”</i>

**IV. Салыстыр.** Ақсақ Темір мен Хафизді салыстыр (Венн диаграммасы).

**V. Қолдан.** Ақын Ақсақ Темірдің бейнесін ашуда қандай бейнелі сөздерді қолданған? Оқулықпен жұмыс.

- Дүние жүзін қан сасытып, қатыгездігімен аты шыққан әміршінің Хафизге келгенде рақымшылық жасауының (басын шаппай) себебі неде деп ойлайсындар?

- Хафиз Темірден қорықты ма?

- Әміршінің алдына келген Хафизді ел қалай қарсы алды?

- Өзінің бағасын сұраған Темірге Хафиз қандай баға берді?

Иә, балалар, Ақсақ Темір қандай қатыгез болса да, өзінің өлеңдерімен, гөзелдерімен тыңдаушысын тамсандырған Хафиз сынды ақындар ешқашан да қылыштың жүзінен қорықпақ емес.

## VI. Толғаныс: РАФТ стратегиясы

### I топ

*Рөл* – Ақсақ Темір. *Аудитория* – халық. *Форма* – үндеу. *Тақырып*

– “Өнерді құрметтендер!”

## II топ

*Рөл* – Хафиз. *Аудитория* – Ақсақ Темір. *Форма* – Өтініш, тілек.

*Тақырып* – “Біз жырлаймыз!”

– Балалар, балладаға арқау болған негізгі тақырып не екен?

Кейіпкерлерге қысқаша мінездеме бер.

**Темір** – діни сауатты, араб-парсы тілдерін және әскери ілімдерді жетік білген білікті қолбасшы.

**Хафиз** – өзінің керемет өлеңдерімен күллі әлемді тамсандырған, діни сауатты, өжет ақын.

**VII. Қорытынды:** Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,

Бойыңа өлшеп сөйлесең нең құрайды?

Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,

Өз бағыңды өзіңнен кім сұрайды?! – деген өлеңмен сабағымызды аяқтаймыз.

**VIII. Үйге тапсырма.** “Темірді тізе бүктірген алып күш” (ойтолғау жазу).



**Венера БЕКСЕЙТОВА,**  
Батыс Қазақстан облысының  
Тасқала ауданындағы  
Амангелді орта мектеп-балабақшасының  
мұғалімі.

## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ. «ҚОЗЫКҮРЕҢ»

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) өтілген тақырып бойынша алған білімдерін жинақтап бекіту; 2) оқушыларды адал достыққа,

сыйластыққа, мәрттікке тәрбиелеу, бауырластыққа баулу; 3) ой-өрісін, тіл байлығын дамыту, ұтқырлыққа баулу. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру. **Түрі:** бекіту сабағы. **Көрнекілігі:** слайд, плакат, көрініс.

**Сабақ барысы.**

**Ұйымдастыру.**

**Өткенді қайталау.** – Балалар, сендер өткен сабақта майталман жазушымыз Қабдеш Жұмаділовтің «Сәйгүліктер» повесінен «Қозыкүрең» атты үзіндіні оқыдыңдар. Бүгінгі сабақта білімдерімізді жинақтаймыз, талдаймыз, қорытындылаймыз, яғни, мен сендерді бірнеше сыннан өткізгім келіп тұр.

Біздің сабағымыздың эпиграфы – жерлес ақынымыз Э.Шыңғалидың «Туған жер» атты өлеңінің бір шумағы:

*Туған жер, келдім, міне, тағы саған,*

*Өзіңе құштарым бар арындаған.*

*Туған жер, сүйем сені, алтын бесік,*

*Жанымды жадыратты желің есіп...*

Бұл эпиграфқа сабақтың соңында қайтадан ораламыз. Ал қазір жылқы малына байланысты мақалдарды жазайық.

I. Топтастыру әдісі.

- Мен «Жылқы – малдың патшасы» деп ортаға жазып қойдым, ал әрі қарай сендер осы мақалдың жан-жағына өз мақалдарыңды жазасыздар.



## II. Жылқы туралы қысқа мәтін.

Жылқы – қазақтың ең қадірлі малы. Ол ең алдымен көлік ретінде, сосын бал татыған қымызымен, дәмді етімен құнды. Жылқы терісі – киім болумен бірге, жүген, ноқта, қамшы, шідер, ер-тұрман, т.б. ат әбзелдері жасалатын құнды шикізат. Қазақ халқы «Жылқы – малдың патшасы» деп аса жоғары бағалайды.

- Тек қазақ халқы ма екен жылқыны аса жоғары бағалайтын?

- Жоқ, қырғыз халқы да. Біз оны «Қозыкүрең» әңгімесінен білдік.

- Ендеше, әрі қарай осы әңгіме бойынша жұмыстанайық. Қазір біздер бірнеше тапсырма орындаймыз. Әр тапсырманың өз аты бар, ол аттар жылқы атауына қатысты қойылған, яғни, жылқы малы қандай жүйрік, жылдам болса - сендер де сондай қабілеттеріңді көрсетуге тиіссіңдер. Бірінші тапсырмамыз «Бәйге» деп аталады. «Бәйге» дегеніміз не? Ол – ат жарысы. Олай болса, мен сендерге сұрақтар қоямын, қолын бірінші көтерген оқушы жауап береді.

1. Әңгімедегі қырғыз-қазақ достығының үлгісін көрсететін кімдер? (Ералы, Жұмақан, Төреқұл, Ағыбай)

2. Әңгімедегі тағы басқа кейіпкерлерді атаңдар?

3. Ералы мен Жұмақанды жақындастырып жіберген қандай оқиға? (ашаршылық)

4. Әңгімеде айтылатын ашаршылық қазақ елінің басынан қай жылдары өткен?

5. Ағыбайлардың Төреқұл ауылына аса салтанатпен бару себебі не?

6. «Қозыкүрең» оқиғасын әңгімелеп отырған кімдер?

7. «Қозыкүрең» оқиғасы қай жылдары болған?

8. Саяқбай Қозыкүреңнің қашуға дайындалып жүргенін қандай әрекеттерінен байқады?

9. Қанша уақыттан кейін Қозыкүрең туған жеріне оралды? (1 айдан кейін)

10. Жатып қалған Қозыкүреңді тұрғызу үшін Саяқбай қандай емдік шаралар қолданды?

11. Саяқбайдың жануарды арулап көмуін қалай түсінуге болады?

III. Келесі тапсырма «Көкпар» деп аталады. «Көкпар» – қазақтың ұлттық ойыны. Ал, сендер, балалар, әңгімеде берілген мақал-мәтелдерді тауып, неше мақал берілгенін айтып, оқып шығып, мағынасын түсіндіріңдер. (3 мақал: 1) Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес. 2) Жиеннің назары қатты болады. 3) Берген жомарт емес, алған – жомарт).

IV. Ендігі тапсырма «Жорға» деп аталады. Жорға – жылқының төрт аяғын тең басып жайлы жүретін түрі.

Әңгімеден сөйлемдер алынды. Сөйлем ішіндегі бір сөз қарамен ерекше бөлініп жазылған. Сол сөзді оқып, екі тілге (орыс және ағылшын) аудару керек:

1. Жайлаудағы жұрттың барып келетіні **екі** қырдың асты. (два, two - т·у)

2. Төрекұл – Ағыбайдың сыйлайтын **адам**ы. (человек, man – мэн)

3. Төрекұлдың өзін былай қойғанда, әкелері – қияметтік **дос**. (друг, friend – фрейнд)

4. Ыстықкөл сонау биік **тау**лардың арасында. (гора, mouth – моус)

5. Жаңағы бурыл мұртты, қысық **көз** кісі де алақанын көлегейлеп, күн салып қарады. (глаза, еіг – эйе)

6. – **Жануар**ым-ай, аман-есен келген екенсің ғой! (животное, animal – энимал)

V. Бұл әңгіменің соңғы бөлімінде екі достың (Ағыбай мен Төрекұл) диалогы берілген.

– Осы бөлімді көрініс ретінде тамашалайық, балалар. (Көрініс)

– Мінеки, екі достың әңгімесіне куә болдық. Екі дос болғанда да, екі ұлттың ата-бабаларынан жалғасып келе жатқан достығы. Келісесіңдер ғой, балалар? Онда диаграмма арқылы қазақ пен қырғызды салыстырып, олардың өзгеше және ортақ қасиеттерін табайық (Әңгімеге сүйеніп, Ержан – суретшінің көзімен).

– Міне, балалар, өзгеше қасиеттеріне қарағанда, ортақ қасиеттері көптеу. Сондықтан да достығы, сыйластығы, құрметі бір-біріне ерекше.

VI. – Балалар, сабақтың басында мен сендерге айттым «Сабағымыздың соңында эпиграфқа қайта ораламыз» деп. Бұл өлең жолдары не туралы?

- Туған жер.

- Ал, бүгінгі әңгімемізге туған жердің қандай қатысы бар?..

Сабақ бойы жылқы туралы, қазақ пен қырғыз арасындағы достық туралы айттық.

Ойыңызды 5 минуттық эссемен дәлелдеңдер.

- Иә, балалар, мен сендермен келісемін. Туған жерден, туған елден ыстық, артық еш нәрсе жоқ. Адам баласынан бастап жануар, құс атаулыға дейін туып-өскен жерінен қымбат жер жоқ. Отанымызға әрқашан адал, жанашыр болайық.

VII. Үйге тапсырма: «Мен де бір перзентімін туған жердің» деген тақырыпқа шығарма жазып келу.



Сәуле ЕРЖАНОВА,  
Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық  
университетінің доценті, ф.ғ.к.

## ҚАРАСӨЗБЕН ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢ МӘСЕЛЕСІ

Еуропалық әдебиет үшін қарасөзбен жазылған өлең жанры үйреншікті машыққа айналған. Мұнда мазмұндық артықшылыққа ерекше мән беріледі, сондай-ақ бірінші кезекте автордың лирикалық көңіл-күйі тұруы керек. «Қарасөзбен жазылған өлең – прозалық пішіндегі лирикалық туынды. Оған тән белгілер: көлемнің қысқалығы, жоғары эмоция, сюжетсіз құрылым, субъективті әсер мен күйзелістің білдірілуі; бірақ ырғақ, өлшем, ұйқас жоқ. Сондықтан қарасөзбен жазылған өлеңді поэзия мен проза аралығындағы метрикалық белгілері бар ырғақты (ритмдік) прозамен және еркін (ақ) өлеңмен шатастыруға болмайды. Қарасөзбен жазылған өлең түрі еуропалық поэзияда романтизм дәуірінде проза түріндегі діни лирикада библиялық дәстүрді тірек ете отырып дамыды, ал француз поэзиясында басқа тілдегі өлеңдерді аударудағы тәсіл болды. Қарасөзбен жазылған өлеңнің алғашқы үлгісі деп А. Бертранның «Гаспар из тьмы» (1842 ж. шыққан) кітабын санайды. «Қарасөзбен жазылған өлең» термині Ш.Бодлердің «Цветы зла» кітабында қолданылды». Қарасөзбен жазылған өлең үлгілері орыс ақыны М.Ю.Лермонтов шығармашылығында кездеседі. Тағдыр жазуымен саналы өмірінің біразын Қапқаз жерінде өткізген ақынның Қапқаз тауларымен сырласуы, табиғатына тіл қатуы, сондай-ақ бұл өлкеде ғұмыр кешкен халық тағдыры, салты ақындық толғаныспен бейнеленген [1. 129, 130].



Ұлттық ақынымыз Мағжан Жұмабаев та өзінің шығармашылық тәжірибесінде бұл тарапта қалам тартқан. Ақынның «Балапан қанат қақты», «Домбыра» [2. 36, 60] атты қарасөзбен жазылған өлеңдерінің сыршыл сазы, терең лирикалық-психологиялық иірімдері, әсем үйлескен бейнелі тіркестер ақынның шеберлігін айқындай түседі. *«Балапан қанат қақты. Жас еді. Қанаты да қатып жеткен жоқ еді. Амалсыз қақты. Солтүстіктің суығына шыдай алмады. Суық жел сүйегіне жетті. Ызғар өкпесіне өтті. Ұшып орманға барып еді, күні кеше күбірлесіп, күлімдесіп, жылы құшағын ашып тұрған ағаштар бұған мойнын бұрмады. Ұшып тоғайға барып еді, қаниа айналып жүрсе де, қалың ақ кебінін жамылып, тоғай тұрмады».*

Мағжан Жұмабаевтың «Балапан қанат қақты» атты қарасөзбен жазылған өлеңінде рухани кеңістікті аңсау тілегі басым, рухтың мәңгіліктігі туралы ұғымды танытады. Жалпы, қарасөзбен жазылған өлеңдер белгілі дәрежеде поэзияның даму тарихында өзіндік орын алады.

Есенғали Раушановтың қарасөзбен жазылған өлеңдері — мазмұндық, көркемдік-бейнелілік тұрғыдан арнайы қарастыруды қажет ететін дүниелер. «Ымырт», «Тас балбал» өлеңдерінде уақыт байланысын, сабақтастығын, ұлттық рухани бастаулардың маңызын, жатсынудың қасірет екенін таныту меңзеген терең психологиялық шығармалар екендігімен де құнды. Оған негіз етіп көне түрік әріптерін поэтикалық қозғалысқа түсіруі, жан бітіре бейнелеуі ақындық жаңалық, рухтың жандануы сияқты. Қараңғы түнде (тылсым оқиғалардың көп болатын шағы) қанат қағып, қаланы аралаған әріптерді бейнелеуде субъективті әсер ерекше көрінеді. Далалық өткеніміз бен қалалық бүгінімізді шендестіре отырып, ақын солардан үйлесім іздейді. Бүгінгі ұрпаққа мәдени ескерткіш экспонаты ретінде қабылданатын көне түркілік жазбалар ұлттық рухани болмысымыздың бір белгісі екендігін поэтикалық қалыппен, субъективті әлемнің түйсінуімен беру мақсатында ақын тұтынған қарасөзбен жазылған өлең түрі маңызды рөл атқарған.

Сырттай карағанда ымырттағы бір оқиғаны әңгімелеген пішінде жазылған бұл өлеңнің («Ымырт») санадағы түйсінулер мен ойлар ағынын бейнеге айналдырған лирика-психологиялық желісі — «синкретті жанрдың» поэтикалық мүмкіндігінің тамаша бір мысалы.

Бұл туындының негізгі өзегіне алынған желі келесі «Тас балбал» мәтінінде жалғасын тапқан. Балбалға деген адалдығын сақтап қалған Күн — күллі әлемге жарық шашушы тіршілік көзі, сондай-ақ мәңгілік рух бейнесі деуге болады. Өлеңде ол үлкен міндетті арқалаған персонажға айналған. Өткенге деген құрмет адамдардың өлшеулі, шектеулі ой-санасы емес, нағыз жоғарғы шындық тарапынан жасалады. Осы философиялық ой-толғаныс лирикалық қалыпта Күннің тас балбалға деген мейірімі түрінде бейнеленеді. «Біздің әкелеріміз одан сырт айналып өткен, біз де жат көзбен қараймыз, оны сатпаған — Күн ғана. Ал ол біздерге қарап, сәл таң қалған пішінде тұрады да қояды» [3. 277] деп аяқталады өлең. Тас балбал мен Күнді кейіпкерге айналдырған өлеңінде ақын ұлттық негізден, рухани бастаулардан қол үзбеу ойын бейнелей жеткізіп, өткенге жасалар қиянаттың түп себептерін іздейді. Халықтың көне сеніміндегі тас балбал — ата-баба рухы, кие тұтар қасиетті нысан. Ақынның поэтикалық танымындағы тас балбал — өткен тарихтың келбеті.

Көне түркі әріптерінен тас балбалға қарай ауысқан ой ауаны енді тікелей бүгінгі заманның кейіпкеріне ойысады. Зерттеуші Ж.Айтмұхамбетова ақын Есенғали Раушанов шығармашылығындағы тосын сипаттығы үлгілерді теріп ала отырып, олардың саяси-әлеуметтік сипатын ашумен қатар заманымыздың толғақты мәселелерін де айғақтайды [4].

Қазіргі модерндік әдебиетке тән кейіпкердің атын атамау арқылы оған жалпылық сипат дарытылып, типтік қалыпта көрсетілген. Сана ағымы арқылы бейнеленген ішкі әлем қалпы реалистік баяндаудан гөрі субъектінің қабылдауы бағытында ашылған. Модерндік, постмодерндік ағым белгілеріне жақын

келетін бұл өлең мазмұнында Табиғат-Адам қарым-қатынасы

*Дария* мен *Ол* арасында көрсетіледі.

Лирикалық сазбен басталған жолдардан табиғатқа (рухани бастауға) деген нәзік сағыныш лебі бар. *Дария* мен адалдықтың астасып, бірін-бірі толықтырып тұратын толық тазалық пен бейкүнә періштелік аңғарылады. Бірақ осының барлығын көмкеріп тұрған лирикалық *Сұлба* жасырын пенделік көлеңкесін түсіргендей. Жаңа заман поэзиясындағы жасырын *Сұлба*-әлемі – ішкі рухани әлемнің табиғат аясына көшіп ауыстырыла бейнеленген қалпы. Кәдімгі тіршілікте жиі ұмытылып, ойдан шығарылып қала беретін жүрек сөзі, ынтығы мен бұлқыныс, жан-дүниеңнің түкпірінде тұнып қалған пенделік бастаулар қашанда жапа шегіп зәбір көруші. Шығармадағы **Ол** және оның қасындағы **қонақтар** – сол сәттік өмірдегі құбылыстарды өздеріне иілдіріп, сол сәттік қызықты місе тұтушылар. Бірақ оның жан дүниесіндегі сезім *дария* мен ағын-әлем арқылы көрінген.

«Көптеген туындыларда кейіпкер есімдерінің белгісіз болып келуі адам құндылығына күмәнмен қарау, алайда бәрін бағалауға тырысу, өмірлік қайталаулардан шаршап, бұрыннан мәлім нәрсе, құбылыстардан жаңа сипат іздестіру талабынан, жеке тұлғадан гөрі бұқаралық тәртіп параметрінің басымдығын түсінуден туса керек» [5. 160] деп жазады әдебиеттанушы ғалым, профессор Б.Майтанов. Осы тұжырымды ескерсек, «Ол» деп аталған орталық кейіпкердің ішкі толғанысы мен сыртқы өмірдің көрінісі, күйбең, ығыр құбылыстары оның жан-дүниесіндегі бұлқынысқа әкеліп, амалсыз өзі өмір сүрген дәуірге, ортаға бойұсынған, мойындаған қалпын танытады. Сырттай қараған адамға пенделік әрекетке бойұсынған адами қалыпты көргенмен, іштей кейіпкердің сол ортадан жеріген, көңіл қошын таппаған ала қашықты, қабыспаған сезімді байқар едік. Шығарманың жазылуындағы ерекшелік те осында, осындай қарама-қарсылықта дер едік. Кейіпкердің екіге жарылған ішкі дүниесін, сол екі түрлі сезімнің арпалысын аша түседі. *«Ол Дариясына оралды. Өзінің Дариясына... көп заман*

*өтіпті-ау... Бұл жолы жанында қонақтары бар еді. Жаутаң жаутаң қараған ағын-әлемге тіпті мойнын да бұра алмады. Дуду дүп, айқай-шу, ән-күйлер, дарақы күлкілер жарқабақтарды жаңғыртып жатты.*

*Ымырт үйіріле жағада қаз-қатар қаңтарылған машиналар оталды. Меймандар жинала бастады.*

*Ол әлдеқандай бір пәуейі себеппен дария жаққа қараған. Осы сәт күн ұзақ аулақта булыға өксіп жүрген ақ жаулық толқын бері қарай сүріне-қабына алып ұшқан еді, қаба сақал Қара түн қарсы шығып, омырауынан кері итеріп, шалқасынан түсірді. Ол бір сәт сілейіп тұрып қалды да, тез-тез жүріп машинасына беттеді...».*

Өлең «Тас жол. Тас қараңғы. Тас жүрек» деген жолдармен аяқталады. Мұнда қайталана келіп, айқындау қызметін атқарған «тас» сөзі арқылы күллі шығарманың көркемдік-идеялық мазмұны айқындалған. Қаттылықтың, суықтықтың, мейірімсіздіктің нишарасына айналған бұл сөз лирикалық кейіпкердің болмысын барынша танытқан.

Есенғали Раушанов – қара сөзбен өлең жазуда да сөз бен ой үйлесімін терең сезініп меңгерген, бұл жанрда да өзінің суреткерлік шеберлігін көрсете алған ақын.

Әдебиетке Жұмекен Нәжімеденовтың лирикалары қадам басу арқылы, басында прозалық стильдегі поэзия деп сыналғанымен, жаңа бір поэзияның қыры көріне бастады. Бұл поэзия келе-келе «бұтақтары биікке, тамырлары тереңге» тартып отыр. Бұдан шығатын қорытынды: поэзиялық шығармалардағы прозаның әсері шығарма мазмұнын берумен бірге формалық өзгешелікке де итермелейтін, жаңалыққа құмар қарқынды танытып отырады. Поэзия бұдан кеміп қалмайды, қайта поэзияға жетісе бермейтін біршама нақтылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Өйткені мәтіннің түр жағынан бостандығын, логикалық интонацияға негізделген ішкі саздық пен әуездік сипаттың басым болуын, түр, мағына, сөз айқындығын танытуға жетелейді. «Бүгінгі поэзиямызда өлең жүйесінің байып, толысуы – өзекті мәселелердің

бірі» [6] екендігіне аса мән бере отырып, кейінгі жылдары басылып жатқан шығармалардың мазмұндық және пішіндік жағынан өзгешеліктерін жіті байқап, танып, тауып, талдау негізінде ғылыми қырағылығын тағы бір мойындатып отыр. Поэзияны жаңартуға бағытталған, оның прозалануы – ақындардың прозаға және одан кері жылжуы сияқты, әрине, жаңа құбылыс. Бұл мағынада прозалану – поэзияның жаңа кеңістікті жаулауынан бұрын, оның өзімен-өзі болу немесе поэзия болып қалу құқығын сақтай отырып жана мәдени-тілдік шынайылықта өз орнын табуынан анығырақ байқалады. Поэзия болса, сирек ақынның сирек түскен сәтінің арқасында интуитивті түрде табыла алады. Сондықтан біз «проза мен өлең» туралы бағзы дауға жаңа ештеме қоспай және пайымдар соғысына араласпай, тек бұл даудың шегінен әрі кетіп, қазіргі заман ақындары үшінші шешімі жоқ осы екі пікірді қалай шешетінін және содан пайда болатын қосындының қаншалықты тиімді екендігін көргіміз келеді.

А.А.Потебня поэтикалық және прозалық ойлау психологиясына тереңдей отырып, «Нақты образдылықсыз ойлау, әңгімелесу сипатындағы сөзде прозалық ойлау болады» деп пайымдайды [7. 234]. А.А. Потебняның пікіріне сүйенсек, поэтикалық ой бейнелі, ал прозалық тура (сөз бен мағынасының математикалық теңдігі) болып келеді. Б.В. Томашевский өлең мен қарасөз арасындағы айырмашылықтарды төмендегідей сипаттайды: 1) өлең сөз бір-бірімен салыстыруға келетін бірліктерге бөлінеді (өлең өлшемі), ал проза тұтас сөз болып табылады; 2) өлеңде ішкі өлшем бар, ал прозада ол жоқ [8. 51].

Ю.М.Лотманның пайымдауынша, прозаны эстетика тұрғысынан қабылдау поэтикалық мәдениет арқылы ғана мүмкін болады. Проза – поэзиядан кешірек пайда болған құбылыс.

Бөлшектілік және өлшемдік ұғымдары бір-бірімен байланыста болмауы мүмкін [9].

Поэтикалық және прозалық мәтіндердің қарама-қарсылығы түр және мазмұн тұрғысынан көрінеді. Поэтикалық және

прозалық мәтіндердің түрлері мен мағыналары поэтикалық және прозалық ойлау типіне байланысты. Поэтикалық және прозалық мәтіндердің түр және мазмұны жағынан салыстырмасын талдаулардың негізі бойынша мынадай сараптау жасауға болады. 1). *Поэтикалық мәтінде.* Мағынаны білдіруде туралық басым, бейнелік-лирикалық фабула басым, поэтикалық мағыналардың ауыспалылығы басым, поэтикалық мәтін жүйесінде қосалқы бірліктері бар, поэтикалық мәтін бірліктерінің тіл жүйесі түрінде (тілі) жұмыс істеуі белең алған, поэтика және өлең түсініктері үйлесім табады. Суреттеу тұрғысында: суреттеудің әр түрлі тұрғылары (кескіндемелік, дискурстық және тілдік түрлерінің) бірлігі бар, поэтикалық мәтіннің кескіндемелік, сызбалық түрінің дербестігі көрінеді, сөздің өлшемдігі және бөлшектену қасиеті бар, поэтикалық мәтіннің өлшемі және ырғақты-интонациялық құрылымына байланысты сыртқы саздығы, әуездігі анықталады, түр және мағыналық түсініксіздіктердің болуы сияқты ерекшеліктерімен ерекшеленеді. 2). *Прозалық мәтінде.* Мағынаны білдіруде бейнелілік басым, деректілік фабула басым, көркемдік мағыналардың тура суреттеуі, баяндауы басым, прозалық мәтін жүйесінің мәдени, эстетикалық, рухани бірліктерінің вербальдану мүмкіндігі жоғары, мәтін бірліктерінің сөз қызметі түрінде жұмыс істеуі, өлең түзуші ырғақ үйлесімдігі өте аз. Суреттеу тұрғысында: жан-жақтылық басым, мәтіннің сызбалық түрінің тілге қатыстылығы жоғары, мағыналық бөлшектену құбылысы бар, логикалық интонацияға негізделген ішкі саздық пен әуездікке құрылған, түр, мағына, сөз айқындығы анық.

Поэтикалық мәтін эстетикалық қызметтегі жүйе ретінде көркем мәтіннің ерекше нұсқасы бола тұра өзінің бірегейлігін тек мәтіннің поэтикалық жүйесіне тән белгілер арқылы білдіреді.

Поэзия мен прозаның алмасқан үлгілері поэзиялық шығармалар құнын көтеріп қана қоймай, оған қосымша көркемдіктерді дарытуымен құнды. Поэзиядағы жаңа құбылыстың әлі күнге дейін арагідік кейбір шығармаларда ғана көрініп жүргенімен, жаппай қолданысқа түскен

сипаты көрінбейді. Бірақ көркемдіктің құбылысын, көркемдік айшықтарын беруде атқаратын қызметі біршама.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Ю.Лермонтов. Өлеңдер, поэмалар. Астана, «Аударма», 2004.
2. М.Жұмабаев. Көп томд. шығ. жин. А, «Жазушы», 2005.
3. Е.Раушанов. Түз қарлығашы/Жас қазақ, 2008, №41.
4. Ж.Айтмұхамбетова. Қазіргі қазақ поэзиясындағы метафоралық сипаты. ЕҰУ Хабаршы. Астана, 2004.
5. Б.Майтанов. Сөз сыны. А., «Жазушы», 2006.
6. З.Ахметов. Поэзия шыңы – даналық. Астана, «Елорда», 2002.
7. А.А.Потебня. Эстетика и мысль. М., «Наука», 1976.
8. Б.В.Томашевский. Стих и поэзия/хрестоматия/. М., «Писатель», 1998.
9. Ю.М.Лотман. Текст как объект лингвистического исследования. М., «Наука», 1981.



Гүлнар МАМАЕВА,  
Лев Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің  
қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

## СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҰРНАҚТАРДЫҢ ТЕРМИНЖАСАМҒА ҚАТЫСЫ

Терминжасамның лексикалық бірлігі және сөзжасамдық жұрнақтан тұратын екі бірлігі бар. Бұл екі терминжасам бірліктерінің арасында бірсыпыра айырма бар. Ол екі терминжасамдық бірліктің мағынасына да, қызметіне де қатысты. Егер лексикалық бірлік, атынан көрініп тұрғандай, мағыналы сөздер болса, сөзжасамдық жұрнақтарда лексикалық мағына жоқ екені белгілі. Сондықтан лексикалық бірліктер тілде жеке-дара қолданылып жүрген сөздер, дербес сөздер болса, жұрнақтарда ол қасиет жоқ. Терминжасамдық бұл екі бірліктің негізгі айырмасы сөзжасамдық қызметіне байланысты. Лексикалық бірлік қатыспай ешбір термин жасалмайды. Сөзжасамдық жұрнақсыз термин жасала береді. Өйткені жұрнақ тек морфологиялық тәсіл арқылы ғана терминжасамға қатысады. Лексикалық бірлік терминжасамның барлық тәсіліне қатысады.

Дегенмен, сөзжасамдық жұрнақтың, морфологиялық тәсілдің сөзжасамда, терминжасамда атқаратын қызметі өте жоғары бағаланады.

Бұл мәселеге қазақ тілінің терминолог ғалымдары алғашқы еңбектерінен бастап-ақ назар аударып келеді. Мәселен, Өмірзақ Айтбаев сөзжасам тәсілдерін түгел толық қамти келе, морфологиялық тәсіл туралы мынадай пікір айтқан: «Морфологиялық немесе синтетикалық тәсіл дегенде әңгіме қазақ тілінің сөз жасауға, сөз түрлендіруге қатыстырылатын



қосымшаларының термин жасаудағы рөлі жайында болмақ» деп зат есім жұрнақтарын атаған [1. 110]. Сонымен бірге ғалым өнімді жұрнақтарды көрсеткен, ол төмендегідей: «Жалпы, қазақ тілінің сөзжасамға қатыстырылатын қосымшалары туралы әңгіме қозғалғанда, мамандар *-шы, -ші, -лық, -лік, -шылық, -шілік, -ма, -ме, -ыс, -іс, -с, -ым, -ім -м, -іл, -ыл, -л, -қы, -кі, -у* қосымшаларын өнімділер қатарына қосып жүргенін ескеру керек» деп сөзжасам теориясына сүйенуді ұсынған және өнімді санаған жұрнақтарды талдаған.

Шерубай Құрманбайұлы сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалатын морфологиялық тәсіл туралы былай деп жазған: «Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі – қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды» [2.101]. Ғалымның бұл пікіріндегі «ең өнімділерінің бірі» деген сөзге назар аударалық. Ол өнімділік жұрнаққа байланысты. Сөзжасамдық жұрнақтар бір сөзжасамдық тәсілде қолданылғанымен, бір жұрнақ арқылы бірнеше жүздеген туынды сөз, термин жасалады. Мәселен, 2000 жылғы әскери іс терминологиялық сөздігінде *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* жұрнағы арқылы 226 термин жасалған. Ал бұл жұрнақ терминологиялық салалардың бәрінде терминдерді өте өнімді жасаған. Сонда терминологиялық көп сериялы томда қанша термин жасағанын санап жеткізу өте қиын. Міне, бұл сөзжасамдық жұрнақтардың ересен зор қызметін дәлелдейді. Сондықтан да морфологиялық тәсіл өте өнімді тәсіл саналады. Оны барлық дерлік ғалымдар үнемі жоғары бағалап жүр. Терминологияның ірі маманы В.П.Даниленко 1977 жылы шыққан «Русская терминология» кітабында қазіргі кезеңде белсенді қолданылатын жұрнақтар деп *-тель, -чик, -шик, -цик, -ка, -лка* суффиксін, *-ит, -ий* жұрнақтарын, префикстерден *анти-, контр-, над-, не-, -под-, пред-, проре-, сверх, супер-, ультра-* бірліктерін атаған [3].

Парсы тілінің маманы терминолог О.М.Сотованың пікірін

келтірейік: «...суффиксальный способ терминообразования является наиболее продуктивным способом образования терминов в рамках терминообразования с помощью аффиксов» [4. 18]. Ғалымның синтетикалық тәсілді жұрнақ тәсілі деп атағанынан-ақ жұрнақтың қызметіне ерекше мән бергенін байқауға болады. Өйткені бұл тәсілде сөзжасамдық жұрнақ басты қызмет атқарады. Ол терминжасамға да қатысты. Әрине, барлық сөзжасамдық жұрнақ мұндай өнімді бола бермейтіні белгілі.

Ескеретін нәрсе – тек қана терминжасамға тән, әдеби тілде қолданылмайтын терминжасамның ғана арнайы жұрнағы тілде жоқ және ол ешбір тілде де жоқ. Терминжасамда әдеби тілдегі сөзжасамдық жұрнақтар қолданылады. Бірақ олар толық сай келеді деуге болмайды. Тілдегі сөзжасамдық жұрнақтарды терминжасам жүйесі таңдап пайдаланады. Сондықтан терминжасам жүйесінде қолданылатын жұрнақтар ғана терминнің сөзжасам жүйесінің бірліктері саналады.

Зат есім жұрнақтарын Ш.Құрманбайұлы өз монографиясында берген. Ол туралы ғалым сөзін келтірейік: «Термин жасау барысында жұрнақтардың қандай грамматикалық мағына үстейтінін, жалғану ерекшеліктерін білмей болмайды. Сол себепті сала мамандары үшін төменде әр түрлі сөз таптарынан зат есім тудыратын (сызған – Г.Мамаева) негізгі жұрнақтар мысалдарымен қоса беріліп отыр» деп ғалым зат есімнің 194 жұрнағын берген [2. 103-119]. Бірақ мұнда бір жұрнақтың түрлі варианттары да санға кіріп кеткен.

Терминжасамда 162 сөзжасамдық жұрнақ қолданылады. Бірақ бұл жұрнақтардың терминологияның әр саласындағы қызметі әр түрлі. Мәселен, математика саласының терминдері 23 сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалса, химия саласының терминдері 30 сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған. Ал физика, астрономия саласының терминдері 33 сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған. Математика терминдерін жасаған сөзжасамдық жұрнақтар төмендегідей: 1) -ғыш, -қыш: *азайғыш, азайтқыш,*

бөлгіш, т.б.; 2) -у: айналдыру, қосу, алу, көбейту, т.б.; 3) -ым, -ім, -м: айырым, орам, өлшем, т.б. 4) -дық, -дік, -тық, -тік, -лық, -лік: аралық, биіктік, бұрыштық, бірлік, біртектілік, дәлдік, екілік, жиілік, жүздік, кеңістік, қалдық, ондық, мыңдық, т.б.; 5) -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті: ақырлы (конечное), біржақты, бірорынды, екіжақты, кесінді, қосынды, т.б. с.с.

Математика терминдерін жасаған осы 23 сөзжасамдық жұрнақтың терминжасамдық қабілеті бірдей емес. Мәселен, -у, -дық, -ым, -ғыш, -лы, -қы, -ық, -ма жұрнақтары арқылы бірнеше терминдер жасалған. Олардың әрқайсысы бірнеше термин жасағандықтан олар өнімді жұрнақтар саналды. Ал -шек, -бек, -бей, -тей, -ыш, -с, -тес, -кес, -ел жұрнақтары арқылы өте аз терминдер жасалған. Сондықтан олар өнімсіз жұрнақтар саналды. Бұл тек осы салаға ғана байланысты. Басқа салаларда жағдай басқаша бола береді. Жалпы математика, химия, физика салаларының терминжасамында сөзжасамдық жұрнақтар аз. Ал әдебиет, тіл салаларының терминжасамдық жұрнақтары математика, физика, химия салаларының жұрнақтарынан әлдеқайда көп.

1. -у: абайтану, айтысу, әсірелеу, алмасу, арнау, арқау, атау, әлсіреу, бақылау, бейнелеу, бағыну, жазу, сілтеу, сұрау, бейімделу, бөліну, біріктіру, бітеу, дыбысталу, дыбыстау, түгелдету, жинақтау, зерттеу, кейіптеу, қиысу, қиыстыру, қосақтау, қоштасу, қабысу, матасу, меңгеру, жанасу, үндесу, ұқсату, ауысу, т.б.

2. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: айлық, әлемдік, әлеуметтік, батырлық, кеңістік, ғарыштық, салалық, жақтық, сандық, жіктік, дыбыстық, етістік, есімдік, күнделік, маусымдық, өздік, сапалық, салалық, сөздік, тәуелдік, көптік, шеберлік, ырғақтық, қатыстық, болымдылық, болымсыздық, т.б.

3. -шы, -ші: азартушы, аудармашы, әңгімеші, күйші, әнші, беттеуші, жазушы, жанрышы, жүргізуші, жыршы, көмекші, мысалшы, тілеуші, насихатшы, салыстырушы, суретші, оқытушы, сынаушы, қолдаушы, т.б.

4. -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті: ақылы, астарлы, атаулы, белгілі, бұйрықты, үйірлі, белсенді, дауысты, деректі, жергілікті, жақты, мағыналы, мақсатты, өзекті, тұрақты, толымды, жалғаулықты, талғаулы, үнді, хабарлы, сұраулы, лепті, т.б.

5. -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: аударма, әліппе, бағдарлама, салыстырма, суреттеме, бастама, шығарма, баспа, желдірме, қыстырма, қайталама, қаратпа, қайырма, лездеме, кірме, ілеспе, жазба, көшірме, қосарлама, жанама, жайылма, терме, жалпылама, қаратпа, т.б.

6. -ша, -ше: ауызша, есімше, көсемше, жазбаша, қосымша, т.б.

7. -м, -ым, -ім: байлам, басылым, бөлім, естілім, жазылым, келісім, кесім, сөйлем, түзетім, тіркесім, ұғым, таным, тарам, т.б.

8. -нама, -неме, -дама, -деме, -тама, -теме: әдістеме, әзілнама, түсініктеме, уәждеме, үгітнама, үгіттеме, баяндама, жалпылама, т.б.

9. -сыз, -сіз: болымсыз, дауыссыз, жіксіз, мағынасыз, жақсыз, толымсыз, білімсіз, дерексіз, тұрақсыз, үнсіз, мақсатсыз, белгісіз, тілсіз, атаусыз, өлшеусіз, жарамсыз, тынымсыз, т.б.

10. -ық, -ік, -қ, -к: ашық, бұйрық, бунақ, жабық, құрақ, жинақ, ортақ, толық, тілек, ырғақ, ілік, түсінік, сезік, күйік, т.б.

11. -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес: аралас, сабақтас, салалас, көмектес, кезектес, ыңғайлас, іліктес, құрмалас, тілдес, мәндес, іргелес, түбірлес, мұңдас, т.б.

12. -малы, -мелі, -палы, -пелі: асырмалы, ауыспалы, салыстырмалы, күшейтпелі, көшпелі, ілеспелі, жылжымалы, үдетпелі, өтпелі, т.б.

13. -ыс, -іс, -с: айтыс, барыс, бөгеліс, шығыс, табыс, өріс, көрініс, тіркес, шегініс, шиеленіс, тапсырыс, өзгеріс, құбылыс, таныс, отырыс, тыныс, т.б.

14. -и: адами, әдеби, мәдени, ғылыми, кітаби, тарихи, ресми, т.б.

15. -ғы, -гі, -қы, -кі: алғашқы, кешегі, жинақы, негізгі, ішкі,

жалқы, т.б.

16. -ыш, -іш: *анықтауыш, бастауыш, баяндауыш, еліктеуіш, өтініш, өкініш, пысықтауыш, толықтауыш, өлшеуіш*, т.б.

17. -ыңқы, -іңкі: *басыңқы, бағыныңқы, көтеріңкі, шығыңқы, ойыңқы, жиыңқы, шұбалаңқы*, т.б.

18. -гер, -кер: *баспагер, қаламгер, тәлімгер, әдіскер, дәнекер, айыпкер, жауапкер*, т.б.с.с.

Тіл, әдебиет саласының терминжасамдық жұрнақтарының қабілеті бірдей емес. Ол – жалпы сөзжасамдық жұрнақтарға тән қасиет.

Ғалым Сейілбек Исаев сөзжасамдық жұрнақтардың, яғни, сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалу үлгілерінің өнімді, өнімсіз болу қасиеті туралы былай дейді: «...сөзжасамның жеке-жеке үлгілерінің жаңа сөз жасауда, сөйтіп тілдің лексикалық құрамын байытуда рөлі бірдей, біркелкі емес. Бір сөзжасам үлгілері арқылы жүздеген, мыңдаған жаңа сөздер жасалып, тілдің сөздік құрамынан берік орын алады, ал екінші бір сөзжасам үлгілері негізінде бірлі-жарым ғана жаңа сөз жасалған болып шығады. Сондықтан да сөзжасам үдерісіне, сөзжасам үлгілеріне, біріншіден, өнімділік-өнімсіздік сипат, екіншіден, құнарлылық-құнарсыздық, үшіншіден, ол жасалған туындылардың немесе сөзжасам үлгілерінің тілде қолданылу мүмкіндіктері белгілі мәтіннің жанрлық-стильдік сипатына байланысты жиі қолданылып, сол жанрдың я стильдің қолданылуындағы бір тілдік көрсеткіш болу немесе керісінше болмау сияқты статикалық қасиеттер тән болып отырады» [5. 282]. Ғалымның бұл сөзіндегі өнімділік-өнімсіздік туралы пікірі және сөзжасамдық жұрнақтардың белгілі жанр-стильдің көрсеткіші болатыны туралы пікірі біздің қарастырып отырған мәселемізге қатысты.

Алдымен терминологияның әр саласының сөзжасамдық жұрнақтарының арасында айырма бар екенін естен шығармаған жөн. Мәселен, жоғарыда талданған математика саласының терминжасамдық жұрнақтары мен тіл, әдебиет салаларының

терминжасамдық жұрнақтарының құрамы да, көлемі де бірдей емес. Бірақ олардағы ұқсастық: жұрнақтар өнімді, өнімсіз болып бөлінеді. Математика саласында 23 жұрнақ болса, тіл, әдебиет саласында 45 сөзжасамдық жұрнақ бар. Бұл терминология салаларының сөзжасамдық бірліктердің екінші түрі – жұрнақтардың арасында С.Исаев айтқандай айырма барын дәлелдейді. Екіншіден, біраз жұрнақтар (-у, -дық, -шы, -сыз, -м, -ма, -ыс, -ша т.б.) аталған салалардың бәрінде болғанымен, алдымен олар жасаған терминдердің мағынасында үлкен айырма бар және терминжасамдық жұрнақтардың түрлерінде де айырма бар. Мысалы, математика саласының терминология саласында да, тіл-әдебиет саласында да -у жұрнағы бар, ал олар арқылы жасалған математиканың *алу, бөлу, көбейту, қосу* терминдері мен тіл, әдебиеттегі *абайтану, айтысу, әсірелеу, арнау, атау, сілтеу, сұрау*, сондай-ақ химиядағы *айдау* (перегонка) мен *айналу* (превращение) сияқты терминдердің мағыналарының арасы жер мен көктей. Жоғарыда келтірілген математика, тіл, әдебиет терминдеріне мүлдем ұқсамайды. Демек, «Әр саланың сөзжасамдық өз көрсеткіші болады» деген С.Исаев пікірінде шындыққа сүйенгені байқалады. Бұл пікір терминология салаларының әрқайсысында әдеби тілдің жұрнақтары сала мағынасын білдіруге бейімделетінін білдіреді. Сондықтан терминологияның түрлі саласында бір жұрнақтың қолданылуы олардың түрлі салаға ортақтығын білдіреді деу өте қиын. Өйткені олардың мағынасында айырма болады. Бұл әр терминология саласының өз сөзжасамдық жұрнақтары бар деген пікірге әкеледі. Әрине, ол жұрнақтар әдеби тілде бар жұрнақтар, тек олар терминологияның әр жүйесінде жиі қолданылып, қалыптасып, өзіндік мәнге ие болған.

Жоғарыда терминологияның әр саласында әдеби тілде бар жұрнақтар қолданылғанымен, әр салаға қатысты мәнге ие болатыны айтылды.

Терминжасам жұрнақтарының өнімділік-өнімсіздік қасиеті–терминологияның әр саласына тән қасиет, ол – әдеби тілге

де тән қасиет. Сондықтан қазақ тіл білімінде жұрнақтардың өнімді, өнімсіз деп бөлу қалыптасқан. Мысалы, «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында: «Сөзжасамдық үрдіске қатысына қарай, сөзжасамдық қабілетіне қарай жұрнақ өнімді, өнімсіз болып бөлінеді. Жұрнақтардың көбі өнімді, бір жұрнақ арқылы бірнеше туынды түбір жасалады. Мысалы, *малшы, егінші, өлеңші, оқушы, оқытушы, елші, емші, жыршы, өтірікші, өсекші, тіленші, қамқоршы, күйші, сынықшы, балықшы, әнші, биші, есепші, жинаушы, тонаушы, басшы, сынаушы, жазушы, сыншы, басқарушы, билеуші, жұмысшы, өндіруші, қарақшы, ұрлықшы, тілші, санақшы, қорлаушы, сатушы*, т.б. Осы мысалдар *-шы, -ші* жұрнағы арқылы жасалған туынды түбірлердің бір тобы ғана, ал әлі ескерілмегендері қаншама. Кейде сөзжасамдық жұрнақтардың өнімділігінің күштілігі сондай оған тежеу салған кездер де болған. Ол *-лық, -лік (-дық, -дік, -тық, -тік)* жұрнағымен байланысты 1960-1970 жылдарда болған» [б. 30].

Мұнда әдеби тілдегі сөзжасамдық жұрнақтар туралы айтылған. Әдеби тілде терминжасам мәселесі де кіргені мысалдардан көрініп тұр. Келтірілген мысалдарда ауыл шаруашылық терминдері (*малшы, егінші*), мәдениет саласы терминдері (*күйші, биші, әнші*), педагогика саласының терминдері (*оқушы, оқытушы*), тіл, әдебиет саласының терминдері (*жазушы, сыншы, тілші*), медицина саласының терминдері (*емші, сынықшы*), өндіріс саласының терминдері (*жұмысшы, өндіруші*), заң саласының терминдері (*ұрлықшы, қарақшы*), қоғамдық, әлеуметтік сала терминдері (*билеуші, басшы*), т.б. кездеседі. Бұл жағдай термин сөздер әдеби тілді байытатын үлкен арна екенін дәлелдейді. Сондықтан оқулықта *-шы, -ші* жұрнағы арқылы жасалған туынды сөздер жай сөз бен термин сөзге бөлінбей, жалпы тілдік дерек ретінде берілген. Бұл тағы да термин сөздердің тілдің сөздік қорының бір арнасы екенін дәлелдейді.

Сонымен бірге сөзжасамдық жұрнақтар жалпы әдеби тілге де, терминологияға да ортақ бірліктер екенін де білдіреді. Өйткені

тек қана терминжасамда, тек қана әдеби тілде қолданылатын жұрнақтар жоқ.

Алайда тілдегі сөзжасамдық жұрнақтарды терминология салалары ішкі мазмұнына қарай талғап пайдаланады. Сондықтан да тілдегі сөзжасамдық жұрнақтардың бәрі терминологияның бір саласының терминжасамынан орын алмайды. Тілдің барлық сөзжасамдық жұрнақтарымен жасалатын бірде-бір терминология саласы жоқ. Оған дәлел ретінде математика терминдері 23 жұрнақ, химия саласының 30 сөзжасамдық жұрнақ, физика, астрономия саласының терминдерінің 33 жұрнақ арқылы жасалуы терминологияның әр саласының терминдерін жасайтын жұрнақтардың арасында айырма барын дәлелдейді. Бірақ әр саланың терминжасамында ешқандай ұқсастық жоқ деуге болмайды. Ол кейбір сөзжасамдық жұрнақтардың терминологияның түрлі салаларында қайталануына байланысты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ө.Айтбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., «Арыс», 2007.
2. Ш.Құрманбайұлы. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. А., «Сөздік-Словарь», 2005.
3. В.П.Даниленко. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. М., «Наука», 1977.
4. О.М.Сотова. Основные структурно-семантические особенности терминообразования в современном персидском языке. Диссерт. ... фил. ғ. канд. дисс. М., 2008.
5. С.Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., «Рауан», 1998.
6. Н.Оралбай. Қазақ тілінің сөзжасамы. А., 2001.





## ГАЗЕТ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ РӨЛІ

Тіл білімінде белгілі бір зерттеу бағыттарының қалыптасуына, сол бағытта жаңа ізденістердің көрінуіне, түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарының тууына тілдің ішкі заңдылықтары ғана емес, қоғамдағы, мемлекеттегі түрлі жағдайлар да әсер етеді. Бұл тілдік емес сипаттағы, яғни, тілден тыс фактор болғанымен тілдік құралдардың белгілі бір стиль аясында қолданылу, жұмсалып ерекшеліктерін қалыптастыруға, функционалдық стильге тән белгілерінің айқындалуына барынша ықпал етеді. Бұл құбылыс тіл білімінде экстралингвистикалық факторлар деп аталады. Қазақ тіл білімінде функционалдық стильдердің қызметіне, тілдік құралдардың жұмсалып ерекшелігін қалыптастыруға әсер етуші тілден тыс құбылыстардың табиғатын ашып көрсетуге, олардың стиль түзуші қызметіне, алатын орнына қарай саралауға, белгілерін атап көрсетуге арналған еңбектер жоқтың қасы. Қазіргі қазақ тіл білімі мұндай бағыттағы зерттеулерге зәру екендігі сөзсіз. Рабиға Сыздық «Сөз құдіреті» атты еңбегінде экстралингвистикалық факторлардың рөлін, олардың тілдік стильдердің дамуындағы қызметін атап көрсетеді [1.163]. Кейбір стилистикалық ұғымдар мен категориялар туралы мақаласында М.Серғалиев «Функционалдық стильдің толыққанды өзіндік міндетін атқаруы үшін лингвистикалық фактордан гөрі тілге қатыссыз фактор жетекші рөл атқарады» деп жазады. Ғалым экстралингвистикалық факторларға қарым-қатынас аясын, қоғамдық қызмет пен қоғамдық сана түрлерін жатқызады [2.4].

Қазақ тіл білімінде эмоционалды-экспрессивті құралдардың, оның ішінде метафораның және прецедентті тілдік бірліктердің газет мәтініндегі рөлі бүгінгі таңда арнайы зерттеуді қажет етеді. Газет елдің саяси жаңалықтарын дер кезінде жариялап тұратын ең қолжетімді ақпарат таратушы болып табылады. Газет мәтіні — мәтін қызметінің ерекше көрсеткіші, сондықтан да бұл бағыттағы зерттеу жұмысының өзіндік ерекшеліктері де бар. Газет мәтінінің басты мақсаты, айрықша ерекшелігі — аудиторияға әлемдегі жағдайды, мәселені анық жеткізу. Соңғы жылдары Қазақстанда болып жатқан түрлі қоғамдық-саяси өзгерістер өз кезегінде тілде, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары тілінде де көрініс беруде.

Эмоционалды-экспрессивті құралдардың, оның ішінде метафораның және прецедентті тілдік бірліктердің газет мәтініндегі рөлін қарастырудың өзектілігі қазіргі қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарындағы басым бағыттардың өзгеруімен байланысты туындап отыр. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басына қарай әдеби тілдің стильдік тармақтары ішінде басым стиль, көркем әдебиет стилі емес, публицистикалық стиль бола бастады, себебі, қазіргі заман — ақпараттар заманы. Бұл күнде әлемнің түкпір-түкпірінде күн сайын дерлік мемлекет басшыларының кездесулері, түрлі ресми басқосулар, тарихи оқиғалар болып жатады. Әлемдік қауымдастықтың ажырамас бөлігіне айналған Қазақстан да халықаралық қатынастардың күрделі мәселелерінен сырт қалып отырған жоқ. Мемлекеттің өз ішінде болып жатқан өзгерістер мен оқиғалар, көтеріліп жатқан ауқымды мәселелер де аз емес. Мұндай алмағайып кезеңде, әрине, ақпарат тасқыны шексіз, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Қоғамдық сананың қай түрі болсын, әсіресе, мәдени, саяси, азаматтық, құқықтық сана қалыптастыруда негізгі рөл ойнап отырған — бұқаралық ақпарат құралдары. Ол — жаһандандудың қозғаушы күштерінің бірі ғана емес, қоғамдық пікірді қалыптастырушы негізгі құрал.

Жедел ақпарат тарату, мемлекеттік ұстанымдарды насихаттау мен жүзеге асырудағы маңызды құрал ретінде БАҚ жетекші мәнге ие болып отыр. Ақпарат – ашық қоғамның генераторы. Қазіргі қоғамда газеттің пәрменділігі аса жоғары әрі санаға ықпал ететін күш. Қазір оқырманмен байланыс орнатудағы жаңа тілдік тактика қалыпты ойлаудан, көпсөзділіктен, құрғақ тілден бас тартқызды. Қазіргі газеттерде автордың шығармашылық ізденісі, тілдік құралдарды жаңартуға деген талпынысы, оқырман назарын аудартуда жаңа тәсілдер қолдануы, модальды-бағалау сипаттарының берілуі жаңаша көрініс тауып отыр. Осының бәрі газет мәтінінің, оның ішінде саяси мәтінді лингвоәдістемелік аспектіде жаңаша зерттеуді талап етеді.

Жаңаша зерттеудің қажеттілігі, метафора мен прецедентті тілдік бірліктердің қабылдау мен түсіну тұрғысынан бұрын жете зерттелмегендігімен қатар, соңғы жылдары газет беттерінде жаңа қолданыстардың пайда болуымен де байланысты. Қазақ тіл білімінде бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе, мерзімді баспасөздің лингвистикалық ерекшеліктеріне қатысты зерттеу жұмыстары болғанымен, газет мәтіні қызметінің түрлері, мәтінде белсенді түрде қызмет етіп мақсатты түрде қолданылатын тілдік бірліктер, қазіргі газет мақалаларындағы эмоционалды-экспрессивті құралдар әлі де жете зерттелген жоқ. Тек қазақ тіл білімінде ғана емес, орыс тіл білімінде де көркем әдебиет стилі мен ауызекі сөйлеу стиліндегі эмоционалды, экспрессивтілік мәселесі туралы бірқатар еңбектерде айтылғанымен, қазіргі публицистикалық стиль және оның эмоционалдығы мен экспрессивтілігі мәселесі – арнайы, терең талдана қоймаған тың тақырыптардың бірі.

Қазақстанның жаңа кезеңдегі публицистикалық стилі және оның эмоционалдығы мен экспрессивтілігін көп аспектіде сипаттау, метафораланудың когнитивті аспектілері мен интермәтінділік, т.б. мәселелерді ғылыми-зерттеу нысаны ретінде алып ғылыми тұжырымдар жасаудың қазақ тіл білімі үшін

теориялық маңызы зор екендігі даусыз. Қазіргі қазақ тіл білімінің алдында публицистикалық стильдің негізгі ерекшеліктерін жаңа ғылыми бағыттардың зерттеулер нәтижесімен толықтыру және газет мәтінінің анықтамасын нақтылау, қазіргі газет мәтінінде болып жатқан негізгі лингвостилистикалық өзгерістерді анықтау, газет мәтініндегі бағалау, эмоционалдылық, экспрессивтілік түсініктеріне анықтама беру, қазіргі газет мәтініндегі бағалау білдіру құралдарын анықтау, қазіргі саяси метафора мен прецедентті тілдік бірліктердің ерекшелігін көрсетіп, олардың публицистикалық мәтіндегі рөлін анықтау сияқты міндеттер тұр.

Метафора мен прецедентті мәтіндер қазіргі газет мәтіндері үшін экспрессия мен эмоцияны білдіретін тілдік құралдар болып табылады. Қазіргі газет мәтініндегі метафора мен прецедентті айтылулардың фондық білім бірліктері ретінде танылуы және түсінілуі – оқырман тарапынан ақпаратты дұрыс қабылдаудағы қажетті шарттардың бірі. Олар газет мәтініндегі маңызды тілдік бірлік ретінде көрініс тауып отыр. Зерттеушілердің пікірінше, публицистикалық стиль мәтіндері үшін ақпараттық және әсер ету қызметтері аса маңызды болып табылады. Осы екі қызметтің өзара байланысы публицистикалық стильдің тілдік ерекшелігін береді. В.Г.Костомаровтың пікірінше, публицистикалық сөйлеуде стандарт пен экспрессияның бірігуі газет публицистикасы қызметінің екіжақтылығымен байланысты: ақпараттық-мазмұндық және әсер ету қызметі. Ақпараттық қызметі стандарттылықпен байланысты болса, эмоционалдық элементтермен қаныққан әсер ету қызметі экспрессивтілікпен байланысты [3].

Публицистикалық стиль жанрларын қарастыруға арналған еңбектерде негізінен жанрдың үш тобын бөліп көрсетеді: *ақпараттық, аналитикалық және көркем-публицистикалық*. Ақпараттық жанрға *репортаж, сұхбат, есеп*; аналитикалық жанрға *аналитикалық сұхбат, мақала, хат-хабар, пікір, шолу*; көркем-публицистикалық жанрға *очерк, фельетон, памфлет* жатады. Соңғы он бес жылда газеттің жанрлық жүйесінде

айтарлықтай өзгерістер болды. *Эссе, комментарий, болжау* сияқты жанрлардың кең таралуына жеке адамдық даралық үрдістің күшеюі әсер етті. Жалпы жанрлар жүйесінің эволюциясы байқалуда: бір жанрлар бірігіп, енді біреулері өзгеріске ұшырап, ал үшіншілері өзара қатынасқа түсіп синтезделуде.

Ғасырлар тоғысындағы публицистикалық стиль эволюциясы автор мен адресат категориясын және қазіргі газет мәтіндеріндегі лингвостилистикалық өзгерістерді қарастыруды талап етіп отыр. XX-XXI ғасырлар тоғысындағы заманауи публицистикалық стильдің басты ерекшеліктері мыналар: өзінің нақты адресатын табуға деген ұмтылыс, газет мәтіндерінің диалогтілігі және автор мен оқырман арасында диалог құруды көрсетуге деген құлшыныс. Қазіргі заманғы журналист қоғамдық жағдайдың өзі туғызған диалогтың жаңа мүмкіндіктерін қолдана оқырманмен тікелей байланыс орнатып, оның қабылдау мүмкіндігіне бейімделіп, диалогтық қатынас құра алады.

Бұрын адресат басқарудың белсенді емес нысаны ретінде қарастырылатын, ал, бүгінде адресат - ұсынылған ақпаратты өзі саралай алатын «тәуелсіз тұлға». Бұрын публицистикада адресат идеялық тұрғыдан алғанда біртекті топ болса, ал бүгінде бұл түсінік әр түрлі көзқарастағы, әр түрлі ақпараттық талап қоятын адамдар тобын білдіреді. Посткеңестік кезеңде адресанттың да жаңа түрі қалыптасты: бюрократиялық емес, жаңа шығармашылық тұлға. Егер ертеректе журналистің сөздік қоры стандартқа айналған белгілі формулалармен шектелсе, бүгінде публицист – «өз атынан пікір білдіретін, дамудың, демократияның идеалдарын қорғайтын, өзін еркін эмоциялық сөйлеу арқылы көрсете алатын тұлға» ретінде көрініп отыр [4.50].

Қазіргі публицистикадағы белсенді үдеріс газет тіліне «иностилді» элементтердің қосылуымен де түсіндіріледі. Ауызекі сөйлеудегі қарапайым сөздерден бастап әдеби емес тілдік құралдарға дейін «экспансия» үдерісі өте үлкен, ауқымды масштабпен интенсивтілікке ие болды. Публицистикалық сөйлеудің

стилдік нормасы өзгерді, ол еркіндікке, ашықтыққа, сөзшеңдікке бет бұрды.

Қазіргі мерзімді басылым беттерінде барлық тілдік деңгейлердің сөйлеу құралдары публицистиканың лингвостилистикалық бейнесін өзгерте отырып, әр түрлі жанрларда қолданылуда. Әдеби тілдің сөздері мен айтылымдары әдеби емес айтылымдармен қатар қойылып, қарым-қатынастың барлық саласында қарапайым және жаргон сөздер сияқты шектеулі лексикалық бірліктер де қолданылып, кітап тіліне тән құрылымдар сөйлеу тіліне тән құрылымдармен араласып берілуде.

Қазіргі тілдік дамудың тағы бір ерекшелігі – өзгетілдік элементтердің қолданылуы. Мысалы, *консенсус, менеджер, маркетинг, рейтинг, имидж, саммит* және т.б. Қазақ тіліне өзге тілдік сөздердің (негізінен ағылшын тілінен) жаппай енуі бүгінгі қоғамның ашықтығымен, жариялылығымен және ықпалдастықпен байланысты болып отыр.

БАҚ арасындағы аудитория үшін күрес пен өзара бәсекелестік жағымсыз тілдік үдерістерді де туғызды. Қазіргі мерзімді баспасөз беттерінен сөйлеудің дәрежеленуін, қарым-қатынастың этикалық нормаларының және жалпы адами адамгершілік нормаларының бұзылуын байқауға болады.

Қазіргі газет мәтініндегі бағалауды көрсету құралдары ретінде негізінен *«бағалау», «экспрессивтілік», «эмоционалдылық»* түсініктері аталады. Олар қазіргі газет мәтінінде бағалауды білдіретін негізгі құралдар ретінде қарастырылды. Бағалау категориясы лингвистика тұрғысынан тар және кең мағынада да қолданылады. Бірінші жағдайда *«жақсы, жаман»* деп бөлу қарастырылса, екінші жағдайда өзге қасиеттері бойынша *«үлкен, кішкене», «тар, кең»* деп бөлу қарастырылады. Газет мәтіндерін зерттеуде бағалаудың аксиологиялық табиғаты ғана емес, оған әсер етуші рационалды және эмоционалды факторлар да ескерілуі тиіс.

Біздің пікірімізше, И.В.Арнольд экспрессивтілік пен эмоционалдылыққа толық түсінік берген: «Экспрессивтілік

түсінігі аясында біз мәтіннің немесе мәтін бөлігінің мағынаны күшті қарқындылықпен беретін қасиетін көреміз. Ол сөйлеушінің ішкі күйін береді, образды немесе образды болмауы да мүмкін, эмоционалды және логикалық күшейту болады» [5.14]. Яғни, экспрессивтілік пен эмоционалдылықтың әрқайсысы өз алдына жеке құбылыс болып табылады.

Экспрессивтілік пен эмоционалдылықты газет мәтінінің айрықша қасиеті ретінде бөліп қарастыруға болады. Тілдік материалға жасалған талдау көрсеткендей, қазіргі газет мәтіндерінде жаңа экспрессивті және эмоционалды құралдардың, тәсілдердің сапалық және сандық қордалануы байқалуда, ал олар кейін «жеңіл прессада» кең қолданылыс табуда, оның ішінде троптар мен сөйлеу фигуралары, шебер каламбурлар, окказионализмдер белсенді қызмет атқарып жүр, «сен» қаратпасы бойынша адрестілік қалыптасып, тұрақты сөз тіркестері, аллюзиялар, пародиялар ұтымды пайдаланылуда. Синтаксис ерекше экспрессивті, себебі мұнда парцелляция, эллипсис, т.б. жиі қолданылады. Кейбір газет тақырыптары тіптен ерекше. «Жеңіл» прессаның ерекшелігі – оның жарнамалық «қаруында», яғни, мағыналар ауыстыру ойынында. Тілдік ойынның мақсаты – оқырманның назарын әзіл, юмор, өткірлік арқылы тарту. Қазіргі публицистикалық мәтіндердің айрықша ерекшелігі прецедентті мәтіндерді жиі қолданудан және олардың оқырманда қосымша ассоциация қалыптастыру үшін дәйексөз келтіру, аллюзия, парафраз, пародия тәсілдерін қолдануынан көрінеді. Ирония қазіргі БАҚ тілінің жетекші қасиеті болып тұр, себебі барлық эмоционалды-экспрессивті құралдар газет мәтініне ирониялық бағалау береді.

Газет мәтіндеріндегі бағалаудың экспрессивті құралдары қабылдау тереңдігіне бағытталған, сондықтан да оқырманның жоғары белсенділігін, шығармашылық біліктілігін талап етеді. Қазіргі мерзімді басылым беттерінде оқырманның өзіне баға беру мүмкіндігі де беріледі. Қазіргі заман газетінің жалпы әдіснамалық негіздері оқырманды бірігіп ортақ ойлауға шақырады деп

қорытынды шығаруға болады. Антропоцентрилі үрдіс газет тілі қызметінің белгілі бір диалектикасына алып келеді: қазір ақпарат жеткізу қызметі мен қарым-қатынас қызметі бәсекелестікке түсіп отыр.

Ләззат Дүйсембекова «XX ғасырдың 80 жылдарына дейін адамдарға идеялық ықпал етуде, адамзат жасаған рухани қазына мен мәдени мұраны адам санасына сіңіруде, адам тәрбиелеуде, қоғам азаматын қалыптастыруда, жалпы қоғамдық сана қалыптастыруда негізгі қызметті көркем әдебиет атқарып, көркем әдебиет стилі әрқашан доминант стиль ретінде көрініп отырса, бүгін қоғамдық сана қалыптастыруда негізгі қызмет атқарушы — бұқаралық ақпарат құралдары болып, публицистикалық стиль доминант стиль ретінде көрініп отыр» деп жазады [6.63].

Қазір еліміздің ақпараттық кеңістігіндегі ақпарат ауқымы адам қабілеті қорыта алар мүмкіндіктен де асып кетіп отыр. Публицистикалық стильдің қоғам өмірінде маңызды қызмет атқаруына орай бұқаралық ақпарат құралдарының тарихы, тілі, стилі, рөлі, жанрлары, т.б. мәселелері лингвистикалық, философиялық, прагматикалық, тарихи, т.б. аспектіде терең зерттелуі, қазақ тіл біліміндегі баспасөз тіліне байланысты жасалған зерттеулер жаңа бағыттағы жаңа еңбектермен толығырақ түсуі тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Р.Сыздық. Сөз құдіреті. А., «Санат», 1997.
2. М.Серғалиев. Кейбір стилистикалық ұғымдар мен категориялар туралы // ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. А., 1997, №8.
3. В.Г.Костомаров. Русский язык на газетной полосе. М., 1971.
4. Г.Я.Солганик. Стилистика русского языка. М., 2002.
5. И.В.Арнольд. Интерпретация художественного текста: типы выдвижения и проблемы экспрессивности // Экспрессивные средства английского языка. Л., 1975.
6. Л.Дүйсембекова. Қазақ ресми-іс қағаздар тілі. А., «Ана тілі», 2005.



Өтеген ОРАЛБАЕВ,  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
хатшысының кеңесшісі.

## НҰРЛАН ОРАЗАЛИН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ОТАНСҮЙГІШТІК РУХ

Ақын және заман. Ақын және қоғам. Ақын және уақыт. Бұл ұғымдардың арасын бір-бірінен әсте бөліп қарауға болмайды. Ақын мен заман бір-біріне етене қызмет етеді. Ақын өзінің шығармалары арқылы өзі өмір сүріп отырған заманның кескін-келбетін, тыныс-тіршілігін, қысқасы, оның әлеуметтік портретін өлеңімен кейіптейді. «Поэзияда азаматтық әуеннің басымдығы, көркемдік түйіндеулерге ойысқандық, адамның ішкі әлемін аша түсуге машықтану тәрізді сипаттар барған сайын бой көрсете түсуде» деп жазды ақын, ғалым Сағынғали Сейітов жастар поэзиясын талдау мақаласында. (Өлең өлкесінде. А, «Жазушы», 1984, 243-бет). Қаламгердің заман алдындағы жауапкершілігі дегенде оның шығармаларындағы шыншылдық пен көркемдік, идеялық және тақырыптық ізденістер сол ақынның жеке шаруасы ғана емес, яғни, жеке адамның жалпыға ұмтылған, жалпының жалқыға игі әсер етер ықпалы түсініледі. Бұл бағытқа келгенде ақын Нұрлан Оразалин ежелден өзінің заман алдындағы ақындық жауапкершілігін терең сезінген және сол сезінуді өлең арқауын құрауда әркез есінен шығармаған, ақынның иығына түскен әлеуметтік жүкті көтерудегі азаматтық тұлғасын аласартпаған ақын.

*Жолдан...*

*Шаңнан...*

*Қыраттардан...*

Теңіздерден тулаған,  
Бұлақтардан,  
Түннен,  
Шамнан сыр ақтарған,  
Сабырсыз құрақ, талдан,  
Қайыңнан жылап қалған,  
Саябыр тауып оқшау  
Еменнен құлап қалған  
Сені іздедім!  
Өрімнен дүлдүл ұшқан,  
Күндерден  
Бірақ тарлан,  
Төрімнен бұлбұл ұшқан,  
Түндерден жырақ қалған;  
Биіктен,  
Ғарыштардан,  
Жақыннан,  
Жырақтардан,  
Жұлдызды аспанымнан  
Нұр ақтарған  
Сені іздедім!  
Іздедім мәңгілігім!  
Мазасыз сұрақтардан,  
Ақ айдын дәптерімнен,  
Ақ толқын сәттерімнен,  
Сырнайлы шақтарымнан,  
Сырғалы түндерімнен  
Жыр ақтарған! (Таңд. туындылар. 3 томдық.

А., «Атамұра». 1-том, 93-94-беттер).

Жетпісінші жылдардың басында жазылған бұл жырда ақынның ең алдымен өзін іздеуі, өзінің қоғамдағы орнын іздеуі, бір қарағанда, махаббатқа астасқан сырдай болып көрінсе, үңіле қарағанда, ақынның заман тынысын сезінуге деген тынбас

талпынысы айқын аңғарылады. Осылайша өзін өмірден іздеген ақын бірте-бірте, уақыт өте келе жаңа биік, жаңа арналардан өзін көрсете бастайды. Ақындық алып-ұшпа сезім мен көңіл-күй енді байсал тартып, ақылмен суарылып, қаламгер халықтық аудитория алдындағы сөзін бұрынғыдан да көркемірек, бұрынғыдан да тегеурінділеу шабытпен жырлауға көшті.

Ел сүйсе ақбоз аттай заулар бағың,

Еріңе сақ бол, інім, аудармағын.

Жер шеті тірелмейді Алатауға,

Ұмытпа таулардан соң таулар барын.

Ел-ана тең көргенмен балаларын,

Ел атын асқақтатар дана, дарын.

Жер беті таусылмайды Сарыарқамен,

Ұмытпа даладан соң дала барын.

Замана төккенімен көп ызғарын,

Ел-ана санайды ұлдың егіз бәрін.

Жер шеті шектелмейді Атыраумен,

Ұмытпа теңізден соң теңіз барын.

Кеңесіп, келіскенмен тәмәм дарын,

Ала алмай келеді ойдың қамалдарын.

Соғады сағат тілі Мәңгілікке,

Ұмытпа адамнан соң адам барын.

Қай ақын тауыса алған жыр ғып бәрін,

Сарқып айт, сарайыңда сыр бұқпағын.

Саналар шарқ ұруда шартарапқа,

Ұмытпа! Құрлықтан соң құрлық барын.

Аптықпа! Айт дегенде асырмағын,

Шаптықпа! «Шатағыңды» жасырмағын.

Анығын айтады әлі тарих өзі,

Ұмытпа ғасырдан соң ғасыр барын.

Шулайды... тарқамайды алаңдарым,  
Зулайды... жеткізбейді замандарым.  
Мынау ұлы дүние – тұтас, бүтін,  
Ұмытпа ғаламнан соң ғалам барын.

Тыңдайды бейтаныс та, таныстарың,  
Естиді аш-арығың, арыстарың.  
Он сегіз мың ғаламың – көз бен құлақ,  
Ұмытпа!  
Құдай барын...  
Ғарыш барын...

(3-том, 331, 332-беттер). Үлкен өлең! Күрделі өлең!  
Хрестоматиялық өлең! Үлкен өлеңді үлкен ақын ғана жаза алса керек. Жай, ақырын ғана басталған өлең бірте-бірте рухани рупоры көтеріліп, ақыл-ой шекарасының ендіктері мен бойлықтарын дендеп, адамдардың, соның ішінде қазақтардың – өзіміздің өмір сүру ғұрпымыздағы кемшіліктер мен қайшылықтарды көзге шұқып, саусаған сілтеп көрсетпесе де, тірліктің бірлік, өмірдің ұжымдық түсіністік, заманның жер бетіндегі пенделерге ортақ жатақхана екенін тереңнен түсіндіріп тұрған жыр. Алатауды меншіктеп, Сарыарқаны бөлшектеп, Атырауды еншілеп ғұмыр кешудің залалы мен зиянын тартудай-ақ тартқан елдің әлі де психологиялық пішін мен қорқақтық қамыттан арылып болмаған халін бәріміз де білетін жағдайын ақын адамдық, замандық, ғаламдық масштабта қарастырып отыр. «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деп алып, оңашада «қарына тартпайтын қазақ жоқ» деген сөзді тірілтіп жүрген кейбір ағаларымыз бен замандастарымыздың бойындағы кетпес дауа, өшпес дертті шындықпен шаюға әрекет жасаған бұл өлеңнің үлкен мағынасы мен биік мазмұны бар екені белгілі. Ал, ең бастысы, қарапайым пендеге құдайыңды ұмытпа, он сегіз мың ғаламның бәрінде де көретін көз бар деген адами-имани идея ұсынған. Өлеңнің үлкен идеялық мәні де осында жатыр.

Ақынның романтикалық сарындағы жүрек лүпілінің замана тынысына орай байсал тартып, барша халықтың көкейіндегі

сөзін айтуға барынша жауапкершілік танытқаны жіті байқалады. Ақынның ең қымбат құралы – суреткерлік, адалдық екенін қапысыз аңғарасыз. Нұрлан Оразалин осы қасиетін баса көрсете отырып, қаламгердің заман алдындағы өсу, жетілу, даму кезеңдерін де өз оқырманының назарына ұсынады. «Ақын алдан көңіл мен ақаулы тірліктің мазасыз болмысын көріп қана қоймайды. Мейірімнің соңынан ерген қатыгездік барын, өмірдің соңында өлім барын ескерте отырып, әділет пен адалдықтың жеңуі үшін көріп, сезудің аз екенін, әркім өз қуатын жұмсауы қажеттегін меңзейді. Әділет пен шындықтың аспаннан салбырап түспейтінін еске салады.

Ақынның көкірек көзі басқаларға қарағанда ұялы, көңіл көзі басқаларға қарағанда тереңірек. Заманның кескін-келбетін, оның шырқыраған шындығын жырлауда ақын қаламынан туған сандаған сарабал жырлар осы сөзімізге айғақ деген пікірдеміз. Мысалы, «Таңдамалы туындылар» жинағының бірінші томындағы «Тәңірім нұрын төккенде», «Үнім менің алаңдарда адасты», «Түсін, мен...», «Жолдан, шаңнан іздедім», «Ақындар», «Аспан туралы жыр», «Жерік түндер», «Жастық одасы», «Мазасыздық», «Республика жыры», «Жігер жыры», «Ынтымақ жыры», екінші томындағы «Күрес жыры», «Бетпе-бет», «Қозғалыс», «Жетінші құрлық», «Жаңа алаңда жарам бар жазылмаған», «Талбесік», «Ашық сөз», «Ақын болу – хақтың ісі», «Қызуқандылық», «Тамыз оқиғасы», «Сенім», «Кетті қайда...», «Азаттық жыры», т.б. жырлар легі Нұрлан Оразалиннің туған еліміздің үлкен ақыны, қалыптасқан суреткері екенін көрсететін туындылар.

Ақынды заман тәрбиелейді, уақыт өсіреді. Қаламгердің ішкі жан-дүниесінің азаматтық алғырлығы, уақыт пен кеңістік алдындағы адамдық парызы мен жауапкершілігін терең сезінуі оның ой-өрісі мен рухани кемелденуінің негізін салады. Осы тұрғыдан келгенде, Нұрлан Оразалин – заман тынысын, оның адамзатқа тигізер ықпалы мен әрекетін, әсері мен тәлімін о бастан зерделей білген ақын

Ақын күш пен парасат, ақыл мен адуын айбат, қасиетті муза мен

қасіретті қару-жарақ текетірескен қазіргі замандағы күдігі зорайған қоғамның жан-дүниесіндегі күйді өз ой-санасынан тереңнен өткізе, көңілге жеткізе отырып жырлайды. Жырлайды деген сөз мүмкін шартты шығар, ол қазіргі заманның кардиограммасын ақындық айнаға салып, алаңдап қарап, адамзатқа ескерту жасамаққа талпынады. «Көп айтса көнді, жұрт айтса болды» деген Абай қағидасынан тәлім алған ақын көптің керуеніне ілесе бермей, қажет десеңіз, сол көптің өзіне жекенің пікірін жырмен жеткізеді. Өлеңнің жауынгерлік, сарбаздық, авангардтық белсенділігі осындай кезде көрінеді.

Ақын белсенді өмірлік позиция тұрғысынан қарай отырып, адамзаттың өмір сүру жылнамасының қайғы мен қасіретке толы кезеңдерінің шығу төркіні мен шығу себептерін өлеңмен өрнектеп, сұрапыл күндердің сабақтарын Жұмекен ақынша «Жоқ, ұмытуға болмайды» деп түйіндейді.



**Анар КЕУЛІМЖАЙ,  
Қызылорда облысының  
Қазалы қаласындағы  
М. Горький атындағы  
№16 орта мектептің мұғалімі.**

## **«ӘДЕБИЕТ КӨШБАСШЫСЫ»**

*(Зияткерлік сайыс, 7- сынып)*

**Мақсаты:** оқушылардың әдебиет пәнінен өтілген материалдарды меңгеруін, білім деңгейін тексеру.

**Міндеттері:** 1) оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыру; 2) ана тілін сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу, ізденімпаздыққа баулу; 3) оқулық пен қосымша материалдар деректерін пайдаланып, ғылыми-танымдық әрекеттерін жетілдіру.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, компьютер, сандық белгі.

### **Сайыстың өту барысы.**

1. Сайысқа қатысушыларды қазылар алқасымен, сайыс шарттарымен таныстыру.

#### **1-кезең: «Бәйге»**

10 сұрақ беріледі. Әр сұраққа 4 жауап келтірілген. Дұрыс жауапты бірінші болып айтқан оқушыға 10 ұпайдан беріледі. Ең төмен ұпай жинаған 2 оқушы ойыннан шығады.

#### **2-кезең: «Дода»**

4 тақырып беріледі. Әр тақырыпта 5 сұрақтан бар. Оқушы таңдаған тақырыбының 5 сұрағына жауап беруі керек. Әр дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі. Ең төмен ұпай жинаған 2 оқушы ойыннан шығады.

#### **3-кезең: «Жорға»**

3 тақырып беріледі. Әр тақырыпта 20, 30, 40 ұпайлық 3 сұрақтан

бар. Оқушы өзі қалаған сұрағына жауап береді. Сайыс соңында ең көп ұпай жинаған оқушы жеңімпаз болып саналады.

### I кезең: «Бәйге»

1. Абай өлеңі:

- а) «Өгіз бен бақа»                      ә) «Ғылым таппай мақтанба»  
б) «Қысқы жолда»                    в) «Ақсақ киік».

2. Мұқағали өлеңі:

- а) «Фантазия»                              ә) «Отырар»  
б) «Сен ақылды болсаң екен»        в) «Қазағым менің».

3. Әдеби ертегіні тап.

- а) «Қырық өтірік»                      ә) «Ер Төстік»  
б) «Аяз би»                                в) «Толағай»

4. Ахмет Байтұрсынұлының туған жылы:

- а) 1893 жыл                                ә) 1873 жыл  
б) 1846 жыл                                в) 1889 жыл.

5. Жамбылдың «Алғадай туралы әрбір ой» өлеңі кімге арналған?

- а) Немересіне                              ә) Әйеліне  
б) Баласына                                в) Келініне.

6. Мұхтар Әуезовтың туған жылы:

- а) 1897 жыл                                ә) 1900 жыл  
б) 1911 жыл                                в) 1894 жыл.

7. «Бандыны қуған Хамит» әңгімесінің авторы кім?

- а) Мұхтар Әуезов                        ә) Мағжан Жұмабаев  
б) Сәбит Мұқанов                        в) Сәкен Сейфуллин.

8. Абайдың туған жері:

- а) Қостанай облысы                      ә) Семей облысы  
б) Қызылорда облысы                    в) Ақтөбе облысы.

9. «Көксерек» повесінің авторы кім?

- а) Абай                                        ә) Ыбырай Алтынсарин  
б) Мұхтар Әуезов                        в) Ахмет Байтұрсынұлы.

10. Көркем әдебиеттегі табиғат көркін суреттеу не деп аталады?

- а) Пейзаж                                    ә) Портрет



**II кезең: «Дода»****1. Халық ауыз әдебиеті**

1. Халық ауыз әдебиетінің түрлерін ата.
2. Қаз-қаз, балам, қаз, балам,  
Қадам бассаң мәз болам.  
Күрмеуіңді шешейін,  
Тұсауыңды кесейін.  
Қандай жыр?
3. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қандай жырға жатады?
4. Елге белгілі адамдардың қайсыбір оқиғаға байланысты айтқан тапқыр сөздері.
5. «Ер Төстік» ертегісіндегі кейіпкерлерді ата.

**2. XIX ғасыр әдебиеті**

1. «Аягөз, қайда барасың?» кімнің өлеңі?
2. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңінің авторы кім?
3. Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге  
Кетігін тап та, бар, қалан!  
Кімнің өлеңі?
4. Махамбет Өтемісұлының «Тарланым» өлеңі кімге арналған?
5. «Өзен» өлеңінің авторы кім?

**3. XX ғасырдың I жартысындағы әдебиет**

1. «Шәкірт ойы» өлеңінің авторы кім?
2. «Өгіз бен Бақа» мысалының авторы кім?
3. Адамдық борышың –  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай  
Ар сақта, өзің біл. Кімнің өлеңі?
4. Жүсіпбек Аймауытұлының «Әнші» әңгімесі кім туралы жазылған?
5. «Өтеген батыр» дастанының авторы кім?

#### 4. XX ғасырдың II жартысындағы әдебиет

1. «Ананың анасы» әңгімесінің авторы кім?

2. «Даңқың қайда төске өрлеген?»

*Екі жүз мың әскерменен*

*Алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау...*

*... Тек жеңіспен көзін ашқан*

*Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба ...»*

Кімнің өлеңі?

3. «Сен ақылды болсаң екен» өлеңінің авторы кім?

4. Сәбит Мұқановтың автобиографиялық романын ата.

5. *Білем сені, сүйем сені,*

*Сыр сұлуы қарт анам!*

*Сенсің мені әлдилеген,*

*Туған сенен – мен балаң!* Кімнің өлеңі?

#### III кезең: «Жорға»

##### 1. Әдебиет теориясы

1. 20 ұпай. Көркем әдебиетте адамның сырт бітімін, кескін-кейпін, жүріс-тұрысын суреттеуді не деп атайды? (**портрет**)

2. 30 ұпай. Табиғат құбылыстарын жандандырып, кісі кейпінде суреттеу тәсілін не деп атайды? (**кейіптеу**)

3. 40 ұпай. Шығарма кейіпкерлерінің өзара кезектесе сөйлеуі не деп аталады? (**диалог**)

##### 2. «Өлең – сөздің патшасы»

1. 20 ұпай. *Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,*

*Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.*

*Үсті-басы-ақ қырау, түсі суық,*

*Басқан жері сықырлап келіп қалды.*

Кімнің қандай өлеңінен үзінді?

2. 30 ұпай. *Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,*

*Жүрегім, жалын атқан сөз дайында.*

*Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді*

*Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...*

Кімнің қандай өлеңінен үзінді?

3. 40 ұпай. Бір үйде жиюлы екен қазына мал,

Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:

«Бұрынғы атамызға сыйға берген,

Біздерде мынадай бар, мынадай бар !...»

Кімнің қандай өлеңінен үзінді?

### 3. Кейіпкерлер әлемі

1. 20 ұпай. «-Уәзірлерім! Сендер қырқың да асып туған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жаманын тауып әкеліңдер». Қай ертегідегі кімнің сөзі?

2. 30 ұпай. «Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін?! Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қараңдаршы. Айтуға да ықшам, естір құлаққа да жағымды. Әрі мағына жағынан да, қазақ тілінен сабақ беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар - жоғары идеялы есімдер». Кімнің қай шығармасындағы кейіпкердің сөзі?

3. 40 ұпай. «Биыл оның жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет-бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала-бозбаланың қалпына бейімделген». Қай кейіпкердің портреті?

### 4. Сайысты қорытындылау:

1. Сайыс жеңімпазын анықтау. 2. Марапаттау.



## «СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ»

**Сайыстың мақсаты:** тіл мәдениеті мен сөйлеу мәдениетін жетілдіру, шешендік өнерді жастар арасында насихаттау және күнделікті өмірде пайдалана білуге дағдыландыру.

Сайыс алты кезеңнен тұрады:

**I.** Топтың атын, ұранын қорғау (2 мин.)

**II.** «Мақал – сөздің мәйегі» (Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын мақал-мәтелдер жарысы, 2 мин.)

**III.** «Тіл мәдениеті» (Махмуд Қашқари еңбегіндегі мақалдарды қазіргі мақалдармен мағыналық жағынан сәйкестендіру, 3 мин.)

**IV.** «Деген екен» (Билер, шешендер, әйгілі өнер, білім қайраткерлері, ақын-жазушылардың ұтқыр ой, ұтымды жауаптарынан үзінділерді мәнерлеп оқу, 2 мин.)

**V.** Әр түрлі жағдаяттарға жауап беру (2 мин.)

**VI.** Үй тапсырмасы («Менің Қазақстаным», «Алтын ұя – мектебім», «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Туған жер – алтын бесік» тақырыптарында сөйлеу (3 мин.)

Топ 4 адамнан құралады.

Әр топтың жауаптарын қазылар алқасы 5 ұпайлық жүйемен бағалайды. Көп ұпай жинаған топ жеңімпаз атанады және марапатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер: Балтабай Адамбаев. Шешендік сөздер. А., 1990; Абат Қыдыршаев. Шешендіктану. Орал, 2004.

**1-жүргізуші:** – Құрметті оқушылар мен ұстаздар, тілдер мерекесіне арналған «Сөз тапқанға қолқа жоқ» атты шешендік өнер сайысына қош келдіңіздер! Бүгінгі сайысымызға 9-сынып оқушылары мен сынып жетекшілері қатысып отыр.

**2-жүргізуші:** – Сайыскерлердің білімін, шешендік шеберліктерін бағалайтын қазылар алқасын сайлап алайық. Жауаптар 5 ұпайлық жүйемен бағаланады. Көп ұпай жинаған топ жеңімпаз атанып, онкүндіктің жабылу салтанатында марапатталады.

*(Келген қонақтардан қазылар алқасы сайланады.)*

**1-жүргізуші:** – Сайысымыздың бірінші кезеңін бастаймыз. Әр топ өздерінің аты және топтың ұранын қорғайды.

**2-жүргізуші:** – Қазақ – «сөз қадірі – өз қадірім» деп білген халық. Қазақ тілі – сұлу, қонымды да толымды тіл. Сол тіл кестелеп өріп өрнектеп, өлмейтін, өшпейтін ғажайыптар тудырды. Асыл мұра – сарқылмас ауыз әдебиетін жасады. Ауыз әдебиетінің байлығының бірі – мақал-мәтелдер. Олай болса, мақал-мәтелдер жарысын бастаймыз. 9а сынып оқушылары 9ә сынып оқушыларымен, 9б сынып оқушылары 9в сынып оқушыларымен жарысады.

**1-жүргізуші:**

... Су түбінде жатқан тас

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады.

Ендігі кезекті «Тіл мәдениеті» кезеңіне береміз: Махмұт Қашқаридың мақалдарын қазіргі мақалдармен мағыналық жағынан сәйкестендіру.

1-топқа (9а сыныбына).

*«Тәрбие басы – тіл.»*

2-топқа (9ә сыныбына)

*«Кеңескен білім өседі. Кеңеспеген білім өшеді.»*

3-топқа (9б сыныбына)

Жалқауға бұлттың көлеңкесі де жүк болады.

4-топқа (9в сыныбына)

Ерінбегеннің ерні май болады,

Ерінгеннің басы қан болады.

**2-жүргізуші:** – «Деген екен» кезеңінде билер, шешендер, әйгілі өнер, білім, қайраткерлері, ақын-жазушылардың ұтқыр ой,

ұтымды жауаптарынан үзінділерді мәнерлеп оқу керек. Әр топқа 2 минут беріледі...

**1-жүргізуші:** – 5-кезеңде әр топтың оқушысы мен мұғаліміне әр түрлі тапсырмалар беріледі. 1-топ оқушысына. «Сен 3 метр боп өсіп кеттің. Осыған байланысты әңгіме құра.» Мұғаліміне. «Сүйікті кітабыңызға пікір айтыңыз. Бұл шығарма сізге несімен ұнады? Дәлелдеңіз.»

**2-жүргізуші:** 2-топ оқушысына. «Өзіңді шешен адам орнына қойып бүгінгі жастардың игі істері туралы әңгімеле.»

Мұғаліміне. «Ас – адамның арқауы» тақырыбында ойыңызды қорғаңыз. Қазақтың ұлттық тағамдарын атап, денсаулыққа пайдасы туралы әңгімелеңіз.»

**1-жүргізуші:** – 3-топ оқушысына. «Өзіңізге белгілі жаңылтпаштар арқылы ерекше әңгіме құрастырыңыз, оның барынша анық және тез дыбысталуына жаттығыңыз.»

Мұғаліміне. «Абайдың дәстүрлі шешендік өнерге қатысы жақында нақтылы мысал келтіре сөз сөйлеңіз.»

**2-жүргізуші:** – 4-топ оқушысына. «Менің құрдастарым» тақырыбына әңгіме құрастырыңыз.

Мұғаліміне. «Сөйлемді аяқтаңыз: 1. Менің айтып тұрғаным, - бұл ...

2. Кім мені тыңдайды, - ол...

3. Кім айтады, - сол...»

**1-жүргізуші:** – Қазақ халқы ежелден-ақ тіл қадірін біліп, ақылды, дұрыс сөзге бағына білген. Шешендердің сөзінде өлеңге бергісіз үйлескен ырғақ болған. Ұяшықтан сөйлеу мәдениетіне арналып тапсырмаларды таңдаймыз («Менің Қазақстаным», «Алтын ұя – мектебім», «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Туған жер – алтын бесік» тақырыптарында пернелеп сөйлеу және әр топ бір-біріне мақал жасырып, ұйқасын табады).

**2-жүргізуші:** – Бүгінгі сайысымызды қорытындылау үшін қазылар алқасына сөз береміз. (Қазылар алқасы жеңімпаздарды атайды.)

**Қорытынды.** Шешендеріміз арқылы мақтанып жүрейік.

Күнделікті өмірде шешендік сөздерді орынды, дұрыс қолдануға дағдыланайық. Ел тәуелсіздігінің ең бастысы белгісі – оның тілін, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуға атсалысайық. Біздің тіліміз – ананың ақ сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз.



Гүлзада ҮСЕЙІНОВА,  
№240 мектептің мұғалімі.  
Қызылорда облысы,  
Жаңақорған ауданы,  
Қандөз ауылы.

## САНЖҰМБАҚ

Сапалы білім мен саналы тәрбие беру – әр ұстаздың міндеті. Біздер әр сабағымызды жүйелі түрде жоспарлай біліп, алдымыздағы баланы жалықтырып алмай, тыңғылықты жұмыс атқаруымыз керек. Мен өз сабақтарымда СТО, МОТ элементтерін жиі пайдаланып отырамын. Мен сіздерге осы кезеңдерде пайдаланатын өзім жасаған санжұмбақтардың бірер үлгісін ұсынғым келіп отыр.

Бұл санжұмбақты алдын ала дайындап келсеңіз де немесе дер кезінде тақтаға сызып көрсетсеңіз де оңай әрі уақыттан да ұтасыз. Ал берер білімі орасан деп ойлаймын.

9-сыныпта Мұхтар Әуезовтің шығармашылығына байланысты сабақты қорытып түйіндеу кезеңінде осы санжұмбақты пайдаландым.

2	2	6	5	4	2	3	4
А	б	а	й	ж	о	л	ы

1-сұрақ. Мұхтар Семейде кімнің қолында оқыды?

2-әрпі – А (*Қасымбек*)

2-сұрақ. «Еңлік-Кебек» пьесасы кімнің монологынан басталды?

2-әрпі – Б (*Абыз*)

3-сұрақ. Шалдан қашып боранда үсіп өлген кім?

2-әрпі – А (*Рабиға, «Қыр суреттері» әңгімесі*)

4-сұрақ. Абайдың аты кімнің асында ерекше білінді?

5-әрпі – Й (*Бөжей*)



5-сұрақ. Қасым қай әңгіменің кейіпкері?

1-әрпі – Ж («Жетім» әңгімесі)

6-сұрақ. Зұлым ақын қай әңгіменің кейіпкері?

2-әрпі – О («Қорғансыздың күні»)

7-сұрақ. Абайдың жары кім?

3-әрпі – Л (Ділда)

8-сұрақ. Құнанбай жас Абайды алғаш кімге жұмсайды?

4-әрпі – Ы (Құлыншақ)

Әсіресе бұл санжұмбақтар сабақтарды қорыту кезінде ұтымды әрі қызықты. Сонымен қатар жауапты тапқан оқушының сөзіне фонетикалық талдау жасатамын.

Қазақ тілі сабағында да бұл санжұмбағым жақсы нәтиже беріп жүр.

Синоним (5-сынып). Бұл тақырыпты өтпес бұрын балаларға мына санжұмбақты тақтаға сызып көрсетемін.

2	6	5	5	6	5	1
с	и	н	о	н	и	м

1. Қандай ел озар?

2-әрпі – С (Ұсталы)

2. Ер Төстіктің аты.

6-әрпі – Ы (Шалқұйрық)

3. Қарадан туып хан болған кім?

5-әрпі – Н (Мадан)

4. Жар басында тесулі тұрған жарты лашық кімдікі?

5-әрпі – О (Бекторы)

5. «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі қойшы баланың әкесінің аты кім?

6-әрпі – Н (Мергенбай)

6. Жалпы халықтың көркем тілі қалай аталады?

5-әрпі – И (Әдеби)

7. «Үш бақытым» өлеңінің авторы кім?

1-әрпі – М (Мұқағали)

Үй тапсырмасын сұрау кезінде де пайдалану тиімді.

4	2	7	1	6	6
Ж	а	м	б	ы	л

1-сұрақ. 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында дүниеге келген ақын кім?

4-әрпі – Ж (*Мағжан*)

2. Білімге жаны құштар Мағжан қай медреседе оқыды?

2-әрпі – А («*Ғалия*»)

3. Абақтыда анасына жазған өлеңі қалай аталады?

8-әрпі – М («*Сағындым*»)

4. Мағжан кімнің мектебінде оқыды?

1-әрпі – Б (*Бекен*)

5. Қайда барса сыйымды

Білімі мол бұйымды. Қай өлеңнен алынған үзінді?

6-әрпі – Ы («*Балалық шақ*»)

6. Мағжан қандай ақын?

6-әрпі – Л (*Ұлтшыл ақын*)

Осы санжұмбақты шешу арқылы балалар үй тапсырмасына жауап береді.



**Әлия БҮРКІТБАЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
№146 жалпы білім беретін  
мектептің мұғалімі.

## СӨЗ ТАПТАРЫН ҚАЙТАЛАУ

(6-сынып)

Бүгінгі жәрмеңкеде сатылатын сөз таптары – зат есім, сын есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, одағай, еліктеу.

Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, сабағымызға барлық сөз таптары қатысып, арамызда бас қосып отыр, әрқайсысы өз қызметтерін таныстыру үшін шағын көрініс даярлаған.

– Оу халайық! Дүниедегі барлық байлық «кім, не» деген сұраққа жауап береді. Олай болса менен асқан кім бар? (*Зат есім* орнынан тұрады).

– Сол заттардың түр-түсін, сапасын анықтап жүрген кім деп ойлайсыңдар? (Ізетпен сәл еңкейеді. Ол *Сын есім* еді).

– Байлық та, басқа да есепсіз болмас, сондықтан есеп керек! – деді орнында отырған Сан есім.

– Барлығың қанша мақтансаңдар да менен алыс кете алмайсыңдар, - деп *Есімдік* басу айтып қояды.

Шыдай алмай *Етістік* атып тұрады:

– Тоқтат, тоқтай тұрыңдар! Зат біткен көркем болсын, көп болсын қимыл әрекетке түспесе не пайда?!

– Өте дұрыс! – деді кенеттен *Үстеу*. – Бізде босқа жүргеніміз жоқ. Осыны ескеріңдер.

– Түу, пыс-пыс әңгіменің не керегі бар! – деп күңк ете қалды *Еліктеу*.

– Өздерің туралы мақтан айтуға қалай ұялмайсыңдар. Доғарайық сөзді, - деді *Шылау*.

Барлығы келісімге келе бергенде *Одағайдың* үні шығады:

– Ой, әттеген-ай, бағанадан бері осылай етпейсіңдер ме?

Өз білімдерін көрсете отырып әрқайсысын оқушылар жәрмеңкеде сатып алатынын айтамын.

Сабақты тарихпен байланыстырып жәрмеңкенің шығу тарихына тоқталу.

Қазақ жеріндегі үлкен жәрмеңке 1847 жылы мамыр айында Қарқаралыдан 50 шақырымдай жерде Талды-Қоянды өзенінің бойында алғаш рет ұйымдастырылды.

Халық арасында Қоянды жәрмеңкесі аталып, тарихқа осы атпен енді. Арқа өңірінің небір өнер тарландары жәрмеңкені «өнер базары» етіп күшейте түскен...

Қатар-қатармен жұмыс істеу басталады.

I қатар сын есімді, II қатар сан есімді, III қатар есімдікті тауып сатып алады. Өздері сатып алған сөз таптарына морфологиялық талдау жасайды.

Оқушыларды бірнеше топқа бөліп тапсырма беремін. Дұрыс жауап бергендері алдарындағы тапсырманы өз білімдерімен сатып алады.

Өздік жұмыс (Ойтолғау)

1) Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына байланысты ой толғап, соның ішінен шылауларды табу.

2) Үстеу мен одағайлар беріп, оларға сөйлем құрату, олардың түрін ажырату.

3) «2011 жылғы VII Қысқы Азия ойындары» деген тақырыпта әңгіме жүргізе отырып, белгілі бір сөздерге және сан есімдерге морфологиялық талдау жасату.

Сергіту сәті. Тақтаға мына өлең шумағын жазамын. «Осыны кім тез жаттап алса, сол нағыз қазақ болады» деп ой тастап, оқушыларды бір сәт сергітіп аламын.

Алыстан «Алаш» десе аттанамын,  
Қазақты «қазақ» десе мақтанамын!  
Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?

Оқушылар жаттап алғаннан кейін авторын сұраймын. Сабақтың сөз таптарының ерекше екендігін және қазақ тіліндегі морфология тарауының негізін қалайтындығын жинақтап ұғындырып қорытындылаймын.



Лаура ЮСУПОВА,  
Абай атындағы  
ҚазҰПУ-дың ізденушісі.

## ШӘКӘРІМНІҢ «ЛӘЙЛІ-МӘЖНҮН» ДАСТАНЫ

*(Көркем аударма мәселесі)*

Шығыс мәдениетінің маржандарын тандап, талғап терген Шәкәрімнің назар аударған дүниесінің бірі – әйгілі «Ләйлі-Мәжнүн» хикаясы болды. Қолда бар деректерге қарағанда, Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны 1907 жылы дүниеге келген. Поэма 1922-1923 жылдары «Шолпан» журналының бірнеше сандарында басылды. Кейінірек, 1935 жылы Сәкен Сейфуллиннің басшылығымен жеке кітап болып шықты.

Бұл шығарманың сюжетін ақын Шығыстың ұлы шайырларының бірі – Физулиден алған.

Шәкәрімді Ләйлі мен Мәжнүн басындағы ғашықтық хикаясы, махаббат трагедиясы ғана емес, сол оқиғаны түрлі дәуірлерде бірін-бірі қайталай жырлаған әр алуан ақындардың ішіндегі Физулидің көркем нұсқасы да ерекше қызықтырғанға ұқсайды. Шынында да, бұл хикая Шығыс жұрттарына ежелден кең тараған. Ертедегі араб аңыздарынан алынған бұл оқиғаны алғаш рет XII ғасырда өмір сүрген атақты Шығыс шайыры Низами өзінің «Хамсасының» бір тармағы ретінде жырларына арқау етіп, 1188 жылы осы аттас поэма жазды. Махаббат тақырыбына арналған бес поэмадан тұратын Низами «Хамсасы» өзінен кейінгі классикалық Шығыс поэзиясының даму шежіресінде дәстүрлі жолға айналды. XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген үнді ақыны Әмір Хұсрау Дехлеви, Әлішер Науаилар да Низамидің ізімен осындай «Хамсалар» тудырды. Олардың бәрі де «Ләйлі-Мәжнүн» оқиғасын

жамтып отырды. Бұлардан соң осы тақырыпқа әр замандарда Жәми, Физулилер назар аударды. Сөйтіп, Шығыстың классикалық поэзиясына тән ерекшелік ретінде бағаланатын «нәзира» дәстүрі өмірге келді, яғни, көнеден келе жатқан белгілі сюжеттік желіні пайдалана, түрлі тараптың ақындарының әр алуан тілде аттас шығармалар тудыру үрдісі орнықты. «Мұндай поэтикалық бәсекенің туу себептері өткен ғасырдағы еуропалық ғалымдарға мүлде түсініксіз болды, - дейді А.Бертельс. -Науаидың «Хамсалары» олар үшін Низами поэмаларының аудармаларындай көрінді. Шын мәнінде олар тіпті де мұндай емес еді».

Шәкәрім түрлі дәуірлерде туған осынау шығармалармен жақсы таныс болғанға ұқсайды. Ләйлі мен Мәжнүн тақырыбына жазылған поэмалардың ішінен Физули нұсқасын таңдап алуында да осындай білімділіктің, жан-жақты хабардарлықтың нышаны жатқаны анық. Олай дейтініміз, өзінің көркемдік кестесі жағынан Физули дастаны өзге нұсқалардың бәрінен биік тұрған, ұлы шайырдың көзінің тірісінде-ақ көркемдігімен көпке атағы жайылған туынды еді. «Мұндай ғып еш бәйітші жаза алмаған» дегенде Шәкәрім осыны меңзеген болуға тиіс.

Көркем шығарманың өзіндік сипаты, құрылыс, бас аяғы бар біртұтас туынды дейтін болсақ, «Ләйлі-Мәжнүн» қазақ даласына белгілі бір ақынның туындысы ретінде емес, алдымен сюжеті, тақырыбы, кейіпкерлері келді. Шығыс әдебиетіне тән нәзирашылдық дәстүрмен қазақ ақындары, қисса дастаншылары да бұл жырды өздерінше жырлап, әдебиетіміздің төл туындысына айналдырып жіберді. Шығу тарихы VI ғасырдағы арабтың Мәжнүн атанған ақынының есімімен байланыстырылатын бұл сюжетті әдеби нұсқа ретінде тұңғыш рет дастан қылған Низами саналады (XIIғ.). Ал Әзербайжанның атақты ақыны Физули бұл жырды Низамидің нұсқасының үлгісінде Әзербайжан, одан қалды бүкіл түркі, шығыс әдебиетінің бай дәстүрлерімен байыта отырып өзінше қайта жырлап шықты. Адам бойындағы ең бір асыл сезімі асқақ шабытпен жырланған Физулидің осы нұсқасы

казак арасында молынан тарады. «Ләйлі-Мәжнүннің» Физули жырлаған нұсқасының сюжеті бойынша Шәкәрім дастан жазды (Шығармалары. А., «Жазушы», 1988).

Физули (лақап аты, білімдар, от тілді, орақ ауызды деген мағынаны білдіреді) «Ләйлі-Мәжнүнді» ақындық даңқы дүрілдеп тұрған 74 жасында, яғни, әбден кемеліне келген кезінде замандастарының тілегіне орай жазған. Ақынның бүкіл поэзиясының идеялық бағытын анықтайтын адамгершілік, гуманистік уағыздар бұл дастанда да мейлінше көрініс тапқан. «Ләйлі-Мәжнүннің», оның авторы – Физулидің атын әлемдік әдебиетте асқақтатып тұрған – осы адамзаттық мәні зор барлық мәселелердің поэтикалық тұрғыдан шырайлана жырлануы дер едік. Бұл ретте Физули дүние қумай, адами асыл қасиеттермен өмір сүруді уағыздайтын сопылық әдебиеттің үлкен бір өкілі ретінде көрінеді. Асыл идеялар ақындық құдіретпен ерекше қасиетті өнер туындысына айналады. Кезінде В.Г.Белинскийдің өзі «Физули өлеңдерінің өн бойында сурет әсем әуез боп, ол әуезі таңғажайып суретке айналып тұрады, сөздері бояулы, бейнелі келеді, осы қасиеттердің бәрі қосылғанда өзгеше бір тұтас сұлулық дүниесі сыр шертеді» деп Физули поэзиясын аса жоғары бағалаған.

Физули мұрасын зерттеушілер «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын Низамиден аударма деп емес, ақынның төл туындысы деп қарайды (Қараңыз: Гамид Араслы. Великий Азербайджанский поэт Физули. Баку, 1958; Физули. Лейла и Меджнун. М., 1958. Предисловие Рустама Алиева и др). Бұлай деуге негіз – екі дастанның тақырыбы, негізгі сюжеті, кейіпкерлері, идеясы бір, ортақ болғанымен де, көркем аударманың талаптарына сай келе бермейтін көптеген өзгешеліктері. Физули дастанды жазу барысында сюжетті дамыту, тақырыпты аша түсу, образдарды сомдау жағынан келгенде өзінше кеткен жерлері баршылық. Мысалы, Мәжнүннің көгершінмен, таумен, шынжырмен, Ләйлінің балғамен, шырақпен, бұлтпен, түйемен, таңғы самалмен, аймен сырласуы сияқты эпизодтар Физулидің дастанында жаңадан қосылған. Низами кейіпкерлерінің

бірі Салим Амират Физулиде жоқ, керісінше жаңадан Зәйттің бейнесін қосқан. Сондықтан да Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны Низамиден де, одан басқа да осы тақырыпты жырлаған ақындардан да аударылған емес, шығыс әдебиетінде кеңінен тараған тақырыпты өзінше жырлаған ұлы шығарма деп бағаланады.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, араб, парсы, түркі әдебиетінде кең тараған «Ләйлі-Мәжнүнді» Дехлеви (XIII) үндіше, Науаи (XV) өзбекше, Хатефи мен Мектеби (XV) парсыша, Физули (XVI) азербайжанша қалай жырласа, Шәкәрім де солай қазақша сөйлеткен туынды деп қараған жөн. Оған «Ләйлі-Мәжнүннің» Шәкәрім негізге алған Физули нұсқасы мен қазақшасын салыстыра қарағанда көзіңіз жетеді (Салыстыруды азербайжандық нұсқасымен жасауға мүмкіндігіміз болмағандықтан 1958 жылы Мәскеуде шыққан орысшасын негізге алдық).

Ең алдымен көлемі жағынан көп айырма бар: Физулидің «Ләйлі-Мәжнүні» 320 бет болса, Шәкәрімде 50 бет. Екі дастанның композициялық құрылымы да өзгеше. Физули дастанының басында поэманы жазғандағы мақсаты мен ойынан хабардар ететін шағын прозалық түсінік пен үш төрттағаннан тұратын кіріспе берілген. Шәкәрімде бұлар жоқ. Ол «Біле ме сіздің қазақ ғашық жайын» деп тақырыпқа бірден кіріседі. Физули дастаны тарауларға бөлінген. Әр тараудың басында суреттелер оқиғадан хабар берер бір сөйлемнен тұратын түсініктеме беріліп, соңынан Ләйлінің, Мәжнүннің, ойшылдың, т.б. ғазалдары және де «Тараудың аяқталуы» деген тақырыпшалармен қорытындыланып отырған. Шәкәрімде тарауларға бөлінбеген, бір оқиғадан екіншісін жырлауға көшерде «Далада тағы (Мәжнүн) қаңғып жүре тұрсын // Келелік Ләйлі деген қызға таман» деген сияқты ескертулер жасап, ауысып отырады. Физулидің дастаны екі жолдан тұратын ғазал үлгісінде жазылса, Шәкәрім төртжолдық шумақпен жырлаған. Физулиде ғашықтықтан ғаріп халге түскен Ләйлі өз мұңын балғаға, жанып тұрған шамға, бұлтқа, түйеге, таңға, самалға, айға шақса, Шәкәрім де көбелекпен, шаммен, бұлтпен ғана мұңдасады,



қалғандарын артық санаған. Есесіне көбелекті қосқан. Мұндағы көбелек салыстыру арқылы бейнені бедерлей түсу қызметін атқарып тұр;

«Көбелек, сен де мендей шамға ғашық,

Боласың қайтіп ғашық менен асып.

Күйсең де өлмесеңші мен сықылды,

Өлесің екі айналмай мұнша сасып» (371-бет) деген шумақтың

аңғартары көп. Қанаты күйгеніне, жанғанына қарамай, отқа түсіп, ұмтыла беретін көбелектің күйін суреттеумен Шәкәрім психологиялық параллелизм жасау арқылы махаббаттың отына шарпығанына қарамастан сүйгеніне ұмтылған Ләйлінің ғашықтық дертіне ұшыраған жайын бейнелі түрде күшейте түскен. Осы бір детальдің өзі-ақ бүкіл жан-жүрегін сүйгеніне деген оттай лаулаған сезім жаулап алған Ләйлінің ғашығына жету үшін «көзсіз көбелек» сияқты отқа түсуге де дайын екенін аңғартады.

“Қаншама адам болса, соншама махаббат бар” дейді. «Ләйлі-Мәжнүндегі» махаббаттың ерекше бір романтикалық тәсілмен суреттелуі дастанды әлемдік әдебиеттің асылына айналдырып жіберген. Махаббат сезімі әдетте адамда есі кіріп, ержете бастаған кезде пайда болатын болса, «Ләйлі-Мәжнүнде» есін білмейтін, сәби, бесіктегі кезінен көрінеді. Араб жұртындағы бір бай саудагердің шаңырағында әйелі босанып, Қайыс атты ұл туады. Бала қырқынан шығара салысымен шырқырап жылай береді. Дәрігерге көрсетсе, баланың дені сау, бірақ «Бір түрлі жүрегінде қайғысы бар» дейді. Өмірге жаңа келіп жатқан баланың жүрегіндегі не қылған қайғы? Автор осы арқылы бала туылмай жатып-ақ оның жүрегі ғашықтық ауруымен ауырған, яғни, Ләйліні сүйетін еді дегенді аңғартқан. Жылап қоймаған соң көшеге шығарып көтеріп жұбатып жүрсе, бір кезде сәби жылағанын қояды, сөйтсе тағы да бір бала көтерген адам жанынан өтіп барады екен. Ол ұзағанда бала тағы жылайды. Сонда құндақтаулы екі бала Ләйлі мен Мәжнүннің жылай беретіні екеуі бір-біріне ғашық, бір-бірін іздейді екен. Екеуі екі жақта жылағанын қоймаған соң ата-анасы оларды бір кемпірге асырауға береді.

Кемпір Қайысты қолына алса, тас емшегі жібіп, сүт келіп, емізеді, ал Ләйліге келгенде сүт шықпайды. Шәкәрім осылайша суреттеу арқылы бір ананың сүтін емгендердің қосылуына болмайды дейтін дәстүрді Алла-тағаланың өзі қолдап, біріне емізіп, біріне емізбейтін түр дегенді меңзейді.

Міне, осылайша туа басталған ғашықтық дерті екі жастың бойын әбден меңдеп алып, айықпас ауруға ұшырайды. Махаббаттан екеуі де от болып жанады. Екеуі бір-біріне жақындағанда бірін-бірі күйдіріп жалынға орайды.

Дүниежүзілік әдебиетте ғашықтықтан небір жағдайларға душар болғандар суреттеліп жатады. Олардың ішінде ғашықтықтың оты бойын өртеп, дерт шалып, ауруға ұшырайтындар да бар. Бірақ та бір-бірімен кездесіп құшақтасқанда от боп жанып, бір-бірін жалынға орайтын ғашықтар тек Ләйлі мен Мәжнүн ғана, бір-бірін көргенде естерінен танып қалатындар да осы екеуі: «Бағана екі ғашық қалған талып, Отырған Ләйлі есін жиып алып. Мәжнүнді талып жатқан тұрды күтіп, Бетіне торғын шәлін жаба салып» (370-б).

Екі ғашықтың бір-бірімен қосылуына, бір жағынан, ата-аналары қарсы, екінші жағынан, кездескен кезде бір-бірін күйдіріп, өртеуі бірге тұрып жұптасуына мүмкіндік бермейтіндігіне көзі жеткен Ләйлі Мәжнүнге соңғы қоштасу аманатын жазады. Онда мынадай жолдар бар: «Демеуші ем, қалқам, сені күйгізейін, Деуші едім күнде саған сүйгізейін. Денеңе денем тисе жана бердім, Өлген соң құшақтатып тигізейін... Мен үшін кезіп кеттің айдалаға, Білмедім кеткеніңді қай далаға? Қарағым, ақыретте табысайық, өмір енді қайтып айнала ма?...

Зарланып қабіріме келіп тұрсаң, Қойнымды әлім келсе ашар едім... Жылама, құдай қосса, қияметте, Құшақтап құмарыңды қандырамын» (388-390-беттер).

Физулиде Ләйліге ғашық болып жүрегіне шоқ түсіп, бүкіл жан-дүниесі отқа өртенген Мәжнүн сүйгеніне қосыла алмайтындығына көзі жеткен соң өмір сүруге деген құштарлығынан айырылып,

дала кезіп кетеді. Ол үшін мына өмір төңкеріліп түскендей, мәнін жоғалтады, өңі мен түсін ажырата алмай есінен адасады. Көзін ашса да, жұмса да алдынан Ләйлі кетпей, жан-дүниесі түгелдей Ләйліге айналып, ол үшін бүкіл өмір мәнін жоғалтып, онсыз өмір сүруді қажетсіз деп санайды. Санасын өзі сүйген қызының бейнесі билеп, айналасындағы өмірді сезінуден қалған ол тіпті Ләйлімен кездескенде оны танымай қалады. Осыдан кейін бүкіл ғұмырын Мәжнүнге деген сүйіспеншілікке арнаған Ләйлі бұны өзін қорлаушылық санап, ары қарай өмір сүрудің мағынасы жоқ деп біледі. Ләйлі өлген соң іздеп келген Мәжнүн оның қабірін құшақтап жатып жанын береді. Адамдар Мәжнүнді де арулап Ләйлінің жанына жерлейді.

Шәкәрім дастанның соңындағы осы бір оқиғаны өзгешелеу аяқтаған. Мәжнүнді Ләйлімен кездестіруге Зейіт ертіп келеді. Бірақ қатты ауырып жатқан Ләйлі кездесуге келе алмайды. Ләйлі өлер алдында ата-анасын шақырып алып, бар өкпе-назын, соңғы өтінішін айтады. Онда мынадай сөздер бар: «Мәжнүнге туа сала ғашық едім, Мінекей, болдым соған айтқан тоқты. Бетімнен, етімнен де сүймеңіздер, Біреудің ғашығына тимеңіздер. Денемнің өлсем-дағы оты сөнбес, Жалынды сүйемін деп күймеңіздер... Қиянат қылмаңыздар Мәжнүн жасқа, Мен үшін қаңғырды ғой тау мен тасқа. Баршасын дүниенің қылды талақ, Жалғанның несін алды менен басқа... Лақатты кеңдеу қазғыз сол сиярлық, Қылмасын екеуімізге қабір тарлық. Мәжнүнмен бір бейітте қосылуға Құдайдан, еншалла, жарлық болар» (392-393 беттер).

Шығыстың шайырлары 128 «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын жазыпты. Сюжет бір, кейіпкерлер бір болғанмен, әр ақын өзінше жырлап, өзінше ой түйген. Солардың көпшілігін тарихтың толқындары лақтырып тастағанда, бізге сыннан өткен Науаидың, Низамидің, Физулидің дастандары сияқты санаулылары ғана жеткен. «Оятқан мені ерте Шығыс жыры // Айнадай айқын болды әлем сыры» дегенінен Шәкәрімнің Шығыс поэзиясын жақсы білетіндігі көрінсе, сол Шығыстың сөз өнеріндегі інжу-

маржандарының ішіндегі ең бір асылдарының қатарындағы Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны негізінде жаңадан, өзінше жырлаған поэмасы көркемдігі жағынан да, идеясы жағынан да биіктен көрінген кемел туынды ретінде тек қазақ әдебиетінің ғана емес, түркі халықтары, одан арғы Шығыс әдебиетінің алтын қазынасынан өзіне лайықты орнын алуға тиіс деп санаймыз.

### *Резюме*

Статья посвящена проблемам художественного перевода в казахской литературе.

### *Resume*

The article is devoted to the problems of literary translation in the Kazakh literature.



**Фарида ЖАПАРҚҰЛОВА,**  
**Жамбыл медициналық колледжінің**  
**оқытушысы,**  
**әл Фараби атындағы**  
**Қазақ ұлттық университетінің**  
**ізденушісі.**

## **МАЙКӨТ САНДЫБАЙҰЛЫ МЕН БӨЛТІРІК АТЫХАНҰЛЫНЫҢ АЙТЫСЫ**

Майкөт Сандыбайұлының бүгінгі күнге жеткен айтыстарының бірі – Бөлтірікпен айтысы. Айтыс түрлі жинақтарда бірнеше рет жарық көрді. 1891 жылы Майкөт Сарыбай Айдосұлының асына келіп, Жетісудың жайсандарының құрметіне бөленеді. Сол

келген сапарларында ел жақсыларының қолқалауымен Майкөт Жетісуда өлең-жыр айтып, ақындармен дидарласып едәуір уақыт жүріп қалады. Бөлтірікпен айтысуы осы тұсқа сәйкес келеді. Құлмамбеттің өмірі мен шығармашылығын зерттеген Тоқтар Әлібек осындай пікір айтады [1. 38]. Біздіңше, бұл пікірдің жаны бар.

Қолда бар деректерге қарағанда, айтыс мәтіні Бөлтірік ақынның өзінің айтуымен жазылып, ел ішінде айтылып жүрген. 1941 жылы Фатима Ғабитова айтыстың осы нұсқасын жазып алып, қолжазба қорына тапсырған. Айтыстың кіріспе бөлімінде Қасқарау байдың асы болғаны, астың бір тұсында құн дауы болып, Бөлтірік ақынның жағы құн беруге көнбей, ерсі іс қылғанға ұқсайды [2.173; 3.68]. Осы бөлімде:

*Мырзабек пен Қақыке,  
Құдайберген қолға алып,  
Шызарды сонда Майкөтті  
Ақ үйден сұрап келтіріп [2.173; 3.66 ], –*

деген өлең жолдары бар. Осындағы Мырзабек аты, Құдайберген аты анық, ұғымға түсінікті. Ал «Қақыке» сөзі түсініксіз. Бөлтірік Атыханұлының «Ұрпаққа өсиет» деген атпен шыққан шығармалар жинағында бұл сөз «Қашыке» болып берілген. Бұл да қисынсыз. Біздіңше, бұл сөз екі басылымда да қате жазылған. Дұрысы Қашке болу керек. Осы жерде Майкөттің «Жетісу саңлақтарымен сәлемдесу» толғауындағы мына жолдарға назар аудару артық емес:

*Ассалаумағалейкүм, Құдайберген,  
Құдайға қылған ісің ұнай берген.  
Мырзабек Кәшкеменен бірге туған,  
Бұл Майкөт нәсіп айдап мұнда келген [2.27].*

Осындағы кісі аттары мен Майкөт пен Бөлтірік айтысындағы жоғарыда келтірілген өлең жолдарындағы кісі аттары арасында айырмашылық жоқ деуге болады.

Мырзабек пен Қашке – Қарасайдың төрт ұлының бірі Түрікпеннің немересі Дәулеттің балалары. Осы екі адамнан тараған ұрпақ

шапырашты ішінде екі ата болып өсіп өркендеген. Майкөт пен Бөлтірік тұсында Мырзабек бір ата ел болғанда, Қашке ұрпақтары екінші ата болған. Сөйтіп бір туған екі жанның ұрпақтары екі ата болып өскен. Осыған тоқтаған жағдайда, екі ата ел Мырзабек пен Қашкеден Құдайберген шығып, Майкөтті Бөлтірікпен айтысуға сұрап келтіргені туралы ой айқындалып қалады. Өлең сөз былай жалғасады:

*Басатұғын боп еді,*

*Сөзбен буын өлтіріп.*

*Алпысбайға сөз сөйлеп,*

*Жүз сом алдым еншілік.*

*Майкөт ақын дәуірлеп,*

*Кәрі бурадай күркілдеп,*

*Қоя берді тепсініп [2.173; 3.66].*

Берілген өлең жолдарының мазмұнына қарағанда, Майкөт пен Бөлтірік бұған дейін біраз айтысып, қандары қызып алғанға ұқсайды. «Басатұғын боп еді, Сөзбен буып өлтіріп» деу «Кәрі бурадай күркілдеген» Майкөт туралы Бөлтіріктің сөзі болса керек. Өкінішке қарай айтыстың бастапқы бөлімі туралы қысқаша баяндалған осы түсініктен басқа дерек жоқ. Т. Әлібек Бөлтірік пен Майкөт айтысының қақтығыс ретінде ғана қайырылып, ұзаққа созылмағаны жайында пікір білдірді [1.38]. Біздің шамалауымызша, айтыстың қолда бар мәтіні осындай пікір түюге негіз болатыны рас. Ал, шындығында, айтыс бұдан гөрі толымды болып өткен деп болжаймыз. Бүгінгі күнге жеткен айтыс мәтіні болған айтыстың соңғы бөлімі секілді әсер қалдырады. Өйткені онда айтыстың басталуы, дамуы, шиеленісу секілді даму сатылары жоқ. Айтыс бірден ақындардың шамырқанған шағынан басталады.

Майкөт ақын айтыста екі кезек сөз алады. Алғашқы кезектің өзінде ақын қарсыласына өрттей қаулап тиіседі:

*Атамыз – бірге туған Майқы, Қоғам,*

*Маңдайы Албан-Суан тайқы болған.*

*Албан арық болғанда, Суан құлақ,*

*Ортасы ойқы менен шойқы болған.*

*Көп Дулат судай тасып аққан таудан,  
Қызыл тіл неге үйренсе болар соған.  
Албан байгұс қара аттың төбеліндей,  
Ешкінің құйрығындай байгұс Суан.  
Сөйлейсің асып-асып, жазған бала,  
Көзіңе көрінбейді аспан, бала.  
Дулатта кісінің құны бар ма тегі,  
Өліп пе еді әке-шешен астан, бала.  
Сен түгіл Сүйінбай мен Бақтыбайдың  
Бәнігін Майкөт ағаң басқан, бала [2.173; 3.66, 67].*

Алғашқы шумақ түгелдей Бөлтіріктің руы туралы. Майкөт өз бабасы мен Бөлтіріктің бабасы бір туғанын айта келіп, Бөлтіріктің руына қатты шүйлігіп тиіседі. Ақынның неге мұнша ширьққанын сөз болып отырған төрт жол өлең аясында анықтау да, болжау да қиын. Екінші шумақта Бөлтіріктің аталары туралы айтылған ойлар желісіне Майкөт өзі қолдап, қорғап отырған Дулат аты қосылады. Дулат таудан тасып аққан судай болып суреттелгенде, Бөлтіріктің аталары «қара аттың төбеліндей», екіншісі «ешкінің құйрығындай» болып көрсетіледі. Бөлтіріктің аталарына осынша ширьғып ұрынуы тектен-тек емес, оның себебі болғандай Бөлтірік тарапынан тірі сөздер айтылған болуы мүмкін. Бұл болжауымыздың шындық екендігіне айтыс өлеңнің келесі төрт шумағы дәлел бола алады. Онда Бөлтіріктің асып-тасып сөйлегені, Дулатта кісісінің құны бардай қалып танытқаны жайында айтылады. Бұған қарағанда, айтыстың алдыңғы бөлімінде Бөлтіріктің Дулатқа қатты соқтығып тиіскені аңғарылады. Екінші жағынан, Майкөт өз сөзінде Бөлтірікке «әке-шешен астан өліп пе еді» дегендей кейіген кейіп танытады. Бұған қарағанда, Бөлтірік Қасқарау байының асына көңілі толмағандай қалыпта қатты сын айтқандығы туралы ой туады. Оның негізі бар. Қасқарау да – дулаттың бір бұтағы. Бөлтіріктің Дулатқа, асқа тиісіп сөйлеуіне көңіл бөлетін болсақ, Бөлтірік асқа қонақ болып келген сырт кісі қалпында жырлайды да, Майкөт Дулатпен, ас иесімен бір адам болып, Бөлтірікке қарсы

Дулаттың, ас иесінің мәртебесін қорғап сөйлейді. Айтыстың бұдан кейінгі жалғасы екі ақынның өз елдерін мақтап, қарсыластарының ел-жұртын дағтауына құрылады. Көп жағдайларда айтыс Майкөтпен Құлмамбет айтысындағы тақырыптық желілерді таратады. Бөлтіріктің Майкөтке тоқтауы да Құлмамбеттің Майкөтке тоқтауымен үндес келеді. Майкөттің кезегінде айтылған сөзге қарсы Бөлтірік шамасы келгенше қарымта қайтарады.

*Албанның әулиесі – Райымбек,*

*Су жарылып, құдайы көрмеген жоқ.*

*Жеті нанды беліне түйіп алып*

*Дулат біткен түнеп жүр «ірім-ай» деп [2. 174].*

Айтылған қарымта сөзде Бөлтірік шындық жайды айтқан. Райымбекті әулие тұту ел ішінде бүгінгі күні де бар. Бөлтірікпен Майкөт айтысқан кезеңде бұл наным барынша ашық көрініс тапқан. Райымбек бабаны бір ауыл, бір ата емес, көңілінде нанымы, иманы бар қазақтардың бәрі әулие тұтқан. Майкөт өз кезегінде Бөлтіріктің бұл сөзіне, осы ойына қарсы ой айтпайды. Райымбектің аяулығын қозғамайды. Бөлтіріктің айтыс үстінде Майкөтті тұқырту мақсатында айтқан ойлары оның елінің кедейлігі туралы пікірге негізделеді. Майкөттің елінің кедейлігінің белгісі, дәлелі ретінде Бөлтіріктің ұстанып отырғаны – елдің негізгі кәсібі, егіншілік.

*Таңертеңмен тұрысып,*

*Егіндерін қорысып,*

*Аспандағы құдайдың*

*Торғайымен ұрысып,*

*Көн шалбары тырысып [2. 175; 3. 67], –*

деген өлең жолдарында егіншілікті кәсіп еткен елдің «таңертең тұруы», «егіндерін қоруы», «көн шалбар» кигені кедейшіліктің белгісі қатарында көрсетіледі. Діқаншылықты кем көру, малшылықты артық көру сарыны Құлмамбетте де бар. Діқаншылық кәсіппен айналысу оңай емесі анық. Уақытын аямай, маңдайының терін тамшылатып, таңнан кешке дейін белін бір жазбай еңбек ету бір басқа да, жылқыны тепсеңге айдап салып,



жалшыға қаратып, қымыз ішу, қазы жеп, көкпар тарту, бәйге шабу бір басқа. Соңғысы байдың ісі болғанда, алдыңғысы кедейдің ісі екені көзге шалынады. Бөлтіріктің байлық пен кедейлік туралы түсінігі осындай нақты көрініске негізделген. Ғалым Сәрсенбі Дәуітов Бөлтіріктің осы орайдағы ойларын сарапқа сала келіп, былай дейді: «... егін егіп, жер анаға тер төгіп, одан өз қорегін тауып жеп жатқан еңбекші халық Бөлтірік ақынға ұнамайды» [4.11]. Ғалымның пікірінде жан бар. Нақты қабылдағанда, ақынның егіншілікті мақтап отырмағаны анық. Бірақ мәселе, біздің ойымызша, егінші мен егіншілікте емес, байлық пен кедейлікте. Айтыстың тақырыбы да – осы. Айтыс үстінде ақын «шындықты» сүюі шарт, «шамасы жеткенше істің ақиқатын» [5.307] айтуы қажет. Бірақ Бөлтірік егіншілікті кедейлікпен ұштастырады, егіншіні кедей деп біледі. Байлықтың кедейліктен жақсы, артық екені, кедейліктің байлықтан жаман, төмен екендігі туралы ой малшылықтың егіншіліктен жақсы, артық екені, егіншіліктің малшылықтан жаман, төмен екендігі туралы оймен ұштасады. Ақырында байлықты пен кедейлік тақырыбын көтеру малшылық кәсіпті мақтауға алып келеді, егіншілік кәсіпті сынауға, егіншілікпен айналысқан тұтас өлкені, ел мен жерді сынауға алып келеді. Бұл, әрине, шындықты, ақиқатты айту емес еді. Айтыс мәні ретінде Бөлтіріктің таңдап алған тақырыбы осы бағытта дамытылады. Бұл жерде Бөлтірікке егін егіп, диканшылықпен айналысқан қалың ел ұнайды деп айтуға ілік жоқ екені өтірік емес. Сонымен қатар зерттеуші, ғалым С.Медеубековтің «Тәжірибесіз жас ақынның жеңер сөзге, тілге тиек еткенін ғана айтып, сол сөзінен ұсталғандығына көңіл аударған жөн» [6.95] деп Бөлтіріктің диканшылық турасындағы сыншыл сөзінің мәнісін ашып беруінде де салмақты ойдың сарыны бар. Ақындық айтыста тәжірибесіз мол, салдарлы, салиқалы ақын айтыс тақырыбы болар шындық құбылыстардың тобын алдын ала ой талқысынан өткізіп, анықтап алады. Тіпті, тақырыптан ауытқу мүмкін болмағанда, қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын да ойша барлап шығу артық емес.

Мысалы, қырғыз бен қазақ байлық жарыстырып айтысқанда, қазақ жағының жеңіске жеткізген бір ауыз сөзін Бөлтірік шешен айтқан [7.17]. Қазақ пен қырғыз арасында мұндай жарыс аз болмаған. Солардың бірінде осындай тақырыпта болған айтыста қазақтар жағынан Қуандық ақын да бір ауыз сөзбен жеңіске жеткен. Оны қырғыз ақыны Тоғалақ Молда айтады [2.208-209; 8.132-133]. Мұны айтудағы мақсатымыз байлық жарыстыру тақырыбындағы айтыста қарсы тараптардың елінің, ауылының байлығын теріп, тізіп айтуы жеңіске жетудің шарты емес деген ойды білдіру еді. Байлығын санап шыққан ақынға қарсы екінші тараптағы ақын өз жағының байлығын айтып тауыса алмай жататыны да болады. Оның орнына тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ғана айтып, қарсыласын соған тоқтату әлдеқайда тиімді. Шындығын айтқанда, бұл үлкен ақындықтан туады.

Майкөт өз кезегінде әулиенің үлкені өз елінде, Бөлтірік жамандап отырған Оңтүстік өлкесінде, Түркістанда екенін бір айтып өтеді. Әулиелер туралы айтылған бұл ойда ақынның ойлау мәдениетінің құнды қыры көрініс тапқан. Райымбекті әулие тұтқан Бөлтіріктің ойын жоққа шығармай, оны қабылдай отырып, әулиелердың үлкені Түркістанда екендігін айту арқылы Майкөт қарсыласының деңгейінен биік өреге көтеріледі. Бөлтірік те оған қарсы келіп, қайшы пікір айтуға бармайды. Айтыс желісі болып тартылған келесі тақырыпты таратуда да Майкөт басымдық танытады:

*Түркістан дейтін қалада*

*Пірлердің асқан қазаны,*

*Адамзаттың базары.*

*Бабаң салған диқанды*

*Салық қылып оттайсың –*

*Құдайға болдың жазалы ... [2.175; 3. 68].*

Майкөттің айтқан сөздерінің біреуін де жоққа шығару мүмкін емес. «Пірлердің асқан қазаны» Түркістанда екені, онда Диқан бабаның екен егінінен алған астығынан ас пісірілгені – бұлтаруға

келмейтін шындық. Ол халықтың көз алдында тұр. Бөлтірік мұны мойындамай тұра алмайды. Ол мұны мойындамаймын дегенде, халық оның мұндай ниетін қабылдамайды. Майкөт сөзінің күші, қуаты осындай жайлармен байланысты. Бөлтіріктің айтыста алдына ұстап, Майкөттің кемшілігі ретінде айтқаны егіншілік, диқаншылық болса, Майкөт бұған да биік тұрғыдан негіз келтіріп, қарсыласының пікірін толығымен жоққа шығарады. Тарих қойнауына үңілгенде, Бөлтірік – оңтүстіктегі диқаншылықты кәсіп еткен қалың елдің бір тұяғы. Егіншілік, диқаншылық – Бөлтіріктің арғы бабаларының кәсібі. Майкөт ақын тарихтағы осы ақиқат шындықты алға шығарып, Бөлтірікті оның өз сөзімен, өз ойымен буып тастайды. Халықтың өте ертеден келе жатқан нанымдары бойынша, кісі өзінің дүниеден өткен ата-бабаларына, олардың аруақтарына, ата-ана, әке-шешесіне, олардың аруақтарына жайсыз іс істемеуге, жайсыз сөз сөйлемеуге тиіс. Олай болмаған жағдайда, кісі құдай алдында да, ата-баба аруақтары алдында да кінәлі, жазықты және сол үшін ол жазасын алуға тиісті. Мұндай нанымның, ұғымның тамырлары терең. Одан таюға құдайдан үміті бар адамның батылы бармайды. Майкөт Бөлтіріктің диқаншылық, егіншілік туралы айтқан сөзінен оның құдай, аруақ алдында жазықты болған осындай астамшылықтың бетін ашып көрсетеді. Сөйтіп, Майкөт ақын қалың елдің алдында Бөлтіріктің сөздерінің құдай, аруаққа қарсы екендігі туралы ойын өрнекті және дәлелді етіп айтады, тыңдаған жұртты өз сөзінің дәлелдігіне, ақиқаттығына иландырады, сендіреді. Айтыс үстінде Бөлтіріктің бұдан да ауыр күнә жасап жазықты болып қалмау жағын ойлаған ел-жұрт Майкөттің осы сөзінен кейін айтысты тоқтатқан екен.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә.Токтар. Құланаян Құлмамбет (монография). А., «Асем-Систем», 2004.
2. Майкөт Сандыбайұлы. Жампоз (Құрастырғандар: Аян Нысаналин, Серікбек Еркінбекұлы). А., «ҚазАқпарат», 2004.

3. Бөлтірік Атыханұлы. Ұрпаққа өсиет. А., «Қайнар», 2002.
4. С.Дәуітов. Бөлтірік Атыханұлы // Азамат болсаң. А., «Жалын», 1993.
5. С.Дәуітов. Сүйінбай Аронұлы // XIX ғасырдағы қазақ ақындары. А., «Ғылым», 1988.
6. С.Медеубеков. Бөлтірік Атыханұлы – ақын, жыршы, күйші // Ұрпаққа өсиет. А., «Қайнар», 2002.
7. Бөлтірік Әлменұлы. Шешендік сөздер (Құрастырған, түсініктерін жазған Ж.Дәдебаев). А., «Ғылым», 1993.
8. Тоголок Молдо. Қазақ ақындары // Тоголок Молдо. Чығармалар. II том. Фрунзе, «Кыргызстан», 1970.



**Айнұр НЫСАНОВА,  
Маңғыстау облысының  
Жаңаөзен қаласындағы  
Қашаған Күржіманұлы атындағы  
№8 орта мектептің мұғалімі.**

## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ тәрбиелеу – әрбір мұғалімнің парызы. Ал қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің міндеті – жас буынды кітап оқуға, сөз өнерін түсінуге, сезім мен адамгершілікке тәрбиелей отырып, жеке қабілеті мен белсенділігін дамыту. Пәніміздің мақсаты – адам жанын, рухын, сезімін тәрбиелеу, көтеру. Ұлы суреткер Мұхтар Әуезов «Әдебиет мектеп ішіндегі ақыл, сезім тәрбиелеп, қалыптасып жетілуден басқа оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгінгісі пішінін танытуға керек» дейді.

Әдебиет – өнер атаулының құдіреттісі, патшасы. Оның құдіреттілігі – сөзінде, тілінде. Осы тілді оқушының жанына қалай жеткіземіз? Қандай әдіспен жеткіземіз?

Өлеңді оқушыға оқытардан бұрын алдымен мұғалімнің өзі мәнеріне сай, сезіммен оқу керектігі белгілі. Мысал өлең мен лирикалық өлеңді, поэма мен батырлар жырын оқудың айырмашылығы бар екенін де білесіздер, бірақ осының барлығы өлең болғанмен, оқытудың өзіндік тәсілдері бар. Оны әр мұғалім өзіндік шеберлігіне салып оқытады. Енді өз тәжірибемнен бірнеше мысал келтірейін.

Ахмет Байтұрсынұлының 5-сыныптағы «Өгіз бен Бақа», «Егіннің бастары» мысалын оқығанда мәнеріне келтіріп өзім оқып, оқушыдан осылай оқуын талап еттім. Талап болмаған

жағдайда оқудың мәнері жоғалады. Оқушылар рөлге бөлініп оқығаннан кейін әр шумағын талдатып, мазмұнымен танысып, нәліктен бұл өлеңді мысал деп аталғанын ұқтырдым. «Өгіз бен Бақа» мысалындағы бейнелердің әрекеттерін, жеке қасиеттерін талдатып, мінездеме беру үшін топтастыру әдісін қолдандым. Бұл әдіс 5-сынып оқушылары үшін жеңіл.

Оқушылар өз ойларын тақта бетіне түсіреді (Өгізге: салмақты, күшті, өз орнын білетін т.б. Бақаға: әлін білмейді, жеңілтек, ойсыз, т.б. қасиеттер тән).

Осы айтқандары арқылы бейнелерге мінездеме беріп, дәптерге жазылғаннан кейін қайтадан оқытамын. Себебі – оқушының өз ойымен ақынның айтар сөзі ұштасып жатыр ма, соны түсіну. Осындай әдістермен оқушы тілін, ойын дамыту жұмыстарын жүргіземін.

Ал ертегілерді оқыту оңай секілді көрінгенімен, үңіле қарағанда, өзіндік қиындықтары бар. Ертегілерді оқытуды қорыту мақсатында деңгейлік тапсырмалармен жұмыс бере отырып, «Ертегілер шаһары», «Кім ұшқыр?», «Ертегі не үйретті?» тақырыптарымен сабақты бекітуге болады. Ол үшін «Ертегілер шаһарын» құру мақсатында тас суреті салынған кеспе қағаз сұраққа жауап беріп, шаһар іргетасын қалау керек. Шаһар қаланып болған соң осы ертегілердің тәрбиелік мақсатын ұғындыру кезеңінде «Ертегі не үйретті?» тақырыбымен топтау жұмыстарын жүргіздім.

Ал «Кім ұшқыр?» ойынында әр түрлі бейнелерден (киіз үй, ұлттық киімдегі қуыршақ, үй жануарлары мен даланың тағымдары) құрылған бұрыш жасап, оқушыларды өз ойымен ертегі құрастыруға жұмыстандыруға болады. Бұл жұмыс үй тапсырмасы ретінде берілсе, оқушының ізденуіне мүмкіндік беріледі.

Ғабит Мүсіреповтің «Жаңа достар» шығармасын оқытқанда бірінші сағатында өз бетімен толық оқуға тапсырма беріп, екінші сағатында мазмұнына шолу мақсатында сұрақтар беріп, жауап алғаннан кейін «Кім? Қайда? Қашан?» ойыны арқылы шығармалардың ең қызық деген оқиғаларынан үзінді оқып, кімнің

сөзі, қашан, қайда айтқандығы туралы сұраймын. Оқушының есте сақтау қабілетін анықтау мақсатында «Мақалшы бала» айдарымен шығармадағы мақалдарды еске түсіріп, шығарманың қай жерінде айтылғанын сұраймын.

7-сыныптағы Сәбит Мұқановтың «Саятшы Ораз» шығармасын оқытуда оқушыларды төрт топқа («Әдебиетшілер», «Зоологтар», «Аңшылар», «Лингвистер») бөлдім де, «Аңшылар» тобына сұрақ қоюды тапсырдым. Жауап беруші топ «Әдебиетшілер» мен «Зоологтар». Ал «Лингвистер» тобы әр топтың ой-пікірлеріне сын көзбен қарап, сөз саптауларында қандай ерекшеліктер барлығын сараптайды. Сұрақ-жауап сәтті аяқталғаннан соң шығармадағы Ораз бейнесі мен «Көксерек» шығармасындағы Қасен бейнесін салыстыру жұмысын жүргіземін.

Бұл тапсырмадан оқушының өзіндік ойы көрінеді.

Ақын-жазушының өмірінен, шығармашылығынан мәлімет берген кезде, мүмкіндігінше, сол жазушы туралы естеліктер мен пікірлерді көбірек айтқан жөн, себебі оқушының ойында тек оқулықтағы деректі өмірбаяны ғана емес қосымша мәліметтер де қалуы керек.

Әрбір сабақ мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Ал, шеберлік – әр әдісті, әр сөзді орнымен пайдалану.



## СЫН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға сын есімнің жасалу жолдарын түсіндіру; **дамытушылық** – тапқырлық, ізденімпаздық, алған білімдерін пайдалана білу қабілетін арттыру; **тәрбиелік** – сөздің мағынасына мән беруге тәрбиелеу, білім алуға, оқуға деген құштарлық сезімінің артуына ықпал ету. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** топтастыру, ойын тест, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** таблица. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, орыс тілі.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.**

**Үй тапсырмасын сұрау.**

131-жаттығуды сұрап бағалау, дәптерлерін қарап шығу.

Оның әжесі қандай? *Ақ әже, бақ әже, гүл әже, күн әже, ана тілі әже, нар әже, кәрі әже, дәрі әже, жыр әже, нұр әже.*

**Өткен сабақты пысықтау үшін зымыран сұрақтар:**

1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? 2. Зат есім дегеніміз не? Сұрақтары. 3. Зат есімнің түрлері. 4. Сын есім дегеніміз не? Сұрақтары.

Жаңа сабақты түсіндіру.

**Топтастыруға қарайық:**

Негізгі

Туынды

Дара

СЫН ЕСІМ

Күрделі

Қатыстық

Сапалық



(Оқулықтың 64, 65, 66-беттеріндегі мәліметтер ұғындырылады).  
Құрамы жағынан сын есімдер: дара және күрделі.  
Құрамы жағынан бір ғана түбірден болса – дара сын есім, екі немесе одан да көп түбірден болса – күрделі сын есім болып саналады.

Мысалы: *Балалы-шағалы, ұзын-қысқа, биік-биік.*

132-жаттығу ауызша, 133 және 134-жаттығу жазбаша орындалады.

### **Сергіту сәті.**

#### **Бір сөзбен айтқанда қандай адам?**

1. Қиыстырып, тауып сөйлейтін адам қандай?
2. Айтқанға сенетін, еш нәрсені байқамайтын ...
3. Тез ашуланатын адам ...
4. Көрінгенге соқтыға беретін адам ...
5. Бойы ұзын адам ...
6. Ертең орындаймын, кейін жазамын дейтін ...
7. Көп білетін адам ...

#### ***Тест сұрақтары***

1. Сын есім

А) заттың санын білдіреді Ә) заттың атын білдіреді Б) заттың сапасын білдіреді.

2. Сын есімнің сұрақтары

А) не істеді? Ә) қандай? қай? Б) қанша? неше?

3. Туынды сын есімді тап.

А) жылтыр Ә) тәртіпті Б) биік.

4. Негізгі сын есімді тап:

А) таза Ә) әлсіз Б) кешкі.

5. Дара сын есімді тап.

А) тап-таза Ә) ақ Б) өте жақсы.

**Үйге тапсырма:** 137, 139-жаттығулар.



Бекжан ОМАРБЕКОВ,  
Көдек Байшығанұлы атындағы  
орта мектептің  
оқытушы-ұйымдастырушысы.  
Алматы облысы,  
Райымбек ауданы.

## САЛТАНАТТЫ «АНТ ҚАБЫЛДАУ» РӘСІМІ

**Мақсаты:** білімділік – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Саптық Жарғы талаптарын оқып үйрету; дамытушылық – ойлау, пәрмен беру, пәрменді қабылдау және тез шешім қабылдап, оны орындау қабілеттерін дамыта отырып, әскери тәртіпке бейімделу дағдыларын қалыптастыру, дамыту; тәрбиелік – жастарды отансүйгіштік рухта, өз елінің нағыз қорғаушысы болуға тәрбиелеу.

**Өтілетін орны:** спортзал.

**Барысы.**

**Ұйымдастыру.**

1. Бөлімше командирлері дайындық жасап сапқа тұрады.

2. Бөлімше командирлері мәліметтерін қабылдау: яғни, әскери жетекшіге мәлімет тапсырады. Әскери жетекші мектеп директорына мәлімет тапсырады.

*Амандасу рәсімі:* «Сәлеметсіздер ме, оқушылар!»

*Оқушылар:* «Саулығыңызды тілейміз!»

*Мектеп директоры:* «Салтанатты Ант қабылдау рәсімдерің құтты болсын!»

*Оқушылар:* «Ура, Ура, Ура!»

*Әскери жетекші:* «Қазақстан Республикасы мемлекеттік туы енгізілсін!», «Мемлекеттік ту астында тіктел!»

**Негізгі бөлім.**

1. Мемлекеттік әнұранды орындау рәсімінен кейін бүкіл мек-

тепке берілетін пәрмен.

2. Әскери жетекші: «Оқушылар, түзел, тік тұр!».

Бұл пәрмен бойынша үйірме мүшелерін жеке-жеке шығарып, «Ант қабылдау» рәсімі жасалады. Мұндағы басты мақсатымыз — оқушылардың саптық элементтерді орындау, сұраққа жауабына, дауыс ырғағына назар аудару, «Бастыққа келу», «Саптан шығу», «Сапқа тұру», тәсілдерінің орындалуын бақылау.

3. Шекара бекетінің бастығына сөз беріледі. *Құрметті қонақтар және «Шекарашылардың жас достары» үйірмесінің мүшелері! Бүгін Көдек Байшығанұлы атындағы орта мектебінде үлкен аудан көлемінде өтіп отырған семинарға үйірме мүшелерінің білім, біліктілігін байқау мақсатында сайыс өткізіледі. Сайысқа қатысушыларға сәттілік тілей отырып, оларды алаңға шақырамыз.*

4. Әскери жетекші эстафеталық жарыс ережесімен таныстырады.

1. Тактикалық дайындық:

а) Жылжу тәсілдері: жер бауырлай еңбектеу; жартылай төрт тағандап; бүйірлей жылжу тәсілдері; сымды бөгеттерден өту.

ә) Әуе нысандарын ату үшін орналасу: жатып; тізерлеп; тұрып.

б) Ядролық жарыс ұшқыны байқалған кездегі ашық жердегі іс-әрекет.

2. Атыс дайындығы бойынша: автомат бөлшектеу және жинау.

3. Азаматтық қорғаныс. Жалпы әскерлік қорғаныс плащын кию.

**Қорытынды.** Ойын қорытындысын шығару, жеңімпаздарды марапаттау.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы шығарылсын!».

«Мемлекеттік әнұран орындалсын!».



## СЫН ЕСІМ

**Сабақтың мақсаты:** 1) оқушылардың сын есім туралы білімін пысықтау; 2) оқушыларды оқу әрекетімен шұғылдандыра отырып ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; 3) ұйымшылдыққа, бірлікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.

**Сабақтың барысы. Ұйымдастыру:** оқушылардың назарын аударуға бір шумақ өлеңмен бастау.

### Үй тапсырмасын тексеру.

362-жаттығудың мазмұнын айтқызу. Етістіктерді табу, оқыту. Әңгімені жалғастыру.

### Үй тапсырмасын қорыту.

1. Қазақ тілінде қанша сөз табы бар? 2. Етістік дегеніміз не? 3. Дара етістік деген не? 4. Күрделі етістік деген не? 5. Етістіктің түрлерін ата. 6. Болымсыз етістіктің жұрнақтарын ата. 7. Етістік қандай сұрақтарға жауап береді?

### Жаңа сабақ.

Сөздер мағынасына, сұрағына, атқаратын қызметіне қарай 9 топқа бөлінетіні белгілі. Соның бірі – зат есім.

- Мына суреттен зат есімдерді теріп жазыңдар (сурет бойынша жұмыс).

- Осы сөздердің сындық қасиеттерін білдіретін сөзді тауып жазыңдар.

- Осы сөздер заттың қандай қасиеттерін білдіріп тұр?

- Ал заттың түрін, түсін, көлемін, аумағын білдіретін сөз табы қалай аталатын еді?..

- Сын есім деп заттың түрін, түсін, көлемін, сын-сипатын

білдіретін сөз табын айтамыз. «Қандай? Қай?» деген сұраққа жауап береді.

- Ал, енді жаттығуларды орындаймыз.

363-жаттығу (ауызша). Өлеңді мәнерлеп оқыту. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қою. Олардың қай сөз табы екенін айту. «Жұпар иіс» сөзінің жазылуын есте сақтаймыз.

364-жаттығу (өз бетінше орындату). Көп нүктенің орнына тиісті сын есімді қойып, көшіріп жазу. Сөйлем құрату. «Ішіне-сыртына» әдісі бойынша сөздер жазу.

### Сергіту сәтін жасау.

365-жатығу (тақтада). Мақалды жатқа жаздыру. Сын есімді тауып, оның қай сөзбен байланысып тұрғанын сызбамен көрсету. Мақалдың мағынасын түсіндіру.

«Мақалдап жауап бер» ойыны.

1. Жақсы ат пен жаман атқа қанша қамшы керек?
2. Ақ пен қарада не жоқ?
3. Ащы мен тұщыны кім білер?
4. Елді жер мен таулы жерде не болады?
5. Құтты қонақ пен құтсыз қонақ келсе не болады? (сын есімдерді табу)


- Балалар, алда қандай мейрам келе жатыр?

Поэзия минуты: Аналарға арнап бір шумақ өлең оқыту.

**Қорытындылау:** 1) Бір сын есімге көп зат есім.

Қызық 

2) Көп сын есімге бір зат есім.

 оқушы

**Үйге:** 366-жаттығу.

**Бағалау.**



**Әбдіжали ЖАНИЯЗ,**  
**ардагер ұстаз.**  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар қаласы.

## **«ҚАЗЫБЕК ПЕН ҚОҢТАЖЫ» АҢЫЗЫНЫҢ ТІЛДІК-СТИЛЬДІК ӨРНЕКТЕРІ**

Шешендік сөздерді әдеби және тілдік тұрғыда оқытудың өз мақсаты мен әдіс тәсілдері бар. Тілдік-стильдік белгілерін оқыту шәкірттерге ана тілінің байлығын, тіл өнері мен мәдениетінің талаптарын меңгеруге, шешендік мұраның көркемдік құралдарын талдап үйренуге, авторы әрі кейіпкері, әрі оқиғаның куәсі – шешенбилердің жеке тұлғасын, сөз саптау шеберлігін тануға, одан тәлім алуға, т.т. дағдыландырады. Шешендік сөздердің алтын арқауы – тілін, көркемдік сапасын тарқатып оқытуға мұғалімдерге көмек боларлық әдіс-тәсіл үлгілері жоқтың қасы.

Осы мақсаттарда оқытудың тартымды үлгісі болатын – «Қазыбек пен Қоңтажы» аңызында руаралық дау-талас емес, мемлекетаралық, жауласқан екі ел арасындағы шиеленіскен дау-жанжалды бейбіт жолмен шешу басты мәселе ретінде және оның негізгі құралы етіп шешендік шеберлікті жұмсау, «бәрінен де ел тағдырын шешетін шешен болудың қымбат» екенін дәлелдеу, ақыры сол арқылы жеңіске жету мақсаты қатар қойылған. Осындай ұстанымдар басты кейіпкер – «атшы бала» Қазыбектің шешендік өнерінің және аңыздың көркемдік, тілдік-стильдік деңгейінен мол дерек береді. Осылардың кейбір мысалдарын шәкірттерге нұсқа етіп ұсыну аса қажет.

Аңыз авторының Қазыбекті әкесімен, ханмен қызықты әңгімеге тартуымен басталған оқиғада зерделі бала ол екеуінің

сынынан мүдірмей өтеді. Бұл диалогтерде үлкен астар бар. Әкеге берген екінші жауабында балалық дәуірдің тәтті екенін айта келіп, келешек мақсат-мұратын да аңғартады: қазақтай көшпелі елге тән дүниетанымдық салтын білдіретін «елтану, жертану, сөзтану» деген ұғымдар, білмекке құмарлық зерделі бала санасына ерте дарыған (мағыналары түсіндіріледі). Бала қазақ ханының назарын өзіне бірнеше рет аудартады. Ханға берген жауаптары да ойлы, мұраты биік. «Тай жарыс», «құнан жарыс», «ат жарыс» ұғымдарының ауыспалы мәні: ол балалық шақты қызықтады, балалық бәсекеде күрбыларынан дараланып, ақыл-зердесімен оқ бойы озып жүр («балалардың басшысы едім»), енді жігіттік шақта ел ағаларынан, өмірден тағылым алып, есті азамат болуды, тіпті, ел билеу ісіне араласуға да ұмтылады.

Оқиғаның даму барысына қарай жас жігіттің «тілі өткір елші» бола аларлық қасиеті белгі бере бастайды, тіл өнері, құрыштай логикасы өсе, жетіле түседі, бұлар аңызда дәлелденеді. Осы дарыны үш түрлі ортада жарқ етіп көрінеді. Елші басшыларының жау алдындағы именшектігін айыптауы, ел атынан Қонтажыға қойған шарты, тұтқын жігіттің есесін алып беруі. Оның шешендік өнері Тәуке ханның елшілерге міндет жүктеген сөзімен, ел кегі және намысымен шындала түскендей. Хан сөзі де – шешендік сөздің дара үлгісі. Ондағы ой жүйесі: 1) елшілерге оң сапар тілеп, басшыларын атау (би, хан, батыр және атшы бала); 2) Қонтажыны мінездеу; 3) негізгі ой түйіні: іс пен сөзде ұстамдылық сақтау, жау елмен елдесу үшін сөз өнерін құрал етіп қолдану. Хан бұйырмайды, кеңес береді, хан сөзі – елдесу саясатын ұстануға, іске басшылық... Бала Қазыбек алда осы талап биігінде жарқ етіп көрінеді. Сөз тіркестері (*қол бастайтын батыр, жол бастайтын көсем, сөз бастайтын шешен, асып үрген, тасып жүрген*), мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, қайталаулар, қарсы мәндес сөздер (*үлкендерің-кішілерің, елдестіру-жауластыру, жат елдің-жақсы елдің*), сөз өнерінің қару түрлерімен салыстырылуы хан сөзін құлпыртып, қарудан гөрі сөз өнерінің құдіретін, тиімділігін,

ойдың эмоциялық-көркемдік мәнін көтере түседі.

Жау алдында елшілік міндетін атқара алмай «...Сөзді өзіңе салдық!» деп құлдық ұрған Тайкелтір биге шамырқана айтқан айыптауы, елжанды жігіттің ел намысы үшін отқа түсе жаздаған күйі, шешендік ой мен сөзге сұңғылалығы - аңыздың беташары секілді. Кереғар екі күй – екі түрлі сөз. Ойын термелете, шұғыл, бірдей ұғымдарды, сындық белгілерін (ер мен ерді, т.т.) сұрақ-жауап түрінде қатар алып салыстырып, тоқ етерін «Міндетіне алған сөзден шегінген жігіттен аштан өлген аюдың өті артық» деп бір-ақ түйеді. Шешендік сұрақ-жауаптың кесек үлгісі.

Көңіл күйі, отырған ортасы, орны, т.б. жағдай шешеннің сөз саптауына ықпал ететіні рас болса, Қазыбек осындай екі-үш жағдайда шұғыл, керекті сәтті жіберіп алмай, жалындап сөйлеуге мәжбүр, тапқыр.

Аңыздың қызған, шиеленіскен бөлімі – Қазыбек пен Қоңтажы тартысы, Қазыбек билігі, алғыр, жігерлі ой мен көркем де өткір сөздің бірнеше өрнектері сыйған отты монолог. Мәмлегерлердің жасқаншақ сөзінен ұтыс тауып, хан асқақтай түсті. Сонда ойын мақалдап бастап, Қоңтажы назарын әдеппен өзіне аударып, датын айтып, елші жігіт қырандай шүйіле, тебірене сөйлеп кетеді. Сөзінің «бісмілләсін» дұшпанға күш көрсетуден емес, қазақтың елдік қадір-қасиеті мен елдік мұратын, бейбіт салтын бейнелеп мәлімдеуден бастайды. Бала бидің жалынды осы сөздерін осы күнде де қазақтың ұлттық қасиеті мен мұратындай, ұлттық ұранындай, бабалардың киелі өсиетіндей бағалау қажет-ақ. Елдік мүдде, елдік намыс басынан аяғына дейін алтын арқау болып тартылған. Суырыла сөйлеген жас шешеннің айбарлы, шабытты, қылыш жүзіндей қылшылдаған құйылма сөздері ұйқасқа, ішкі ұйқасқа құрылған, құрмалас сөйлемдермен баяндалған. Екпіні тау суындай тасқынды, қаһарлы, мән-мағынасы тайға таңба басқандай айқын, айналасына жалын шашқандай, жай оғындай нысанасына дөп тиеді. Мәнерлеп не жатқа оқырда сөздердің ұйқас-үйлесімін, байланысын, дауыс ырғағының дұрыс қойылуын, екпін түсетін



орындарды ескерген абзал.

Қазыбектің толғау сөзінің 1, 2-бөлімдерінде ой жүйесі, сөйлемдер «біз, қазақ» деген бастауышпен басталады да, қайталанатын «елміз, келгенбіз» деген баяндауыштармен аяқталады. Бұлар — сөз бен істің иесі, ұл-қыздарын азат етуші кім екенін, қазақ деген аруақты елдің қатаң талабы, мүддесі не екенін қарсы жаққа әуелі нишаратпен білдірген сөздер. «Елміз» зат есіміне тіркескен, ұйқасқа құрылған күрделі етістіктер, күрделі етістікті анықтауыштар («*мал баққан, найзаға үкі таққан, ұл-қызды қаматып отыра алмайтын, құт-береке қаишпасын деп*»...т.т.) қазақ елінің қадір-қасиетін, елдік салтын, құт-берекесін айқындап тұр. 2-бөлім — елшілер мақсаты. Жас елші қазақ елінің, оның елшілерінің жетпей қоймайтын мақсат-талабын, қабылдай алмайтын шарттарын қарсы жақтың жетесіне жеткізуді көздейді. Қазақтар тұтқындардың босатылуын, қалмақтармен мәмілеге келуді ғана қалайды, ол да осындай ізгі ниетте. Жас би аса батыл, арындап сөйлеп, шымыр логикасымен айтысқа түскен ақындай, жекпе-жекке шыққан батырдай, аузын аштырмай, бесқаруын шығаруға үлгертпей, Қоңтажының алды-артын орап алуға, тұйыққа тіреуге ұмтылады. Екі елдің арасындағы текетіресті еске салып, шешен шартын, дәлелін әрі астарлы түрде, әрі қарама-қарсы қоя шендестіре отырып ұтқыр түрде баяндайды. Бұндағы тілдік тәсілдердің (метафоралар, шендестіру, ұйқас, қарсы мәнді ұғымдардың) қызметі ашылуы тиіс.

Қазақ-қалмақ — бір-біріне қарсы тұрған екі «лагерь» (дос-жау, дұшпан). Қазақ елі, оның өкілі Қазыбек әрі көмір, әрі арыстан, әрі жас тұлпар, әрі тұтқыр желім. Қалмақтар ханы Қоңтажы — темір, әрі қабылан, әрі кәрі тұлпар. Қарсы екі жақтың мақсаты мен іс-әрекетін, психологиясын білдіретін сөздерді де шешен тапқырлықпен таңдаған: мақсатты келер шақ тұлғасындағы мәндес және қарсы мәндес етістіктер.


Қазақ елшілері жау, бірақ көрші елге еріткелі, табысқалы, танысқалы, жарысқалы, жабысқалы (тіл табысу үшін), қарпысқалы (сынасқалы) да келді, ал дұшпан бұл жолы ниетті құп көрмесе,

қазақтар алысуға да, шабысуға да дайын. Жас елші бітімді жалынып сұрамайды, ойы мен мақсатын нақпа-нақ атап, бейнелі дәлелдеп келіп, нақты талап қояды. Темір қанша берік болғанмен, қызып жанған көмір оны ерітпей қоймайды. Аң патшасы – арыстан қабыланды жеңбей тынбайды, жас тұлпардың жасамыс тұлпарға жарыста шаң қаптырары тағы анық. Ақырында 3-бөлімде батыл, тіпті бұйыра, ызғар көрсете, ханға үзілді-кесілді шарт қояды: не бітім, не айқас! Ұзын сөздің тобықтай түйіні: жау тізе бүкті. Әділет жеңді. Қазақтар ұл-қыздары мен малдарын азат етті. Бұл – найзаның ұшымен, білектің күшімен емес, алғыр ақыл-оймен, толғауы тоқсан қызыл тілдің қуатымен келген зор жеңіс, ізгі ниетті елдің, оны жан-тәнімен сүйген ұлының жеңісі! Ерлік, жеңіс, шешендік философиясы!

Қазыбек сөзінде қазақтың әдет заңдарындағы дау түрлері түгел, саяси-әлеуметтік және сот ішіндегі шешендік сөздердің белгілері бар, көркем әдебиет стилінің құралдары басым. Қазыбек әрі тура би, әрі айыптаушы, әрі ел мүддесін қорғаушы, екі жаққа ортақ елдік мүддені ұстанушы әділ төреші, майталман бітімгер, жеңімпаз. Қалмақ ханын «жұдырықтай баланың» мысы баса береді. «...отырған орның қандай төмен еді, жоғары шықшы» деп жалынғандай болып өтінгенде, қазақта үлкендерді кішілердің сыйлау салтын алға тартып, Қоңтажының басынан сөзін тағы асырды. Жас Қазыбектің жауды «сөзбен дәлдеп атып жығуының» келесі сәті - тұтқын, енді қандастарына арқа сүйеген жігіттің есесін қайтаруы. Оның арызын естіген хан: «...еселеп даулай беру дұрыс бола ма?» деп амалы таусыла қарсы дау айтқысы келеді. Өз айыбын жұмсарта, одан тартып алған ең ардақтыларын болмашы нәрсе ете мақалдай сөйлеп, дес бергісі келмейді. Жас қыран бұнда да билікке шұғыл кірісіп, қарсы шабуылға шыққандай атойлап, Қоңтажы айтқан уәжді, мақалды өзіне найзадай қарсы жұмсайды, жігіт үшін олардың құн жетпес асылы екенін, «қазақ қалмақтың сатып алған құлы еместігін» әйгілеп шығады. Найзадай өткір, дәлелді қисын, құрыштай логика қаһарлы ханды тағы да тізе

бүктірді: қымбат дүниелерін беріп құтылуға, тоналғандай бейшара күйге түсуге мәжбүр етті (С.Негимов. Шешендік өнер. 1997, 55-бет). Тон – жанат, отыз тіс – болат, ат – қанат секілді ұқсатулар, жанат-қанат-болат, қарыспай-қайырмай-майырмай, құл-ұл, ерікті-көрікті деген ұйқастар, мақал-мәтел, сұраулар шешеннің өткір ойына көркемдік шұрай береді.

«Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар». Елшіліктің жауапты міндетін кімнің қалай атқарғанын, кейіпкерлердің мінез-әрекетін, сөйлеу машықтарын, сөздері мен істері арасындағы байланысты пайымдауға, тиянақты түйін жасауға дағдыландыру тәсілі де шешендік сөздер сырын тану үшін керек. Бұл үшін сызба үлгісіне Тәуке ханның, Бертістің, Тайкелтірдің, Қазыбектің, Қоңтажының сөздерінен тисті үзінділер жазылады. Ақылы кеніш, ойлау қабілеті ұшқыр, тілі жүйрік ділмарлардың ғана сөз бастап, ел бастайтыны мәлім.



Ортақ бір міндет – бір ортадағы жағдаят – елшілік міндетін түрлі деңгейде атқарған (атқара алмаған - екеу, атқарып шыққан - біреу) үш түрлі үш тұлға – үш түрлі психология – үш түрлі деңгейдегі сөз бен іс. Тәуке хан алдында Қоңтажы сыртынан оның «суын сүт қылып қайнатпақ болған» хан Бертіс – жау ортасында «асып айта

алмаған бұқпа» Тайкелтір би – «ешбір адамға тізе бүгіп көрмеген ханды жыққан», «екі иығынан екі аю аузынан от шашқан», «халықты қара шыбындай аузына үймелеткен»... Қазыбек. Қазыбектің бітімін болжаған қалмақ сыншысының бағасына, қалмақ ханымының, Тәуке хан сөздеріне, мақал-мәтелдерге, тұрақты тіркестерге көңіл бөлінеді.

Ақылымен ханнан озықтау көрінетін ханымның сөзі де көңілге қонады. Дұшпан болғанмен, «қазақ деген қабырғалы ел» деп әділ бағалайды, «ат ішінде жатқан баланы» менсінбеген ханды райынан қайтарады: «...бала деген сұңқар болып жүрмесін» деп сөздің тігісін жатқыза сөйлеп, еларалық қатынасты ұшықтырудан сақтандыруы елшілер жеңісіне үлес қосты.

«Қазыбек пен Қоңтажы» аңызы – қазақтың шешендік өнерінің таңдаулы үлгісі, «көкірегі сезімді, тілі орамды жастарға» сүйікті ақылшы болуға, елжандылық, эстетикалық, этикалық, ана тілін құрметтеу сезімдеріне құнарлы нәр құюға жұтынып тұрған, бірақ тұтас оқытуға мектеп бағдарламаларында лайықты «кұқық» бұйырмай жүрген қазыналы мұра, «Қылышынан қан тамған батырды тілінен бал тамған ақын алар» деген қағиданы дәлелдейтін, ана тілі байлығын, ой мен сөз өнерін қару әрі құрал етіп жұмсауды үйрететін шешендіктің нағыз мектебі.



Рақымжан ТҰРЫСБЕК,  
Лев Гумилев атындағы  
Еуразия университетінің профессоры, ф.ғ.д.  
Астана қаласы.

## УАҚЫТ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

*(Тәуелсіздік тұсындағы әдеби- рухани құндылықтар  
хақында)*

Ұлттық сөз өнерінің ұзақ тарихының тәуелсіздік тұсындағы кезеңіне қысқа шолу жасасақ, арғы-бергі дәуірлердің артық-кемтұстары байыпты сараланып, қилы көзқарас пен қуғын-сүргін сергелдеңі, кереғар ойлар мен «жасанды жылымықтар» сыры жан-жақты ашылады.

Әдеби-тарихи құндылықтар, мәдени-рухани жәдігерлер жаңа бағыт, соны көзқарастар тұрғысынан байыпты сараланады.

Зерттеу мен зерделеу бағытындағы іргелі ізденістер жасалып, білім-ғылым жүйесінде ерен еңбектердің атқарылғанын айқын аңғарар едік. Олардың өздері бірнеше бағытта көрініс берді:

- орта және жоғары мектепке арналған оқу құралы мен оқулықтар жазылды (мысалы, Т.Кәкішев. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. -А, 1994; С.Қирабаев. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. -А, 1998; Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. -А, 1997; А.Қыраубайқызы. Ежелгі әдебиет. -А, 2001; Ж.Дәдебаев. Қазіргі қазақ әдебиеті. А, 2002; Д.Ысқақұлы. Сынталқы. -А, 2005 т.т.);

- зерттеу мен зерделеу ісіне негізделген еңбектер жарық көрді (мысалы, «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті». -А, 1997; «40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті». -А, 1998; «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (2 томдық). -А, 2001, 2002 т.б.);

- «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында көптеген

туындылар қалың көпке жол тартты (мысалы, «Бабалар сөзі», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдеби жәдігерлер», «Жеріңнің аты- Еліңнің аты», «Қазақ әдебиеті»(анықтамалық), «Қазақ мәдениеті»(анықтамалық), «Қазақ өнерінің тарихы», «Мың біртұн», «Тіл мен мәдениет», «Шәкәрімтану мәселелері», «Мұстафа Шоқай» т.т.);

- әдебиеттану мен сынның келелі мәселелері қамтылды (мысалы, «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2 томдық). -А, 2008, 2009; А.Ісімақова. Алаш әдебиеттануы. -А, 2009; Асыл сөздің теориясы. -А, 2009; 3. Серікқалиұлы. Алтын жамбы. -А, 2001; А. Егеубай. Құлабыз.- А, 2001; Қ.Ергөбек. Арыстар мен ағыстар. -А, 2003; С.Құлбарақ. Т.Ахтановтың жазушылық шеберлігі. -А, 2006; С.Сүтжан. Алаш және түркі руханияты. -А, 2008; Р.Тұрысбек. Ұлт мұраты және руханият. -А, 2008; Ақиқат айнасы. -А, 2008; Ж.Смағұлов. Ұлттық әдебиеттану әлемі.- Қарағанды, 2005 т.т.)

### **Конференция материалдарына арқау етілді:**

- М.Әуезов және әлем әдебиеті {5 кітап). -Алматы: Қазақ университеті, 1997-2005 ж.ж.
- С.Мұқанов және қазақ әдебиеті. -Алматы: Қазақ университеті, 2000. -306 бет.
- Ғ.Мүсіреповтің көркемдік әлемі. -Алматы. Қазақ университеті, 2002. -306 бет.
- Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы және қазіргі дәуір. -Алматы: Қазақ университеті, 2003. -520 бет.
- Алыптар тобының асылдары. -Алматы: Қазақ университеті, 2005. -380 бет.
- Көкейкесті әдебиеттану. - Астана, ЕҰУ, 2005-2010.
- Абайтану оқулары. -Алматы, 1997-1998.
- Отан тарихы: ізденіс, мәселелер.- Астана, 2006.
- Мәшһүр Жүсіп оқулары.- Павлодар, 2006.
- Алаш және Әуезов. - Астана, 2007.
- «Алаш» қозғалысы.-Алматы, 2008.
- Әлем қазақтарының рухани сұхбаты. -Алматы, 2008.

- Шәкәрім әлемі: таным мен тағылым. -Алматы, 2008.
- Ә.Кекілбаев әлемі және қазіргі заман. -Астана, 2009.
- Ә.Кекілбаев және замана шындығы. -Алматы, 2009, т.т.

Ақиқатын айту керек, бұл бағыттар төңірегіндегі ізденіс арналарынан, зерттеу мен зерделеу ісінен, оқу-білімге қатысты көзқарас мұраттарынан тәуеліздік тұсындағы басты талаптар:

- өткен тарихты жіті саралау;
- ұлттық мұрат- мүддеге адалдық;
- елдік рух пен санаға бет бұру;
- білім- ғылымға құштарлық;
- тәлім- тәрбие ісіне ден қою, т.т.

терең танылады.

Ұлттық сөз өнерінің арғы-бергі тарихына жіті көз жіберсек, халық әдебиетінің үздік үлгілері, ақын-жырау, әнші-өнерпаздардың шығармашылық мұрасы, жекелеген тұлғалардың өмірі мен кезең-қызметтері қоғамдық-әлеуметтік қырларымен де, мәдени-рухани салалардағы бедерлі белгі-ерекшеліктерімен де ден қойғызады. Әсіресе, ондағы «ақтаңдақтардың» өзі парасат пен саясат арасында айқындауда, өмір-уақыт шындықтарын зерттеп -зерделеу ісінде берері де, көмегі де көп-ақ. Тіпті, әлеуметтік сыр-сипаттарымен де, көркемдік-рухани байлығымен де мән-маңызы зор.

**Еске алу артық емес,** қазақ әдебиетінің тарихы қазіргі кезеңге дейін қалыптасу, даму бел-белестерінен әлдеқашан-ақ өткенді. Анық айтсақ, YIII-XIY ғ.ғ. түркі халықтарына ортақ әдебиет нұсқалары, XY- XYIII ғ.ғ. ақын-жырау, би-шешендер мұрасы, XIX-XX ғ.ғ. қазақ әдебиеті, т.с.с. болып кезең-жүйе кұрады. Оқу бағдармалары дайындалып, оқулық пен оқу кұралдары жарық көрді /1/.

Ал, кеңестік кезең тұсында ұлттық сөз өнерінің тарихы - «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі - 1949; Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі -1958; Қазақ әдебиетінің тарихы – 1967, т.б. зерттеу еңбектері басылып шықты. Қазақ әдебиетінің көркемдік-жанрлық, стильдік сипаттарына арналған көптеген кітаптар

жарық көрді 121. Олар, негізінен кеңестік кезеңнің дамуына байланысты - Қазан төңкерісінен кейінгі әдебиет; 1920-30 ж.ж. әдебиет; ҰОС кезіндегі әдебиет; ҰОС кейінгі дәуір әдебиеті; т.с.с. бағыт-арналарда сөз етілді. Қысқасы, кеңестік кезең әдебиеті, әдеби-ғылыми һәм шығармашылық үдеріс, тақырыптық-жанрлық ерекшеліктер, көркемдік құпиясына қатысты көзқарас-ұстанымдар – бәрі-баршасы социалистік реализмге бағытталды, партиялық идеологияға қызмет етті. Ақиқатында: «Көркемдікпен ұғылатын дүниелер тікелей үгітпен жасалды» /3/.

**Бүгінгі таңда** – жаңа уақыттың тыныс-лебін толық сезінуге болады. Қазір қоғамда жаңалық-жетістік те, өзгеше өзгеріс те көп. Жаңа уақыт-ұлттық мұраттарға, тарих пен танымға, мәдени-рухани құндылықтарға, дәстүр-өнегелерге бағыт бұрды. Ел тәуелсіздігі - ұлттық мұрат -мүдде тұрғысынан қарастырылып, өмір-тұрмыстағы іс-әрекеттер жаңа уақыт талаптарына негізделіп келеді. Мұны қолдап, қуаттаған жөн.

Ел тәуелсіздігін еске алған тұста, тарих пен таным, мәдени-рухани арналардың кең өріс алғанын айту абзал. Алғашқы кезекте ойға оралатыны -«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы /2004 жыл, ақпан/ бекітілді. Негізгі бағыттары айқындалды. Олар:

- ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру;
- археологиялық зерттеулер;
- қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеу бағытында жаңа ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- бай мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі ұлттық мәдениетті, фольклор, әдет-ғұрыптарды зерделеудің біртұтас жүйесін құру;
- ұлттық әдебиет пен жазудың көпғасырлық тәжірибиесін жинақтау, кең көлемді көркем және ғылыми сериялар жасау;
- мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің жетістіктері негізіндегі гуманитарлық білім қорын жасау, т.т. /4/.



Қысқа тоқталсақ, сөз жоқ, «Мәдени мұра» бағдарламасы қоғамда, білім-ғылым ісінде кең қолдау тапты. Алуан бағыттағы іс-жұмыстардың кесте-тізбесі жасалды. Осының негізінде тарих және мәдениет ескерткіштері /Айша - Бибі, Арыстанбаб, Абат-Байтақ, Есім хан, Ысқақ ата, Жабырайыл ата кесенелері, «Абылай хан ордасы» кешені, Әл-Фараби кесенесі, Сұлтан Бейбарыс мешіті/, археологиялық зерттеулер /Отырар, Сауран, Талғар, Бұзок/, ғылыми-зерттеу экспедициялары /Қытай, Түркия, Жапон, Монғолия, Ресей, АҚШ, Армения/, білім-ғылым бойынша сериялық кітаптар мен анықтамалық, сөздіктер /«Бабалар сөзі», «Әлем әдебиеті кітапханасы», «Әдеби жәдігерлер», «Қазақ өнерінің тарихы», «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, «Қазақтың ата-зандары», «Қазақстан тарихы шетел дереккөздерінде»/, т.б. зерттеу мен зерделеулер жасалды. Қалың көпшілік, әдеби-мәдени қауым жан азығынан рухани нәр алумен бірге арғы-бергі тарихқа құштарлықтары артты. Әдеби-тарихи жәдігерлерге, мәдени мұраға қызығушылықтары еселей түсті.

**Атап өтерлік жайт:** ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде «Мәдени мұра» бағдарламасының тұсаукесері өтіп, әлемдік маңызы бар - Қ.А.Иассауи кесенесі мен Тамғалы кешені Дүниежүзілік Мұралар тізіміне енді. Асылы, бұл бағыттағы іс-жұмыстар келешекте де кең өріс алатын болады. 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдама жобасы осыған мысал-дерек болар еді. Онда: «... бағдарламаны іске асыру барысында ұлттық мәдениеттің сан ғасырлық тәжірибесін қорыту және зерттеудің тұтас жүйесі құрылды... алғаш рет гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру жөніндегі қадамдар жасалды.

...тұжырымдама елдің тарихи-мәдени мұрасын тек қалпына келтіру мақсатымен ғана шектелмейді. Оның негізгі көздейтіні қоғамдық санада тарихи мұраларды халықты біріктіру символы, ел бүтіндігінің және ұлттық танымды нығайтудың факторы ретінде қалыптастыру болып табылады», – деп атап көрсетілген-ді \5\.

Демек, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы алуан ізденістер

мен жүйелі жұмыстар – тәуелсіздік кезеңінің басты талап-тілектерін басшылыққа алған әрі арғы-бергі кезеңдердегі ұлттық мұраттарға негізделген мұра-мирастарымызды жаңа көзқарастарға негізделуімен мәнді болып табылады.

**Жасыратыны жоқ**, тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиеті тарихын зерттеп-зерделеу мен оқып-үйрету ісінде ілгерілушілік те, нақтылы жұмыстар да жасалды. Әсіресе, қазақ әдебиеті тарихының көптомдығын дайындау мен бастыру ісі қолға алынды. Алғашқы тұста жарық көрген - «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті» /1-кітап/, «40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті» /2-кітап/ атты жаңаша бажайлау бағытындағы еңбектердің мәні зор болды /6/.

**Басты ерекшелік** – қазақ әдебиетінің даму бағыт-бағдарлары жаңа көзқарас, талаптар тұрғысынан зерделенді. Әдебиеттің асыл мұраттары айқындалды. Тақырыптық арналары, көркемдік-жанрлық ерекшеліктері, зерттеп-зерделеудің ғылыми-әдіснамалық сипаттары сараланды. Әдебиет жанрлары мен жауапкершілік жүгі, дәстүр мен сабақтастық сипаттары, көркемдік құпиясының қыр-сыры, т.с.с. жаңа дерек, мол материал, байыпты талдау-саралауларымен ден қойғызды. Әдеби көрсеткіш пен жылнама-шежіре толығына түсті. Басты бағыттар айқындалды. Зерттеу жүйесі, көзқарастар да тиісінше тиянақталды. Ең негізгісі, қоғам мен кезең, өмір мен уақыт, адам мен еңбек, т.с.с. әдеби үдеріс, зерттеу-саралауларға негіз етілді. Жаңа уақыт, көзқарас басты мұратқа айналды.

Сондай-ақ, « Қазақ әдебиетінің тарихы » \ 3 том. - А, Ғылым, 2000 -568 бет\ атты ұжымдық еңбектің тақырыптық-құрылымдық жүйесінде, зерттелуі мен бағалануында жаңашылдық та, жетістік те бар.

Кітаптың бастапқы тұстарында \ алғы сөз\ - әдеби мұра мәселесі мен жазба әдебиеттің табиғатына, әдебиеттану ғылымының кезең-жүйесіне, ғылыми ізденістердің арғы-бергі тарихына, ескерткіштер мен жәдігерлер сипатына, танымал тұлғалардың өмірі мен кезеңіне, сөз өнеріндегі орын-үлестеріне,

т.т. кең орын беріледі.

Зерттеу еңбегінің басты бөлімдерінде \ «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің мәселелері», «Жыраулар мен ақындар», «Билер мен шешен-ділмарлар», «Жазба мұралар»\ ұлттық сөз өнерінің әуелгі бастау-арналары, жыраулық поэзия табиғаты мен тағылымы, жыр-жыршы сөздерінің сыр-сипаттары, өлең-жырдың мән-маңызы, толғау мен эпостық дастандардың жазылуы мен жариялану тарихы, ең негізгісі, әрине, танымал тұлғалардың өмірі мен шығармашылық мұралары, көзқарас-қолтаңбалары, өзіндік өзгешеліктері кеңінен көрініс береді.

Кітаптың басты байлығы мен құндылық қырлары – ақындық пен жыраулық поэзияға айрықша мән беріліп, оның арғы-бергі тарихы, табиғаты мен тағылымды тұстары, ізденіс мұраттары мен көркемдік сипаттары, жанрлық-стильдік ерекшеліктері, т.т. қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан да, әдеби-ғылыми жағынан да жүйелі, тиянақты қарастырылуынан көрінеді. Біздіңше, аталған еңбектерде қоғам мен адам, өмір мен уақыт, шығармашылық мұра-мирас мәселелері зерттеу мен зерделеу сипатында беріледі. Монографиялық бағыт, танып-талдау үрдістері де айқын аңғарылады.

**Ал, «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы»** атты оқу құралы /2 кітап/ көне кезеңдерден қазіргі дәуірге дейінгі аралықты кең көлемде қамтиды/7/. Айталық, алғашқы кітапта ерте дәуірлердегі тарих пен таным, халық әдебиетінің үлгілері, ежелгі әдеби-мәдени мұралар, ұлттық сөз өнерінің бел-белестері мен ақын-әнші, жырау-жыршы, би-шешендердің шығармашылық мұралары, қоғамдық құбылыстар мен кезеңдік көріністер, танымал тұлғалардың өмірі мен өнерпаздық қырлары жаңа уақыттың талап-тілектері тұрғысынан қарастырылады.

Келесі кітапта ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті, кеңестік кезең тұсындағы ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы, шетелдегі қазақ әдебиеті мен оның әлем халықтары тіліне аударылуы мен насихатталуы, әдеби байланыс пен сабақтастық

сырлары жан-жақты сөз етіледі. Біздіңше, «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты оқу құралы – құрылым жүйесі мен қарастырылуы тұрғысынан, тақырыпты зерттеп-зерделеуі жағынан өзіндік өзгешелігі бар әрі орта және жоғары мектептің талап-тілектерін толық қанағаттандыруымен де мәнді болып табылады. Оқу құралын дайындауға қатысқан ұстаз-ғалым, оқытушы-профессорлар құрамы да жоғары мектеп мұратын, ұлттық сөз өнерінің қадір-қасиетін, мәдени-рухани құндылықтарын жіті сезінгені танылып тұрады.

Орайлы тұста еске алған жөн, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары бойынша жарық көрген – **«Қазақ әдебиетінің тарихы»** /Он томдық/ атты еңбектер ұлттық сөз өнерінің қалыптасу, даму бел-белестерін, әдеби үдерістің бағыт-бағдарлары мен заңдылықтарын жаңаша қарастырып, зерделеулерімен маңызды /8/.

**«Қазақ әдебиетінің тарихы»** атты көптомдықтың алғашқы кітаптары фольклорлық мұра-мирастарға арналса, 4-5-6 кітаптарында әдеби үдерістің даму ерекшеліктерін, ішкі-сыртқы заңдылықтарын тарихи-теориялық мәселелерді көркемдік-жанрлық сипаттарды саралауларымен назар аудартады. Айталық, 6-томға – ХХ ғ.б. қазақ әдебиеті мен оның көрнекті өкілдері – Ә.Бөкейхан, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсын, С.Торайғыров, С.Дөнентаев т.б. өмірі мен кезкеңі, шығармашылық мұрасы, әдеби көрсеткіш орын алса, 7- том – кеңес дәуірін қамтиды /1917-1940/. Бұл кітапта, негізінен – 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті, осы кезеңдегі ақын-жазушылар /Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ж.Жабаев, Н.Байғанин, И.Байзақов т.б./, әдеби көрсеткіш пен шежіре берілген. Кезең-уақыттың шындықтары, тарихи әдеби және көркемдік құбылыстар, тақырыптық-жанрлық ерекшеліктер кеңінен көрініс тапқан.

**«Қазақ әдебиетінің тарихы»** атты көптомдықтың -9-10 кітаптары көлемі тұрғысынан ғана емес, көтерген һәм қамтыған мәселелерімен де айрықша мәнге ие болады. Мәселен, 9-том

– кеңес дәуірін /1956-1990/ қамтып, ондағы ерекшеліктер мен өзгешеліктер – кеңестік кезеңдегі мемлекеттік-саяси ахуалды, жеке басқа табыну тұсындағы орын алған қателік-кемшіліктерді, әдебиет пен өнердегі – «тартыссыздық», «уақыт дистанциясы» сынды сипаттарды, ақын-жазушылардың өмірмен байланысын, ұлттық ой-сананы ояту мен дамытуға қатысты келелі мәселелерді кеңінен қозғады. Әдебиеттің байырғы жанрлары /поэзия, проза, драматургия/ жаңа қырынан қарастырылып, оның басты өкілдері /И.Есенберлин, Х.Ерғалиев, Ж.Молдағалиев, С.Мәуленов, Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, Қ.Мұхамеджанов, С.Жүнісов, М.Мақатаев, Ш.Мұртаза, Қ.Ысқақов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, т.б./ мен Қытай, Монғолия қазақтарының әдебиеті, т.с.с. жан-жақты зерттеу жүйесін құрайды. Тақырыпты терең таразылау, көркемдік мұрат пен таным арналарына еркін ену, өмір-уақыт шындықтарын, адам әлемі мен іс-әрекеттерін жіті бақылау, бағалау айқын аңғарылады.

**Келесі, соңғы кітап /10/ ұлттық әдебиеттің тәуелсіздік кезеңін,** алғашқы онжылдықтағы әдеби үдерістің қыр-сырын ашуға, көркемдік жүйесі мен жанрлық заңдылықтарын айқындауға, жекелеген қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығын танып-талдауға, «ақтаңдақтар» ақиқаты мен сабақтастық мұраттарын зерделеуге, әдеби байланыс пен көркем сынның деңгей-дәрежесін байыпты саралауға арналған. Сондай-ақ, қазақ әдебиетінің тәуелсіздік тұсындағы даму бағыт-бағдары әр алуан жанрлар /поэзия, проза, драматургия, деректі әдебиет, сатира, фантастика, т.с.с./ негізінде қарастырылып, ондағы басты тақырыпқа, өмір шындығы мен уақыт сипаттарына, адам мұраты мен характеріне, іс-әрекет-қимылдарына көп көңіл бөлінеді. Үлкен және кіші жанрлар бойынша ізденіс арналарына, көркемдік-стильдік қырларына, тіл мүмкіндіктеріне кең орын беріледі. Қазақстан халықтары әдебиеті мен ұлттық сөз өнерінің халықаралық байланыстары, әдеби өмір шежіресі мен библиографиялық көрсеткіш сынды тұстарынан дәріргелі ізденіс іздері, дәстүрлі сипат алған мәдени-рухани қарым-

қатынастар, көркемдік-шығармашылық жетістіктер, әр алуан тәжірибелер мен талдау-салыстырулар, т.с.с. жіті көрініс береді.

Сонымен, жоғарыда қазақ әдебиеті тарихына қатысты тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген ұжымдық еңбектерге қысқа шолу, жалпы сипаттама берілді. Ондағы жаңа уақыт талаптары, жаңаша зерттеу жүйесі мен өзіндік өзгешеліктеріне назар аударылды. Басым бағыттары мен түйінді тұстарына, келелі мәселелеріне кең орын берілді.

Ақиқатқа табан тіресек, ұлт әлеуетінің артуы, ел экономикасының өркендеуі, мәдени-рухани кеңістіктің кемелденуі, білім-ғылым ісінің ілгері дамуы, тәлім-тәрбие жұмыстарының жаңа сатыға көтерілуі – қоғамда бәсекелестік пен қабілеттілікке кең жол ашты. Әлемдік технологиялар нарығына ену – күн тәртібіне қойылды. Бұл білім жүйесінен де байқалды: «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз».

Осы орайда, отандық білім беру жүйесіне ақпараттық технологиялардың еркін енуі – оқу мен оқыту ісінің сапасын арттыруда, электрондық байланысты меңгеруде, компьютерлік сауаттылыққа қол жеткізуде маңызы зор. Жаңа оқыту технологиялары \\\ электрондық оқулықтар, мультимедиалық оқу құралдары, электрондық жазбалар, т.т. \\\ білім жүйесін жетілдіру мен дамытудан өзге, оның сапасы мен тиімділігін арттырады. Қоғамның интеллектуалдық деңгейін, заман талабы мен уақыт шындықтарын жіті танып, таразылауға мол мүмкіндіктер береді. Қысқасы, ақпараттық технологиялардың нәтижесінде білім-ғылым ісін меңгерумен бірге ізденіс арналарына кең өріс ашылады. Жаңа дерек көздері мен мол материалдарды зерттеп-зерделеуге, бағалау мен қорытындылар жасауға да негіз бар.

Ендеше, қазақ әдебиетінің тарихы мен оны оқыту ісін ақпараттық

технологияларға негіздеп, басты тақырып пен адам әлемін, жанрлық жүйе мен сюжеттік желілерді, т.с.с. жазушы еңбегімен шығармашылық байланыста, мәдени-рухани үдерісте, ең негізгісі - көркемдік һәм көрнекілік қырларын кең көлемде ашуға әбден болады.

### **Бұл – бір.**

**Екіншіден,** қазақ әдебиетінің тарихына қатысты жаңа материал, соны дереккөздерін жіті саралап, кеше-бүгін байланысына мән беріп, алыс-жақын елдер тәжірибесін негізгі назарда ұстап, зерттеп-зерделеудің, оқып-үйретудің берері де, тағылымы да мол.

**Үшіншіден,** ұлттық сөз өнерінің көне кезеңнен қазіргі кезеңге дейінгі өсу-есеюін, даму бел-белестерін жүйелі қарастырып, ондағы ақын-әнші, өнерпаздардың, жырау-жыршы, би-шешендердің, жалпы, ақын-жазушылардың шығармашылық мұраларының тақырыптық-құрылымдық қырларын, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін, тілдік-стильдік сипаттарын, т.с.с. жекелеп те, топтап та қарастырудың танымдық-тәрбиелік мәні зор.

**Төртіншіден,** әдебиет тарихындағы бағыт арналарды, кезең-дәуірлерді, көзқарас-ұстанымдарды, т.т. белгілі бір жүйеге түсіру, оны оқу мен оқыту үдерісінде кеңінен қолдану кәделі де сауапты істердің қатарына жатады.

**Бесіншіден,** қазақ әдебиетінің тарихы мен оны оқытудың өзекті мәселелері – байыпты бағдарламаға, соның негізінде оқулық пен оқу құралдарын сапалы дайындауға, ондағы ғылыми-теориялық һәм әдіснамалық қырларына, тәлім-тәрбиелік сипаттарына басым бағыт, айрықша мән-маңыз беруде болып табылады.

**Алтыншыдан,** алыс-жақын елдер өткен тарихын қайта қарап, жинақтап-жүйелей бастады. Осы орайда, «Мәдени мұра» бағдарламасын қолдап-қуаттаумен бірге, жауапкершілікті де арттырған жөн. Бағдарлама аясында атқарылған іс-жұмыстар нәтижесі мен сапасы, көркемдік-рухани мәні тұрғысынан негізгі назарда болғаны нұр.

**Жетіншіден,** ұлт – бір, тарих – ортақ, әдеби-мәдени

мұраларымыз қымбат қазыналар қатарында болғандықтан, оны жас ұрпаққа сенімді де жүйелі жеткізіп, оқулық пен оқу құралында кең көлемде сөз етуге әбден болады.

Мұның бәрі, сөз жоқ, қоғамдық-әлеуметтік ахуалды жіті зерделеп, мәдени-рухани салалардағы көкейкесті мәселелерді байыпты саралап, білім-ғылым ісіне сергек те серпінді, ерек тереулі үлес қосу арқылы бәсекеге қабілетті маман дайындауда зор маңызы бар.

Ақиқатында, өткен тарихты жіті таразылап, ұлт мұраты мен руханиятын байыпты бағалап, білім-ғылым жүйесіне, тәлім-тәрбие ісіне, т.т. құрмет пен қолдауды еселеп арттыру – елдік мерейді асқақтатады. Өмірге құштарлық пен еңбекке сүйіспеншілік сезімі жоғарылай түседі. Бұдан ұлт пен ұрпақ ұтады.

Қазіргі кезеңнің басты шындықтарының бірі – осы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993. 248-бет; Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. 400-бет; Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. 480-бет; Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық:- Алматы: Санат, 1997.928-бет; Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. – А.,1967; Мағауин М. Қобыз сарыны. – А., 1968; Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. 352-бет; Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Астана: Елорда, 2001. 224-бет; Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000. 368-бет; Еңсегенұлы Т. Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары.-А.,2001; Оспанұлы Ә.Түркі халықтарының әдебиет тарихы қашаннан басталады? //Жұлдыз, 1996, 107, 173, 175-беттер.

2. Әзиев Ә. Қазақ повесі. – Алматы: Мектеп, 1989. 224-бет.

Байжанов С. Замандас туралы толғау. – Алматы: Жазушы, 1973. 224-бет.

Жанр және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1971. 272-бет

Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы,



1966. 230-бет.

Елеуменов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. 309-бет.

Қазақ совет энциклопедиясы: 12 том. – Алматы: ҚСЭ, 1972-78 ж.ж.

Қабдолов З. Арна. – Алматы: Жазушы, 1988. 240-бет.

Қаратаев М. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1974.

Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, -1972. 300-бет.

Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. 448-бет

Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы.– Алматы: Жазушы, 1970. 554-бет.

3. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. 7-бет.

4. «Мәдени мұра» бағдарламасы: 2004-2008 жылдар нәтижелері. -Астана, 2008. 40-бет: «Мәдени мұра» – ұлт болып ұйысуымыздың темірқазығы. -ЕҚ, 2008, 14 маусым.

5. «Мәдени мұра» : мақсаткерлік жұмыс мәйекті болмақ \\\ Ақиқат, 2008, №11. 19,21-беттер.

6. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1997. 512-бет; 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1998. 400-бет.

7. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы /1 кітап/. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. 467-бет; Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы /2-кітап/.-2002. 455-бет.

8. Қазақ әдебиетінің тарихы /он томдық/. – Алматы: Қазақпарат, 2004-2006 ж.ж.



*Алтын ҰСТАҒАЛИЕВА,*

**Тараз инновациялық-гуманитарлық  
университетінің аға оқытушысы.**

*Ұлбосын МЕЛДЕБЕКОВА,*

**Жамбыл облысының**

**Талас ауданындағы**

**Шоқан Уәлиханов атындағы  
орта мектептің мұғалімі.**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҮЙІРЛІ МҮШЕЛЕРДІ ТАЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Біз қарастырғалы отырған үйірлі мүшелі сөйлемдер құрылысы жағынан күні бүгінге дейін айтыс тудырып жүрген мәселелердің біріне жатады. Зерттеушілердің бірқатары осындай құрылымды жай сөйлем деп таныса, енді біреулері оны құрмаласқа жатқызады. Осындай әр түрлі көзқарастардың орын алуы, біздіңше, онда болатын синтаксистік қатынастың табиғатына жете зер салмаудан болады деп ойлаймыз. Өйткені, әрбір сөйлемде болатын синтаксистік қатынастар сол сөйлемнің грамматикалық табиғаты мен құрылымын айқындап тұрады. Олай болса, сөйлем ішіндегі жеке сөздердің өзара қарым-қатынасын, бір-бірімен байланыстылығын саралап отырудың зор маңызы бар. Мұның өзі сөйлемдегі синтаксистік бөлшектердің табиғатын, дәлірек айтқанда, олардың сөйлемдік қасиетке ие бола алу, не болмаса, сөйлем еместігін айқындай алады. Ал бұл жайт талдағалы отырған конструкцияның қандай құрылым екендігін дәлелдеп береді.

Үйірлі мүше құрылысында жұмсалған сөйлемдер, әсіресе, күрделенген сөйлем табиғатына тән болып келеді. Күрделенген сөйлем өз құрылысына қарай негізгі түп бөлшек пен

айқындауыштық бөліктен тұрады. Міне, осы айқындауыштық бөлік болып табылатын үйірлі мүше сөйлем ішінде қолданылуына қарай негізгі бөліктің мән-жайын түсіндіру бағытында жұмсалады. Сөйлем ішінде осындай өзаралық қатынас үйірлі мүше сипатынан шығып жатады.

Біздің үйірлі мүше деп отырғанымыз – тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерді әр қырынан анықтайтын сөздер. Анықтаудың бұл түрі өз сипатына орай сөйлем мазмұнын толықтыру, не болмаса, қимыл-әрекеттің орындалуының әр түрлі амалдық жағдайын білдіру ыңғайында келеді. Сонымен, үйірлі мүшелер грамматикалық табиғаты мен байланысуына қарай негізінен бас мүшелерге бағына жұмсалатын болады.

Үйірлі мүшенің дара мүшеден айырмасы өзінен-өзі түсінікті, өйткені дара мүше бір ғана сөзден тұратын болса, үйірлі мүше екі не одан көп сөзден тұрады. Ал күрделі және үйірлі мүшелердің ерекшеліктерін айқындау үшін анықтауышты мысалға алып қарастыруға болады.

Күрделі және үйірлі анықтауыштар дауыс ырғағы жағынан бір ритмикалық топ болып келеді. Бір сөйлемде тізбектеліп айтылған бірнеше анықтауыштардың жігі сол дауысталу тұтастығына қарай ажыратылады.

Сонымен, үйірлі және күрделі анықтауыштар өзара байланысқан бірнеше сөзден құралып, сол тұтас күйінде сөйлемдегі бір сөзді анықтап тұрады [1;160].

Бұл жағынан алғанда, үйірлі мүше күрделі мүшеге ұқсас. Бірақ сөйлемнің күрделі мүшесі мен үйірлі мүшесінің арасындағы ұқсастық сырттай ғана, яғни, ол ұқсастық күрделі мүшенің де, үйірлі мүшенің де құрамындағы сөздердің саны жағынан ғана байқалады. Ал олардың құрамындағы сөздердің өзара қатынасы, байланысы тұрғысынан келгенде, айырмашылығы айқын көрінеді.

Үйірлі мүшені құрайтын сөздер өз алдына предикаттық бірлік болатын бастауыш-баяндауышқа бөлінетін жай сөйлем

құрамдас болып келеді. Мұндай құрылымның баяндауышы есім сөз таптары, есімдік және есімше болады. Бұл өз алдына предикаттық бірлік болып саналатын құрылым (конструкция) негізгі сөйлемнің кез келген мүшесі болып синтаксистік қызмет атқарып тұра алады [2; 35].

Сонымен, түгелдей алғанда, сөйлемнің бір ғана мүшесі бола алатын, бірақ өз ішінде шартты түрде бастауыш, баяндауыш және басқа мүшелеріне талданатын сөздер тізбегін *үйірлі мүше* деп атаймыз.

Қазақ тіліндегі *үйірлі бастауыштың* қалыпты жай бастауыштардан басты айырмашылығы – өз ішінен мүшелік жіктерге сараланып бөлінетігінде. Олар бастауыштың қызметі мен мағынасына бастауыш қызметіндегі сөздің түсіріліп айтылуы арқылы ие болған. Мысалы: *Әлі жетпеген - әлқұдайшыл* (Ғ.Мұстафин). *Әлін білмеген - әлек. Аузы күйген үрлеп ішеді. Аяғы жаман төрді былғайды, аузы жаман елді былғайды* (Мақал-мәтелдер). Бұл мысалдардағы үйірлі бастауыш арқылы анықталатын *адам* сөзі түсіріліп айтылған. Сондықтан сөйлемдегі субъектілік мән оның үйірлі анықтауышына көшкен.

Үйірлі анықтауыштардың осындай орынбасарлық қасиетінің арқасында кей жағдайларда сөйлемнің бастауышы түсіріліп, оның қызметін атқарушы мүше үйірлі бастауыш болып келуі мүмкін. Мұндай мысалдар, әсіресе, мақал-мәтелдерде жиі кездеседі. Мысалы: *Өзі білетін өзгеден сұрамайды. Жүрісі жаман жығады. Басында миы жоқ тілінен таяқ жейді. Білегі жуан бірді жығады, білімі толық мыңды жығады.* (Мақал). *Алыпқа өмірі қала көрмеген, үсті-бастарын бит басқандар келді* (Ерубаев). *Мен көрген бұл кісі емес. Баласы мерген қайсысың? Баласы мерген – мен.* (Сүлейменов). *Жасы құрдас – құрдас емес, заманы бір – құрдас* (Мақал). *Аузы күйген үрлеп ішеді. Баласы жақсы оқитындар жиналысқа жиі келеді. Бүгін сенің туған күнің екені тарс есімнен шығып кетіпті.*

Осы тәріздес құрылымдарды баяндауыш орнына қойып

қолдануға да болады. Алайда ондай құрылым ықшамдалған күйде ғана баяндауыш бола алады. Ал, шындығында, ол тектес үйірлі мүше ықшамдалған есім баяндауыштың анықтауышы болып табылады: *Ол – білегі жуан (кісі)*, т.б.

Үйірлі мүше аталатын бұл тектес предикатты бірліктер анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш мүшелері қызметін еркін атқара алады.

Мұндай құрылымдардың бастауыштан кейін өнімді қолданылатын мүшесі – анықтауыш. Өйткені үйірлі мүшенің екінші сыңары көбінесе сын есім болып келеді. Ал үйірлі мүшенің бірінші сыңары зат есім, жіктік, өздік есімдіктері болады да, олар түбір күйінде не тәуелдік жалғауының көбінесе III жағында айтылады. Сондай-ақ үйірлі мүшені екінші сыңары және **бар, жоқ, көп, аз** деген сөздер болады: *Шоқайұлы өзі аянышты тіршілікте жүріп, елін, жұртын аяған, жүрегі жылы азамат деп ойлаймын* (Д.Досжанов). *Аласы аз қара көз нұр жайнайды* (Абай). *Расында, сен көрген күтімді кім көрді?* (Сүлейменов). *Есіркеп тұратын үйдің іші сіз көргендей емес.* (Мұқанов). *Таңертеңнен бері әлі күнге қараңғы болып тұрған бөлмесіне шам жағып, ауылда өзін сағына күтіп жүрген достарына бір-екі хат жазды. Баласы алғашқы сыныптан бастап оқитын мектепке әкесі бірінші рет келіп тұр. Бұл күнге дейінгі қазақ дәстүрінде жоқ бір мінездің тапа-тал түсте атой бергеніне Игілік қатты тіксініп қалды. Мен іздеп келе жатқан үй Есілдің шалғай шетіне жаңа қоныс тепкен Қарауыл совхозында екен. Жасы әлі жиырмадан аспаған жаулықты әйел бірде бала сияқты, бірде сұңғыла сияқты. Жетекші балдырғандарға жер дүние қайта түлеп жаңаратын, дала төсі думанға кенелетін көктем жайлы әңгімеледі. Бүлдірген иісі аңқыған көк майса шалғын тұнып тұр. Анасы бар адамдар қартаймайды.*

Үйірлі анықтауыш тобы көбіне сөйлем басында жұмсалғандықтан, олар, негізінен алғанда, бастауышқа қатысты айтылады. Бұл ретте негізгі сөйлем бастауышының мән-жайы әр

қырынан ашылып, жалпы сөйлем мазмұны күрделеніп отырады. Жалпы алғанда, үйірлі мүшелерді өзіне тартып, жетектеп тұрушы негізгі сөйлемнің бастапқы сөзі болады. Ондай сөздер сөйлемнің хабар иесін, бастауышын білдіріп тұрады.

Үйірлі анықтауыштар болатын синтаксистік топ өзінің мүмкіндігіне қарай сөйлем құрамына ұқсас болады:

Қыс айында кісі аяғы жете қоймайтын алыс ауылдарға да осы хабар дүңкілдеп естіліп жатты (Ә.Нұрпейісов). Атағыз әлемге жайылған Қоянды жәрмеңкесінің туы сол жылы тігілген (З.Ақышев).

Толықтауыш қызметіндегі бұндай құрылымдардың бастауышы тәуелденген зат есім, баяндауышы есімше болып келеді, мысалы: Әкесі өлгенді де естіртеді (Мүсірепов). Кірме жұрттан мұндай келбеті келіскенді көрген емен (Сүлейменов). Ол адамның мінезінің қандай екенін айтып беретін көрінеді. Бір жағдайдың болғанын үй иесі сонда ғана сезді.

Пысықтауыштардың бастауышы зат есім, баяндауышы көсемше болып келеді: Табиғат тау ғып өзін жаратқан соң, Жатады екен бір шеті жиналмастан (Асанов). Сіз бар деп жасық ойым батылданып, Көрсеңіз ақ жалын боп атылғанын (Асанов). Бұл кеште ел жатқанша Абай ағасының қасынан кеткен жоқ (Өуезов). Күн шыға келдік. Ауылдағы той таң біліне әрең тарқады. Ел жата жеттік. Шешесі жоқта бәрін өзі тындырды. Жолдасы телефон соққан кезде қуанды.

Сирек те болса үйірлі мүшелі баяндауыш та кездеседі. Мысалы: -ғандай, -гендей жұрнақтары жалғанған етістіктің бастауышы жіктеу есімдігі болып келіп, үйірлі мүшелі баяндауыш жасалатынын байқауға болады: Есіркеп тұратын үйдің іші сіз көргендей емес (Мұқанов).

Тілдік материалдар негізінде сөйлем мүшелерінің үйірлі болып келуі тіліміздегі сөйлем мүшелерінің барлығына тән қасиет екенін айқындауға болады. Тұрлаулы болсын, тұрлаусыз болсын – сөйлем мүшелерінің қай-қайсысы да дара және күрделі

болатындығы сияқты, үйірлі болып та келеді.

Үйірлі мүшелер прозалық шығармаларда да, поэзияда да, мақал-мәтелдерде де кездеседі. Сөйлем құрамындағы үйірлі мүшелерді, әсіресе, өлең жолдарындағы үйірлі мүшені тауып, қатесіз талдай білу көп жағдайда оңайға соқпайды. Мұның себебі өлең жолдарындағы сөйлем мүшелерінің қалыпты орнынан ауытқып, стильдік мақсатта инверсияланып қолданылуымен байланысты болса керек.

Бұған мысал ретінде Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын қарастырсақ, ұлы ақынның шығармаларынан үйірлі мүшені көптеп кездестіруге болады.

Ұлы ақынның едәуір шығармасы қазақ поэзиясында кең тараған 11 буынды, 4 тармақты шумақтармен жазылған. Абайдың бұл шумақтарында поэтикалық ойды білдіруге қатыспайтын, басы артық тармақтар жоқ, бұларда поэтикалық ой, интонация және синтаксистік құрылым тұтастығы түгел. Осы тармақтардың біреуі не екі тармағы үйірлі мүше болып келуі жиі кездеседі.

Күрделі, үйірлі немесе бірыңғай бастауыш пен анықтауыштардың бір тармақ құрауы – қазақ поэзиясының синтаксисінде Абайдан бұрын да, соң да қолданылған тәсіл.

Абай өлеңдерінде жиі кездесетін құрылым – екі жолдың бір жай сөйлем болып келуі. Мұндайда өлеңнің бір жолы екінші жолдағы сөйлемнің жайылма бір-ақ мүшесі болып құрастырылады, ол мүше бастауыш та болуы мүмкін. Буын саны үлкен бір жолға бір ғана бастауышты орналастыру үшін ол, көбінесе, үйірлі мүше түрінде беріледі.

Сөйлемдегі үйірлі бастауыштың қалыпты жай бастауыштардан басты айырмашылығы – өз ішінен мүшелік жіктерге сараланып бөлінетіндігінде.

*«Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз –*

*Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.*

\*\*\*

\*\*\*

\*\*\*

*Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім*

Жібермей, көп тоқтатар оның көзін»

деген сияқты күрделі конструкция болып келеді.

Абай өлеңдерінде тұрлаусыз мүшелерді бір жолға орналастыру да едәуір жиі қолданылған. Ілік жалғаулы анықтауыш пен меңгерілген толықтауыштар жеке бір жолға орналасқанда, оның келесі тармақпен синтаксистік жақындығы, тіпті, тығыз болады [3;317] (үйірлі мүше түрінде келген анықтауышты боялған курсивпен, ол анықтап тұрған мүшені жай курсивпен көрсеттік).

*Арын сатқан мал үшін антұрғанның*

Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.

\*\*\*                    \*\*\*                    \*\*\*

*Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын*

Қазақтың келістірер қай баласы?

Мұндай жағдайда бір жолға берілген үйірлі анықтауышты тұрлаусыз мүше келесі жолдағы өзіне қатысты мүшеге жақын тұру тенденциясын ұстайды, сондықтан тұрлаусыз мүшенің өзі (не негізгі сөзі) мүмкіндігінше тармақтың соңына орналасып, оны меңгеріп тұрған мүше келесі жолдың басында тұрады:

*Әншейін күн өткізбек әңгімені*

Тыңдар едің *бір сөзін мыңға балап.*

Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын жан-жақты зерттеген белгілі ғалым Р.Сыздықова: “Абайдың 11 буынды шумақты өлеңдерінде 1,2-жолдар өзара негізінен екі түрлі байланысып, жымдасып келеді: 1) екі жол мағынасы бір-біріне жуық параллель жеке екі сөйлем болып тұрады; 2) екеуі бір сөйлем болып құрылады, мұның өзі: а) бір жол тұтасымен не бірыңғай мүшелер болады, не жайылма бір ғана мүше болады; ә) сабақтас құрмалас сөйлем болып, тармақтың біреуіне бағыныңқы, екіншісіне басыңқы сөйлем орналасады; б) салалас құрмалас сөйлем болып құрылады,” – деп тұжырымдайды [3;315]. Бұл жердегі жайылма мүше алдында үйірлі анықтауышы бар тұрлаусыз мүшелер болып келген.

Абай өлеңдерінде алдыңғы екі тармақтың бір сөйлем болып



келуі сан жағынан едәуір мол, демек, белгілі бір жүйелі құрылым болып табылады.

Алдыңғы екі жолдың грамматикалық та, мағыналық та, ритмика-интонациялық жағынан да тығыз жымдасып құрылуы шумақтың синтаксистік тұтас единица болуына бірден-бір себепкер болады. Төрт тармақтың күрделі синтаксистік тұтастық болып шығуы үшін қалған екі тармақтың синтаксистік құрылымының мәні зор.

11 буынды шумақты қазақ өлеңінің синтаксисінде 3-4-жолдардың алдыңғы екеуімен салыстырғанда бір-бірімен әлдеқайда тығыз байланысып, көбіне-көп бір сөйлем болып келетіндігін бұрын-соңды қазақ өлеңінің құрылымын зерттеушілердің барлығы көрсетеді.

Абайда 11 буынды, 4 тармақты шумақтардың алдыңғы екі жолы бір сөйлем болып құрастырылғанда, бір жол тұтасымен үйірлі мүшелі бастауыш болып келеді [3;316].

*Еңбек жоқ, харакет жоқ қазақ кедей*

Тамақ аңдып қайтеді тентіремей.

*Жазғытұрым қылтиған бір жсауқазын*

Қайдан білсін өмірдің көбін-азын.

*Аласы аз қара көзі айнадайын*

Жүрекке ыстық тиіп салған сайын.

Бұлардағы 1-тармақ үйірлі анықтауышты бастауыш болып келген.

Үйірлі анықтауыш тобы көбіне сөйлем басында жұмсалатындықтан, олар, негізінен алғанда, бастауышқа қатысты айтылады. Бұл ретте негізгі сөйлем бастауышының мән-жайы әр қырынан ашылып, жалпы сөйлем мазмұны күрделеніп отырады. Жалпы алғанда, үйірлі мүшелерді өзіне тартып, жетектеп тұрушы негізгі сөйлемнің бастапқы сөзі болады. Ондай сөздер сөйлемдегі хабар иесін, бастауышын білдіріп тұрады.

Бұл тәсіл Абайдан өзге қаламгерлерде де, сирек болса да,

кездеседі, бірақ мұндайда 1-жол көбінесе күрделі (жайылма) қаратпа болып келеді.

Қазақ тілінде үйірлі пысықтауыш мүшелер де мол кездеседі. Үйірлі пысықтауыш құрамын өз алдына дербес қарастырғанда, сөйлемге тән предикаттық қатынастың ізін айыруға болады. Егер аса жайылыңқы құрамды үйірлі пысықтауыш болса, оның құрамынан бастауыш-баяндауыштық қатынас қана емес, тұрлаусыз мүшелерді де ажыратуға болады. Абайда бір жолдың түгелімен үйірлі пысықтауыш болып келетін сәттері де бар. Мысалы:

***«Жапырағы қуарған ескі үмітпен***

Қиял қып, өмір сүріп, бос жүріппін»

дегенінде 1-тармақ түгелімен келесі жолдағы сөйлемнің бір ғана мүшесі. Бұл тәсіл, әсіресе, аударма шығармаларында жиірек қолданылған.

Үйірлі пысықтауыштық құрылымның бастауышы зат есім, баяндауышы көсемше болып келуі жиі кездеседі [4; 166]:

***Біреудің көркі бар деп*** жақсы көрме,

Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме.

Абайдың 11 буынды өлеңдерінде де бір тармақтың тұтасымен үйірлі пысықтауыш мүше болып келуін төмендегі өлең жолдарынан байқауға болады:

***Жасырмай жас жүректің жанған жайын***

Айтуға тілің мұнша қайдан дайын?!

\*\*\*

\*\*\*

\*\*\*

***Дәл бейне ерте шыққан бүлдіргенше***

Суық соғып бүрісер, дәмі енгенше.

Бұлардың барлығында да екі тармақ тұтас бір сөйлем және бір тармақ бір ғана жайылма мүше болып келген. Тұтасымен бір тармақ болып келген сөйлем мүшесі үйірлі пысықтауыш болып, келесі тармақтағы қимыл-әрекеттің амалын, мақсатын, т.б. пысықтайды. 11 буынды өлеңдерде өзге қысқарақ буындыларға қарағанда бұл тәсіл (бір тармаққа бір ғана сөйлем мүшесін орналастыру)

Абайдың өзінде де аса өнімді емес, бірақ өзге қаламгерлермен салыстырғанда, Абай бұл ретте оқшау шығады. Абайға дейінгі 11 буынды қазақ өлеңінің синтаксисінде мұндай конструкция сирек кездеседі [3;312].

Алдыңғы екі жолдың грамматикалық та, мағыналық та, ритмика-интонациялық жағынан да тығыз жымдасып құрылуы шумақтың синтаксистік тұтас единица болуына бірден-бір себепкер болады.

Шумақтың алдыңғы екі жолы бір сөйлем болып құрастырылғанда, бір жол тұтасымен үйірлі мүшелі болып келеді. Төрт тармақтың күрделі синтаксистік тұтастық болып шығуы үшін қалған екі тармақтың синтаксистік құрылымының мәні зор.

Сөйлемдегі үйірлі мүшелер өз ішінде бастауыш-баяндауыштық ыңғайдағы сөздер тобынан құралып, сырт қарағанда сөйлем тәріздес көрінгенмен, предикаттық қатынастың талабына жауап бере алмайды. Осыған орай олар айтылатын ойдың негізін білдірмей, негізгі ойдың сипаттағыш мәнін айқындап тұрады. Сөйлем ішіндегі осындай қызметіне байланысты оларды үйірлі мүше шеңберінде танитын боламыз. Бұлардың өзі басқа сөйлемге қатысты жұмсалғандықтан, өз алдына жеке грамматикалық единица құрай алмайды. Өзі қатысты сөйлеммен бір грамматикалық единица ретінде жұмсалып, әр түрлі сөйлем мүшесі қызметін атқарып, әр алуан синтаксистік қатынасты білдіре алады [5; 225].

Тілдік материалды белгілі бір жүйе бойынша талдау теориялық материалды жан-жақты жете меңгеріп, әр сала бойынша тиянақты талдау дағдыларын қалыптастыруда зор ықпалын тигізетіні белгілі.

Қарастырылып отырған үйірлі мүшелерді сөйлем құрамында дұрыс анықтап, қатесіз талдай білу синтаксистік талдау жасауда қиын соғатын тақырыптардың бірі болып табылады. Оның бір себебі көп жағдайда үйірлі мүше құрамындағы шартты алынған бастауыштың түсіріліп, арнайы қолданылмауы болса, кейде үйірлі мүше құрылымының құрмалас сөйлемнің бір компонентіне

ұққас болып келуі болса керек. Өз ішінде предикаттық қатынасқа негізделген шоғырлы топты сөйлем құрамындағы бір ғана мүшеге қатысты үйірлі мүше деп танудағы басты критерий оның құрамындағы сөздердің сөйлемдегі басқа мүшелермен жеке-дара, тікелей синтаксистік байланысқа түспей, тек осы құрылымның шеңберінде ғана өзара байланысатыны болып табылады деп санаймыз.

Мысал ретінде тағы да Абай өлеңдерінде қолданылған үйірлі мүшелерді қарастырайық.

Абай өлеңдерінде бір жолы тұтас бір-ақ анықтауыш болып келген шумақтар да бар. Мұндайда ол есімше немесе сын есімнің қатысуымен жасалған үйірлі анықтауыш болып келеді:

***Жүрегімді кескілеп сатып жүрген***


*Арсыздарды досым деп неге аяймын?!*

Бірінші жолдағы *Жүрегімді кескілеп сатып жүрген* (қандай?) тұтас сол тобымен *арсыздарды* деген толықтауыш мүшенің үйірлі анықтауышы болып келген, оны өз ішінде бөліп-жарып сөйлемдегі басқа тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелермен байланыстыруға келмейді.

***Қадірін жақсы сөздің білер жанға***

Таппай айтпа оған да айтар кезді, –

деген өлең жолдарындағы *қадірін жақсы сөздің білер* (қандай?) деген үйірлі анықтауыш *жанға* жанама толықтауышын анықтайды, ал осы үйірлі мүшені өз ішінде сатылай талдайтын болсақ, инверсияланып тұрған мүшелерді қалыпты орнына қойып,



деген үлгіде

сөздердің үйірлі мүше шеңберінде бір-бірімен қалыпты сөйлем құрамындағы сияқты синтаксистік байланысқа түсіп, *жақсы сөз, сөздің қадірі, қадірін білер* деген сөз тіркестерін жасап, қабыса, матаса, меңгеріле байланысып тұрғанына, ал

үйірлі мүше шеңберінен тыс басқа мүшелермен (баяндауыш, пысықтауыштармен) байланысқа түсе алмайтынына көз жеткізуге болады.

Сонымен, сөйлемдегі үйірлі мүшелер өз ішінде бастауыш-баяндауыштық ыңғайдағы сөздер тобынан құралып, сырт қарағанда сөйлем тәріздес көрінгенмен, предикаттық қатынастың талабына жауап бере алмайды. Осыған орай олар айтылатын ойдың негізін білдірмей, негізгі ойдың сипаттағыш мәнін айқындап тұрады. Сөйлем ішіндегі осындай қызметіне байланысты оларды үйірлі мүше шеңберінде танитын боламыз. Бұлардың өзі басқа сөйлемге қатысты жұмсалғандықтан, өз алдына жеке грамматикалық единица құрай алмайды. Өзі қатысты сөйлеммен бір грамматикалық единица ретінде жұмсалып, әр түрлі сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалып, әралуан синтаксистік қатынасты білдіре алады.

Қазақ тілінің тілдік материалдары негізінде сөйлем мүшелерінің үйірлі болып келуі тіліміздегі сөйлем мүшелерінің барлығына тән қасиет екеніне және қазіргі әдеби тілімізде орныққан, жиі ұшырасатын құбылыс екеніне көз жеткізуге болады.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. 1992.
2. Қ.Есенов. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік қатынастар. 1985.
3. Р.Сыздық. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. 2004.
4. М.Балақаев, Т.Сайрамбаев. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. 2004.
5. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
6. Ш.Бектұров, М.Серғалиев. Қазақ тілі. Алматы, 1994.



**Рүстем Өнербаев,**  
**оқушы.**  
Талғар қаласы,  
Өтенай ауылы.

## **ҚҰРДАСТАРЫМА**

Тыңдандар Сендерге айтар ақылымды,  
Күйдірме отқа бекер жақыныңды.  
Күйдірсең құдай кешпес күнәнді бұл,  
Бәлеге ұрынарсың арты мұңды.

Алаңсыз асыр салдық қыр төсінде,  
Асықтан ұтқан талай жұлде есімде.  
Сондықтан балалық шақ Күндей ыстық,  
Тоймадық сырласуға түн кешінде.

Күн кештік ұзақ өмір сүретіндей,  
Суыққа ұрынбайық жел өтіндей.  
Балалық шағымыздың шын қадірін  
Білейік тіршілікте біз өкінбей.

Берілген әр күніміз – білдей сынақ,  
Өтейік сол сынақтан қалмай құлап.  
Жүрсек те ата-анадан алысырақ,  
Балалық қалмайды екен әлі бірақ.

Ұққанға жастай алған білім – шырақ,  
Жеңе біл қиындықты жаның шыдап.  
Ұмтылып жақсылыққа барлығымыз,  
Жақсыдан үлгі алайық ақыл сұрап.

Келгендей жүрегіме шабыт тағы,  
Қиялым көкке самғап шарықтады.  
Ақтасақ ел үмітін нағыз ердей,  
Өседі мерейіміз жанып бағы!

## НАҚЫЛ ТЕРМЕ

Талпынып білім алғын, көңілге түй,  
Ақылың асса, саған – құрмет пен сый!  
Салмақсыз сөз сөйлеме, сабырлы бол,  
Жағымсыз іске құмар мінезді тый.  
Самғаған қыран құстай алғыр жаста  
Бос жүрмей, тәлімі зор нақылды жый.  
Пендеге ақыл, білім артық етпес,  
Барынша жинап бәрін кеудеңе құй.  
Ізгілік дәнін сеуіп жер бетіне,  
Ешкімді алаламай адамды сүй!

Ақыл-ой, сезім-сана, өнер-талап,  
Нық ұста осыларды, тұрма қарап.  
Өзендей тұсыңнан тез ағып өткен  
Өкініп қалма бекер түйіп қабақ.  
Қарама салқын көзбен дүниеге,  
Жатсын тек айналаңа нұрың тарап.  
Өрқашан туған елдің кәдесіне  
Ақ ниет, пәк пейілмен тұрғын жарап.  
Түсірме көлеңкеңді тірі жанға,  
Бұлардың өзі – бізге үлкен сабақ!



**Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.**

Компьютерде теріп, беттеген –  
**Кәмшат ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер  
редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға **30.11.2010ж.** қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32  
Офсеттік басылым. Әріп түрі – **Times New Roman.**

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – **4010.**

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,  
Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау

бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта:** [KazUlagat@mail.ru](mailto:KazUlagat@mail.ru)

**Басылатын жері** – «Алматы – Болашақ» акционерлік  
қоғамы

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И  
МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С  
ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ  
«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ  
«ҰЛАҒАТ»**